

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Павлодарская область

Абдыхалық Алтынай.....	3
Абильманова Айжан	6
Алданыш Шолпан.....	9
Ахметов Әсет.....	11
Байділда Фариза.....	14
Бейсенбек Жалғас.....	16
Бектасова Данел	19
Бектасова Дильназ	20
Белгібаева Аружан.....	22
Даниярбек Альмира	24
Дюсенова Кульшара	25
Ермекова Дилнар	28
Жумабекова Томирис	31
Зейнулова Равиза	34
Избасарова Карина.....	37
Ишимова Ризагүл.....	38
Каримов Мамыржан	41
Касенова Диана	44
Куставлетова Азелла	47
Қадыр Гүлнұр.....	49
Ловчикова Венера	52
Мұғамар Айдана	54
Мухаметкалин Мейрам	56
Сағынтай Назгүл.....	58
Сахимзадинова Айсана	61
Сәрсенбекова Жанерке	65
Серік Камила	67
Султанова Аяжан	69
Темірбекқызы Динара	72
Тлектес Айым.....	75

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Төлеген Дильназ.....	77
Тусумбекова Индира.....	81
Умарова Карина.....	84
Уразгулова Аягөз.....	87
Фалеева Марина.....	89
Хусайын Айдана.....	90
Шнайдер Виктория.....	93

Абдыхалық Алтынай

7 сынып, Абай Құнанбаев атындағы орта мектеп

Шарбақты ауданы

Жетекшісі: Діқанбаев Н.Ж.

Толарсақтан саз кешкен жылдар

Не адамзат соғысты құртады,
не соғыс адамзатты құртады.

Джон Кеннеди

Соғыс. Сонау бір қанды құйлы заман. Толарсақтан саз кешкен, етігімен қан кешкен кезеңде кеңестік дәуірде өмір сүрген еліміздің әрбір азаматы бастарын өлімге тікті. Әлемнің тең жарты бөлігін алып жатқан қызыл империяны қорғады. Өзге ұлттар секілді қолындағысын майданға жөнелтті, «жаным арымның садағасы» ұғымын берік ұстанды.

Республикада танк және ұшақ жасауға ақша жинау қозғалысы жүрді. 1941 жылдың күзінде Бүкілодақтық лениндік коммунистік жастар одағы (ВЛКСМ) атындағы танк дивизиясын құруға қаржы жинала бастады да, бір жылға жетер-жетпес уақыттың ішінде армия қазақстандық комсомолдардан 45 жаңа танк алды. Кейінірек халық қаражатына тағы 10 танк колоннасы, бірнеше авиациялық эскадрилия, торпедо катерлер мен атаулы ұшақтар жасалды. Соның нақты дәлелі - қазақ халқының біртуар ұлы, ұлт атын әлемге көтерген Қажымұқан Мұңайтпасовтың қартайған шағында ел арасында өнер көрсетіп, тапқан қаражатына ұшақ жасап майданға жіберуі. Жалпы соғыс жылдары Қазақстан халқы жауынгерлік техникалар жасауға 480,3 миллион рубль жинап берді. Соғыс жылдарында Қазақстанның ауыл шаруашылығы да өз үлесін қосты. Атап айтқанда, еліміз 30,8 миллион пұт астық, 14,4 миллион пұт картоп және көкөніс, 15,8 миллион пұт ет, 3 194 мың центнер сүт, 17,6 мың центнер жүн берді. Республиканың барлық экономикасы әскери бағытқа бұрылды, бейбіт мақсаттағы шығыстар барынша қысқартылды, көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті. Ер азаматтардың бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті. Батыстағы бұрынғы зауыт-фабрикалар мүмкіндігінше елімізге көшірілді.

КСРО-ның батыс өңірлерінен көшірілген халықпен қоса, 1941 жылдың күзінде Қазақстанға Повольжеден жүздеген мың немістер мен поляктар жер аударылды. 1942-1944 жылдары 507 мың балқар,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

қарашай, ингуш, шешен халқы, 110 мың түрік-месхетиндер, 180 мың қырым татарлары күшпен жерімізге қоныстандырылды. Оған қоса, күн сайын Қазақстанға жаралы жауынгерлер мен офицерлер тиелген пойыздар ағылып жатты. Әскери госпитальдердің көбісі Алматыда құрылды. Сөйтіп, қазақ жері интернационалдық мемлекетке айналды. Жетімі мен жесірін жылатпаған, жолда қалдырмаған қазақ халқы өзге ұлттардың да жетім-жесірлеріне қорғаныс, жаралылардың баспанасы іспеттес болып кетті. Келген босқындардың барлығына төрінен орын берді, бір тілім нанын бөліп жеді. Келген босқындардың тіліне, дініне, салт-дәстүріне қараған жоқ, барлығын туған бауырындай бауырына басты. Жетім қалған балаларға өз үрім-бұтағындай қарады.

Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды.

Төрт жылдық қанды қырғын, Ұлы Отан соғысы, Кеңес Одағы үшін бұрын-соңды бастан кешкен барлық соғыстардың ішіндегі ең ауыры болды. Соғыс елді біртұтас жауынгерлік лагерьге айналдыруды, бүкіл экономика мен кеңес халқының күш-жігерін майдан мүддесіне, жауды жеңу мақсатына жұмылдыруды талап етті. Қазақстан еңбекшілері бұл міндетті толығымен қолдады. Сөйтіп, халық азаттық соғысына бір кісідей көтерілді. Ұлы Отан соғысы басталған алғашқы күндері өткен жиындарда, олар Отан алдындағы парызын орындауға әзір екендіктерін білдірді. Қызыл Армияның қатарына өз еріктерімен баратындықтары туралы қалалық және аудандық әскери комиссариаттарға мыңдаған арыздар түсіп жатты. Жас жігіттер мен қыздар, аға буын өкілдері қолдарына қару алып, майданға аттануға тілек білдірді.

Соғыстың алғашқы күндерінде-ақ Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қырғыстаннан шақырылған жігіттерден 316-атқыштар дивизиясы жасақтал-ды. Оның командирі болып азамат соғысына қатысушы генерал И.В.Панфилов болып тағайындалды.

Ұлы Отан соғысының даңқты тарихының беттеріне жазылған қазақстандықтардың ерлігі аз болған жоқ. Еліміздің басқа да халықтарының ұл-қыздарымен қатар біздің республиканың жастары да жаумен Балтық теңізінен Қара теңізге дейінгі майдан шептерінде ерлікпен шайқасты. Қазақстандықтар соғыстың алғашқы күндерінен бастап басқыншылармен кескілескен ұрыс жүргізді. Даңқты Брест қамалын қорғаушылардың қатарында мыңдаған қазақстандықтар болды. Олардың арасында Ғ.Жұматов, Ш.Шолтаров, В.Лобанов, К.Әбдірахманов, К.Иманқұлов, Е.Качанов, В.Фурсов т.б. жаумен жан аямай шайқасып, ерліктің үлгісін көрсетті. Әсіресе, 1941 жылғы қараша, желтоқсан айларында Мәскеу түбіндегі шайқаста қазақстандықтардың жауынгерлік

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

даңқы шықты. Республикада жасақталған Республикада жасақталған 316-атқыштар дивизиясына астанаға апаратын өзекті жолдарының бірі – Волоколамск тас жолын қорғау тапсырылды. Мұнда майор Бауыржан Момышұлы басқарған 1073-ші атқыштар полкі жау шабуылына дивизияның басқа бөлімдерімен бірге ерлікпен тойтарыс берді.

Соғыс аяқталғанымен оның зардаптары қалды. Кеңес азаматтары соғыстан кейін де солармен күресті, мешеулеп қалған еліміздің экономикасын көтеруге бар күшін салды. Соғыс ардагерлері мен тыл қызметкерлерінің саны бұл күнде азайып кетті. Өмір бір орында тұрмайды, жаңаның көнеретін, жастың қартайтын кезеңі де келері хақ. Бүгін Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері өтуде. Бұл соғысты ешкімнің де ұмытпауы және ешнәрсенің де ұмытылмауы керек екендігін әрдайым есте сақтаудың бір тәсілі деп ойлаймын.

Осындай Отаны үшін отқа ұмтылған қазақ азаматтарының бірі – Павлодар облысының Арбиген ауылының тумасы - Шарбақты ауданының мақтанышына айналған батыр атамыз - Қазанбаев Қарсақбай Қазанбайұлы. Ұлы Отан соғысы басталғанда бар болғаны 17 жасар бозбала болған. 1942 жылы қыркүйек айында әскер қатарына алынады. 1944 жылдың қараша айына дейін Сталинград аймағында атқыштар батальонының 332 атқыштар бөлімінде атушы болып соғысқан, қанды қоршаудың да ащы дәмін татады. Кейіннен Ленинград қаласын азат етуге қатысады. 1945-1947 жылдар арасында соғыс батальонында әскери борышын өтейді. Халқымызда «қырық жыл қырғын болса да, ажалы жетпеген өлмейді» сөзінің растығының нақты дәлелі ретінде бес жылдан соң, қаншама рет қызу майданға түссе де, бір рет те ауыр жарақат алмай, 1947 жылдың ақпанының соңында елге оралады. Отбасын құрып, жеті бала тәрбиелеп өсіреді. Бір жаманның бір жақсысы болар дегендей, соғыстың тірлік иелеріне қаншама зияны болғанымен, ел бірлігінің нығаюына, тұтасуына, отансүйгіштік ұғымының артуына септігі көп болды. Біз соғыстың куәсі болған жоқпыз, тек кинолардан көрдік, кітаптардан оқыдық. Дегенмен, кеудесінде санасы бар әрбір азамат оның қандай қайғыға әкелетінін сезуі керек деп ойлаймын. Егер солардың ерлігі болмағанда, біз бұл күнде өмірде болар ма едік, болсақ та қандай жағдайда?..

Абильманова Айжан

9 сынып Павлодар облысы

Железин №3 жалпы орта білім беру мектебі

Жетекші: Даулетова Күмісай Тендіковна

Атамның әңгімесі

Осыдан 75 жыл бұрын таң қылаң бере фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады. Әр адам соғыс деген не екенін өз әжесінен, атасынан, ата-анасынан, туған-туысқанынан, жақындарынан біледі. Соғыс... Қанша зорлық, қайғы, мұң, ащы сезімді және жалғыздықты бұл кішкентай, бірақ өте елеулі сөз білдіреді. Ұлы Отан Соғысы кезіндегі адамдар көз алдында мыңдаған адамдар жойылып, көптеген отбасылар үрім бұтағымен қырылғанды өз көзімен көріп, басынан кешкен болатын. Әр шаңырақ өз ағайындарын, әкелерін, балаларын жоғалтқан. Ұлы Отан Соғысы 1941 жылдан бастап 1945 жылға дейін созылды. Ресми статистика бойынша 26,6 миллион адам көз жұмған, олардың ішінде 8,7 миллионы майданда болған әскери қызметшілер. Бұл соғыста өте көп адам батыр болып өмірін қиды, соғыста айырылған адамдардың саны тіпті қазіргі уақытта болса тым үлкен және бұл жайында адамдарға әңгімелесу қиынға түседі. Неге десеңіз, себебі осы қырқысты бастаған адамзаттың өзі.

Сол қатал соғыста менің арғы атам болған еді. Есімі-Тұқманов Жанғазы. Ол 1896 жылы Алакөл (Екішоқ) ауылында дүниеге келді. Атам, сол уақытқа сәйкес сауаттылыққа үйде үйренген. Қазақ, араб және орыс тілінде еркін сөйледі. Молланың баласы болған, әкесі өте діншіл, қажылыққа барып келген адам еді. 1930 жылдары ашаршылық пен репрессия кезінде Ресей еліне Новосибирск облысына көшіп кетті. Сол жерде ол әскери зауытта жұмыс атқарып, әскери оқ істеген. 1941 жылы соғыста әскерге шақырылды. Жерімізді фашистік басқыншылардан құтқарып, Польшаға дейін жетті. Соғыс ол үшін Варшавада біткен болатын, жамбасына оқ тиіп, қатты жарақат алып, Грозныйдағы госпитальге жіберілді, сонда емделіп 1943 жылы үйіне қайтып келді. 1960 жылға дейін Барабинск жерінде тұрған, өте еңбекқор кісі болған, картоп салып өсірген. Атам өте сыпайы, өте шыдамды, төзімді, шыншыл жан еді. Босқа дауласуды жек көрген, ешқашан өтірік айтып көрмеген. Ал 1960 жалдары өзінің қасиетті Отанына Қазақстанға оралды. Соғыс біткенмен, ол сол ынтамен жұмыс істей берді. Солай өзінің кәрілігін туған жерінде, Отанында кешті. Қартайған шағында бес мезгіл парыз намазын оқыды.

Әрине, соғыс барысында бар болған нәрсені біле алмаймыз, тек көз алдымызға елестете аламыз. Шайқас алаңына келгенде ұйқымен бос керексіз әрекеттерге уақыт мүлдем болған жоқ, өйткені кез келген түпкірде сені жау

тосып тұр,көз ілмей,қорғану керек.Сол екі жыл ішінде әлемде бар нәрсенің түгелін сезген,сол сезімдер: қорқыныш та,ауру да,мұң да,туған жерге деген сағыныш та,ал ең бастысы —бұл өз жақындарын ешқашан көре алмайтын үлкен қауіп,ешқашан оларды құшақтап,бетінен сүйетін кез болмайтынын түсіну. Бұл туралы соғыста жер үшін, Отан үшін,бостандық үшін шайқасқан әр адам ойлайтын.Әсіресе Варшавада жарақат алған күн жадында ерекше сақталған болатын шығар. Қанға боялған жаудың жерінде жатып,бірде көз алдында барлығын тұман басып кетіп,есіне аяулы анасының құшағындағы күндер,оның жылы көздері,мейірімге толы көздері, әкесінің мықты қолын,анық қара көздерін және өмірге ынталы сөздерін ойға түсірді.

Келесіде дөңгелек үстел басындағы шай ішіп,дастарқан басында оның туыстары,әпкесі,ағалары,ата-анасы жиналып оның он үшінші туған күнін тойлап жатқандарын есіне түсірді. Одан кейін көз алдында достары,олар күліп,ойнап, еркелеп, төбелескендерін еске алды. Міне,енді ол есейіп,өз жарын кездестіріп,үйлендіжәне ең басты мезгілқашан ол баласының ең алғаш дауысын естіп,оның кіп-кішкентай қолдарын,көздерін көріп,оның сәбилік иісін сезген кез.Ойына бар кешкен нәрсені,балаларын әйелімен бірге тәрбиелеп,бағып-қағып,ойнағанын олардың есейген кездеріне дейін және ең соңғы мезет,майданға аттанып,жақындарының жасқа толы көздері, қоштасқаны.Ойланса,қаншалықты көп нәрсе болған екен,мұның барлығы бір минут ішінде қысқа кинопенка болып лезде зу етті.Мінекей,енді суытып бара жатыр, бетте көздің жасы,тек бір ғана ой : «Бәлкім бұл өмірімнің соңы шығар,бәлкім жоқ шығар,мен әлі өмір сүремін,отбасымды көремін». Бір айғай естілді,біреу оның атын дауыстады, жолдастарының біреуі көріп қалған шығар, ол жүгіріп келіп жараланған жауынгерді әрі қарай жылжытты,болды осымен көздері жабылды ,түк нәрсе еске сақталған жоқ.

Оянғаннан соң бөлменің төбесін көреді,жүздеген жарақаттанған адамдар жатыр жанында, айналада дұрыс ұйықтай алмаған ақ киімді дәрігерлер, кішкене отырып тынығуға да уақыт жоқ,егер ұйықтап қалса бір адам жәрдемді уақытымен алмағанынан қолынын, аяғынан,тіпті өмірінен айырылуы мүмкін. Тұрайын деген,бірақ тұруға мұршасы келмеді,тым әлсіз хәл,күш те мүлдем жоқ. Бірнеше сағат өте келе бір жас әйел дәрігер жақындап, жағдайын біліп ,жарақатын қарауға келді. Шүкір,барлығы жақсы деуге болады,біраз уақыт өткен соң жарақат тартылады. Дәл осылай шулы күндер госпитальде өтті,денсаулығы түзеліп,өзін жақсы сезіне бастады.Екі жұмадай өтті ,енді жібереді шығар, соған қоса бос орындар керек,ауру адамдар өте көп,ал орын болса жетіспейді. Тағы бір жұма өтті,жүру қиынға соғады,бірақ кішкене-кішкенедеп жүре алады. Бір ай өтті, үйге қайтуға рұқсат берді. Үйге барар жолда сезім толықсып кетті : «шынымен үйге барамын,менің туған үйім,сүйікті туыстарымды көре аламын». Үйге оралды,біраз уақыт демалып,қайта жұмысқа оралды. Соғысты ойға алу жеңіл емес,сол кез туралы,сол қанды шайқастағы кез туралы.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Уақыт өте келе ол нағыз туған, сүйікті мекеніне-Қазақстанға оралады.Отан-анада жаны тыныштығын тауып,құлақтағы сол майдандағы шу келмейді, бір сөзбен Отан деген ол Отан,туған жердің топырағы барлығын емдей алады,тіпті ең қорқыныштысын да. Менің атам өзінің отанына оралғанына өте риза болды, отбасымен бірге тұрып,немересінің,яғни менің анамның бала күлкісін ести алатына қатты қуанған болатын.Осыдан басқа еш нәрсе бақытты болу үшін керек емес шығар. Ұлы Отан Соғыс кездерін еске алып,ондағы болған адамның барлығын да мұң басады деп ойлаймын,себебі ол өте қорқынышты ,аяусыз жер. Шайқаста тек дененің күштілігі ғана емес,оған қоса сананың да күшті болуы тиіс. Мұндай соғыс ең алдымен жанға жарақат сақтайды,олар ешқашан жазылмайды.

Сондықтан мен нақты атаммен мақтан тұтамын деп айта аламын,менің атам Ұлы Отан Соғысында болды,ол өз елін жаулардан,фашист басқыншыларынан қорғады.Бүгін Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері өтуде. Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек. Біз жас ұрпақ соғыс ардагерлерінің алдында бас июіміз керек,осындай қорғаушылар болмаса,біз де болмас едік! Еліміздің жеңісі,бостандығы үшін соғысқандардың ішінде менің де атам бар, сол үшін мен өлшеусіз асқақпын!

Алданыш Шолпан

8 сынып, Ә.Марғұлан ат. орта мектеп, Баянауыл ауданы
Жетекшісі: Ахметова А.К.

Жер бетінде бұзылмасын тыныштық!

Отаным, еркелегем өзге кімге,
Өзіңмен нені болсын көргем бірге...
Қалайша қабырғама батпас менің
Басыңа қатер бұлты төнген күнде?
Ғ.Орманов.

«Отан отбасынан басталады» деген сөзде терең мағына жатыр. Себебі Отан мен ана деген егіз ұғым - адам өміріндегі ең басты қасиетті сөздер. Өз Отанына қызмет еткен, топырағынан қуат алып, асқақ армандарына құлаш созған ата-бабаларымыз дархан даланы келешек ұрпаққа мұра қылып қалдырған. Алып қазақ сахарасын көздің қарашығындай қорғап, оны шексіз сүю- әр қазақтың міндеті және азаматтық борышы. Өйткені Отан деген тек өскен жерің ғана емес, ол-күнделікті отбасы, ошақ қасың, ауасын жұтып, суын ішіп, байлығын игілігіне жаратып, отырған кең-байтақ жерің, құрбы-құрдастарың, ата-анаң, өмір сүріп жатқан туған елің. Қойнауы қазынаға, өрісі малға толы ырысты атамекенді қорғау, амандығын тілеу, ел болашағына жауаппен қарау, әрбір елім деген азаматтың перзенттік борышы.

Әр адам баласына туған күнінен жақын ең қымбат жан ана болса, есейген сайын «Отан, туған жер» деген ұғымдардың мәніне терең бойлап, үңіле бастайсың. Оны түсінген сайын, Отанның маңыздылығын сезінеді екенсің. Отанға деген ыстық сезімді өмір бойы адамдар жүрегінің бір түкпірінде сақтап жүреді. «Елдің көркі ерімен, Отан көркі жерімен» дегендей, ел басына қатер төнген жылдары кеудедегі шыбын жаны шыққанша жаумен жаға жыртысқан батыр аталарымыз аз емес. Олар -ең алдымен, ұлты үшін, халық үшін жанын құрбан еткен жандар.

Кешегі қатерлі 1941-1945 жылдары біздің қандас отандастарымыз өз Отанын қорғауда көрсеткен асқан ерліктері кейінгі ұрпақ -жастарға үлкен өнеге болғаны айдан анық. Сол бір отты жылдарда қан майдан алаңында ата-әжелеріміз опат болды. Қажымас қайсар рухтың арқасында төгілген қан, қиыншылықпен өткен тозақпен тең төрт жыл бекер болмады. Өзіміз сол бір қиыншылықтарды көрмесек те, бізге сыйлаған зор бақытты бағалай блуіміз керек.

«Соғыс» деген сөз –салмағы ауыр, қасіретке толы сөздердің бірі. 1941 жылдың 22 маусымы –Ұлы Отан соғысының басталған уақыты -біздің тарихымыздағы ең қайғылы күн. Бұл күн- қаншама ұйып отырған отбасыларға қасірет жұтқызған күн. Елімізге орасан зор ауыртпалықтар әкелген Ұлы Отан соғысының от шарпуы тимеген шаңырақ жоқ шығар.

Ұлы Отан соғысының төрт жылы- 1418 күні мен түні - халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Бір күшке жиналған сан алуан ұлт өкілдері қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылып, өз жері мен Отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жанын қиды...

Отан үшін отқа түсіп, жанын қиған барша батырларымыздың өмірі –бүгінгі ұрпаққа өнеге болуға тиіс. Қанша жыл, қаншама уақыт өтсе де, ата-бабаларымыздың ештеңемен өлшенбес асқан ерлігін ұмытуға құқығымыз жоқ. Мен үшін соғыстағы боздақтарымыздың ерлігі- кітаптан оқыған ертегі емес, себебі менің атам – Жанаров Алданыш, Ұлы Отан соғысына қатысып, соғыстың аяқталуына бір жыл қалғанда бір аяғынан айырылып оралған ардагер. Кішкентай кезімізде ағам екеуіміз атамды көрген сайын балалық аңғалдықпен: «Аяғыңа не болды? Қалай айырылып қалдың?» деген орынсыз сұрақтарды қоя береді екенбіз. Сонда атам соғыс жайлы әңгіме қозғағысы келмей, «Мен жаман бала болған үшін, аяғымды алып қойды» -деп жауап береді екен. Әрине бұл -атамның біз,- кейінгі ұрпағы соғысты көрмек түгіл ондай сөзді естімей, ақылды бала болып өссін деген ниеті ғой . Мен оны кейін ғана ұға бастадым. Қазір атам өмірден озған. Мен үшін Отан үшін қаза болған батырлардың ерлігі жай аңыз-ертегі емес, көзбен көрген атамның өлшеусіз ерлігімен сабақтас. Ақын Әбу Сәрсенбаевтың «Сен құрметте оны, түсіндің бе, қарағым, Ол ақшаға сатқан жоқ, Тізеден кесіп аяғын...» деген өлең жолдарын оқыған сайын көзге жас, көкірекке қайғы оралады. Кейбір бала бұл өлеңді түсінбей, жеңіл қабылдайды. Ал мен үшін бұл жанымды жаралайтын жолдар. Менің атама арналғандай. Атам сияқты қаншама ер-азаматтар аяқ-қолдарынан айырылып келді.Шынында да елге қатер төнген сұрапыл соғыста ата-бабаларымыз өр кеуделерімен жауға қарсы шапты.

Тарих қойнауына енген әрбір жыл бізді Ұлы Отан соғысының бірінші күніндегі оқиғалардан алыстатуда. Соғыста Жеңіске жеткен көптеген жауынгерлер өмірден озып, жыл сайын майданға қатысқан сарбаздардың саны қысқарып, қара тізім ұзарып барады. Сол сұрапыл соғыс заманын көзімен көрген куәгерлермен бірге тарихтың маңызды егжей-тегжейлі естеліктері де жоғалып бара жатқан сияқты.

Менің жұдырықтай жүрегімнен шыққан бар тілегім- Жер бетінде тыныштықтың бұзылмағаны, Отанға, елімізге қатер төнді дегенді естімеу. Біздің аталарымыз көрген зұлмат соғыс ешқашан болмасын. Бүгінгі мамыражай күндегі тіршілігіміз үшін баршамыз аға буын алдында қарыздармыз. Сол үшін де бейбіт өмір мен тыныш тіршілікті бағалай білуіміз қажет.Біз бабаларымыздың ерлігін ұмытпай, аманатқа қиянат жасамай, еліміз тыныштық пен бейбітшілікте өмір сүру үшін аянбай тер төгуіміз керек. Отанға деген сүйіспеншілік – оған жанашырлықпен қарау, көркейтуге үлес қосу, халықтың тілі, діні, салт- дәстүрі, қалыптасқан мәдениеті, мемлекеттік рәміздері, шекара аумағы, атамекен секілді қастерлі ұғымдарын құрметтеу.

Ахметов Әсет
8 сынып оқушысы

Соғыс... Адамның жүрегін сілкіндіретін сөз:

Жау кеп қалды қаңға ділгір
Жапан түзде жортқан аңдай!
Кернеп кетті салдыр – күлдір
Кәрі дүние қақты таңдай.
Д.Әбілев

Адамзат тарихында болған барлық шайқастардан асып түсетін шайқастың аяқталғанына биыл жетпіс бір жыл болып қалды. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап – ақ, Кеңес жауынгерлерінің қатарын біздің ұлан – байтақ елімізде тұратын ұлттар құрап, Отанымызды қорғауға бар күштерін салды. Сондықтан бұл соғыс – Ұлы Отан соғысы деп аталды.

Отанын қорғаймын деп шайқастардан оралмаған, сондай-ақ өз аналарын, балаларын, қарттарын көре алмай соғыс алаңында қалғандардың саны шексіз:

Текке өлмедік, жерге тек көмілмедік,
Қып-қызыл қан бекерге төгілмеді,
Біз де өлтірдік қырқысқан жауымызды,
Жеңілмедік. Бір адым шегінбедік...

Мәңгілік алау... Біздің байтақ еліміздің әр қаласы мен ауылында, ерлікпен қаза тапқандарға мәңгілік алау жағылды. Жарты ғасырдан асуымен Павлодарда мемориалдық паркте мәңгілік алау жанып тұр. Мұнда келген адамдар өз жерлестерін, туыстарын еске алып гүл шоқтарын әкеледі, мейрамдар мен салтанаттар кезінде жастар келіп Құрмет қарауылында тұрады:

Өмірде жолдар санаулы-ақ,
Қай жаққа, қашан бармаймын.
Тұрады жанып, алаулап
Мәңгілік алау әрдайым!
М.Неталиев

Ұлы Отан соғысында ерекше ерлік көрсетіп, Кеңес Одағының батыры атағына ие болған жерлестеріміздің бірі – Қанаш Қамзин. Қанаш Қамзин бір

мың тоғыз жүз он тоғызыншы жылы Павлодар облысы Ақсу ауданы Жолқұдық ауылында дүниеге келген. Ата-анасынан ерте айрылған Қанаш бір мың тоғыз жүз отыз бірінші жылы балалар үйіне жіберілді. Бір мың тоғыз жүз отыз төртінші жылы оған озат оқуы үшін алдымен жұмысшылар факультетіне, одан кейін педагогикалық институтқа жолдама берілді. Бір мың тоғыз жүз қырық бірінші жылы Қызыл әскер қатарына шақырылды.

52-ші атқыштар дивизиясының құрамындағы 429-шы атқыштар полкінің 3-ші рота командирі Қанаш Қамзин майдан жолдарымен аз жүрген жоқ. Бір мың қырық төртінші жылдың 12 сәуірден 13 сәуірге шыққан түнінде лейтенант Қамзин бірінші эшелонмен жаудың артиллериялық және миномет пен пулеметтерден оқ жауып тұрғанда, тасыған өзеннің арғы жағасына өтті. Днестрдің оң жақ жағасына шыға ротасын шабуылға көтерді. Гитлершілер бұл жерде мықты қорғаныс

құрыпты: екі қатар ор қазылған, дот, дзот тағы басқа қорғаныстар бар. Бірақ оған қарамастан Қамзин өзінің ротасымен екі қатар ордан өтіп, Тура-Быкулуш селосының оңтүстік шетіне жетті. Осы жерде шабуыл кідіріп, жау 650 м биіктіктен кеңес жауынгерлеріне пулемет пен минометтердің оғын жаудырды.

Лейтенант Қамзин дереу жауынгерлердің алдынан көтеріліп алға қарай ұмтылды. Ротасы соңынан ерді. Биіктік азат етілді, сол жерде 20 фашистік солдат пен офицердің көзі жойылды. Жау Қамзинның ротасына жаңа күш жіберді, бірақ гитлершілер біздің жауынгерлердің қайратын сындыра алмады. Осы шайқаста жаудың көп техникасы мен әскери күштері жойылды. Өкінішке орай, осы ұрыста қазақтың қайратты ұлы – лейтенант Қанаш Қамзин қаза болды.

Бір мың тоғыз жүз қырық төртінші жылы қыркүйек айының 13 күні Жоғары Кеңес Одағының жарлығымен, Днестр өзенін кешіп өткенде көрсеткен ерлігі мен батылдығы үшін Қанаш Қамзинға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Төгілген қаны анық бұл,
Майданда өлген ұл-қыздың.
Сөнбейтін от боп жанып тұр,
Жүрегі Қызыл Жұлдыздың!
М.Неталиев

Қанша уақыт өтпесін халық біздің Отанымыздың тәуелсіздігін, намысын қорғағандардың ерлігін ешқашан ұмытпас.

Ал, біздер, осы ұлы, батыр адамдардың ұрпақтары, олардың ерлігін мақтан етіп, өз өмірлерін қиып бізге сыйлаған бейбітшілікті сақтап, бағалай білуіміз керек.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Батырлардың даңқы ешқашан өшпес!
Ұрпағың мынау өлмес даңқынды өрлетіп,
Өрлігіменен дұшпан біткенді сорлы етіп
Самғайды көкке даладан ұшқан кіл қыран.
Сендегі мәңгі қасіреттен туған ерліктен
От алып мен де алаулап алға ұмтылам.
Ф.Оңғарсынова

Байділда Фариза

8 сынып, «Дарынды қыз балаларға арналған
облыстық қазақ-түрік лицей-интернаты»
Жетекшісі: Айгерім С.Ж.

Бағалай білейік Жеңісті!

Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ
біздің кек отымыз қандай темірді
болса да ерітіп, күйдіріп жібере
алады. Біздің үрейді жеңетін ең күшті
қаруымыз бар, ол - Отанға деген
сүйіспеншілік
Бауыржан Момышұлы

Бүгінгі таңда Ұлы Отан соғысындағы үлкен Жеңісімізге 71 жыл толып отыр. Арада көп уақыт өткенмен, соғысқа қатысқан ата-бабаларымыз есімізден кеткен емес. Оларды үйлерінен айырып соғысқа алып кеткенде, қаншама жас төгілді. Жүрегінде “елім, жерім” деген ұраны бар миллиондаған адамдар сол соғыста көз жұмды. Олардың ерліктерін ешқашан ұмытпаймыз. Ата-бабаларымыз елі мен жері үшін, елінің азаттығы үшін өмірлерін сарп еткен. Жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атының туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, дұшпанның туын жығып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Ұлы Жеңіс күні туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне оралмай қалған қаһарман ерлерді барлығымыз еске аламыз. Қазақ жерінен соғысқа аттанған 2 миллионға жуық қазақстандық азаматтар ерлік пен елдіктің, батырлық пен батылдықтың, өрлік пен қайсарлықтың мәңгілік символындай жарқырап тұрмақ тарих беттерінде. Себебі қанмен жазылған тарих ешқашан ұмытылмайды...

Ұлы Отан соғысы жылдары халқымызға төнген ең ауыр да қаралы кездер болды. Бұл соғыс жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады. Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Елі мен Отаны үшін аянбай қызмет етіп, әділдікті жақтап, шындық жолын қуып, жанын пиде етуге әрдайым дайын болған бабаларымыз. Себебі қазақ халқының рухы қашанда – өр, тәні қашанда – бекем!

Ұлы Отан соғысында ел күйреп, талай адам ажал құшты. Сол соғыста өзінің қайсар ерлігімен, қайратты мінезімен жауынгерлерге жігер бергендердің бірі - Жамбыл Жабаев. Ақынның сөзі өте батыл, мұраты

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

айдай айқын. Ақын ұлт мүддесін, халық зарын жан-тәнімен сезіне білді, туған еліне деген сүйіспеншілігі жүрегінде алаудай лаулады.

Қазіргі кезде Жамбыл Жабаевтың туғанына 170 жыл толып отыр. Бұл да біз үшін үлкен бір қуаныш, себебі Жамбылды қазақ түгіл сол кездегі одақтас елдердің барлығы мақтанышпен, шексіз алғыспен еске алады. «Батыр қала» Ленинградтың өзі Жамбылдың жыр жолдарына арқау болып, талай жауынгерге, қала тұрғындарына «Ленинградтым өренім» атты жыр жолдарында гимн болып өрілді. Бір халық – бір тағдыр – бір жыр!

Мен елімнің жас ұрпағымын. Болашақта халқымда тек тыныштық пен гүлдену болады деген сенімдемін. Бүгінгі күні ол үшін алдыма қойған мақсатым айқын. Ол – оқуымды үздік оқып, еңселі елімді елеулі биіктер мен белестерге жеткізу, қазақ елін Азияның барысына айналу жолында өз үлесімді қосу. Жарқын болашақ – жастардың қолында!

Бейсенбек Жалғас

1 сынып Абай атындағы орта мектеп
Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы
Жетекшісі: Шайкенова А.Е.

Ұлы Отан соғысының ардагері Жүнісов Солтан Жүнісұлы 1926 жылы 25 қыркүйекте Ақтоғай ауданы Әбжан ауылында дүниеге келген. 2004 жылдың 27 тамызында дүние салды, Әбжан ауылында жерленді.

Көп жыл бұрын Германияның астанасы – Берлиннің іргесінде қатал ұрыс жүріп жатты. Біздің жерлесіміз, жас жауынгер қатардағы Жүнісов ең қызу орында, Қызыл Армияның алдыңғы отрядтарында болды. Бірақ амал не, оған бұл ұрысты аяқтау сәті түспеді, ол ауыр жарақат алып, тікелей ұрыс алаңынан госпитальға жіберілгендіктен, қаланы алу онсыз өтті.

Солтан Жүнісов біздің ауданымызда туды. Оның балалық шағы жеңіл болмады. Ата-анасы есінде жоқ, олар үш баласын қалдырып соғыс басталардан көп бұрын қаза тапты. Және ол үлкен ағасымен және апасымен әкесінің інісінің қолында тәрбиеленеді. 1941 жылы радиодан қауіпті хабар – соғыстың басталғаны туралы хабарлады. Алғашқы күндері ағасы майданға кетті, көп ұзамай оның қайтқаны туралы қара қағаз келді. Бірақ ұзақ қайғыруға болған жоқ, 1942 жылы он жеті жасар Солтанды армияға шақырып әкетті. Алматы қаласында төрт ай оқытқаннан кейін оны алдыңғы шепке жөнелтеді.

- Түнде бізді әскери эшолонға отырғызды, дейді ол, - сөйтіп алып жөнелді, ал қайда алып бара жатқанын біздің өзіміз де білмедік. Бір-екі күннен кейін әлдебір орманның жанына түсіріп, біздің алдымызға бір төбе киімдер қойды және киінуге бұйырды, сонан соңсапқа тұрғызып алып жүрді.

Сол минөттерден оның: ауыр да қатал болған жауынгерлік жолы басталды. Ол өзі бүкіл қызмет еткен уақытта Ш Белорус майданының 13-дивизиясының құрамында жаяу әскер болды. Ол қазір қанша ұрыстарға қатысуына тура келгенін өзі де білмейді (есебінен жаңылған). Тұрақты шиеленістен тіпті кейде қай күні туғанын ұмытып қалатын және қай ай екенін білмейтін.

Өзінің жауынгерлік жолының басталуынан және оның соңғы күндеріне дейін Солтан пулеметтан айырылмады, бірінші номер болды. Соғыстың төрт жылы ішінде ол жаяу қыруар жер, бірнеше мың километр жол жүрді. Ресейде, Чехословакияда, Австрияда, Германияда болуына тура келді. Вена, Прага, Будапешт сияқты қалаларды, сондай-ақ Кеңес Одағының көптеген елді пунктерін азат етісті. Соғыстың соңына қарай ол өзінің полкымен Герман шекарасынан өтті және өзін жаралаған соңғы ұрыс болған Берлинге дейін жетті. Жеңістің жуық екені сезілетін, бірақ соғысты сапта жүріп аяқтау сәті түспеді. Көптен күткен Жеңіс күнін Солтан Жүнісов госпитальда қарсы алды.

- Осы қуанышты хабарды естігенде – деп еске алады ардагер – бүкіл госпиталь щаттанды. Жараланғандар, өздерінің жаралары мен ауруын естен шығарып құшақтасты, жылады, күлді.

С.Жүнісов тағы бірнеше ай емделуде болды, ал одан соң Чехословакияға жіберілді, бірақ жарақат тыным бермеді де оны Свердлов әскери госпиталына жөнелтті, онда ол біраз уақыттан кейін одан әрі әскери қызметке жарамсыз деп танылды және үшінші топтағы мүгедектік алып, Кеңес Армиясы қатарынан босатылды.

Өзінің жауынгерлік ерлігі үшін III дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен, Маршал Жуковтың және көптеген басқа юбилейлік медальдармен марапатталған.

Әскерден босағаннан кейін ол туған шаруашылығына оралды және өзінің бейбіт өмірін бастады. Алдымен біраз ұжымшарда жұмыс істеді, одан соң аудан орталығына көшіп келді. Мұнда 1948 жылдан бастап орманшы болып еңбек етті, мал емдеу мекемесінің, аудандық тұтынушылар одағының жұмысшысы болды. Аудандық тұтынушылар одағында 40 жылға жуық табысты еңбек етті, онда да адал, еңбекқор еңбегін бағалаумен бірге, Жеңіс күніне қарсы, мереке күндеріне арналған талай құрмет грамоталарымен, медальдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. 1985 жылы еңбегі сіңген зейнеткерлік демалысқа шықты. Әйтсе де, зейнеткерлікке шыққанымен тағы бір жыл еңбек етті. Жалпы әскери жылдарды есептемегенде оның еңбек стажы 40 жылға тең. Барлық осы уақытта ол үлгілі еңбек етті. «Еңбек ардагері» медалі бар.

Зайыбы екеуі үш ұл, үш қыз тәрбиелеп өсірді. Әскери қызметін Ауғанстанда өтеген өзінің кенже ұлы Мұрат үшін талай мазасыздануына тура келді. Дегенмен бәрі сәтті болды, ұлы аман-есен 1984 жылы «Ерлігі үшін», «Әскери батырлығы үшін» атты медальдармен және Мақтау грамоталарымен туған еліне оралды. 1984 жылы Алматы қаласына оқуға түсіп, оны ойдағыдай тәмамдады. Содан соң, Ақсу қаласына қарасты Қалқаман ауданында участкелік жұмыстан бастап, өзінің білікті атқарған жұмысының арқасында талай белестерден өтіп, подполковник атағына ие болып, басшылық қызметінен 2009 жылы зейнеткерлікке шықты. Қазіргі уақытта зейнеткерлікке шықса да, ол қайтадан жұмысқа шақырылып, Ішкі істер органында қызметін жалғастыруда. Солай, Жүнісовтер әулетінде әкелі-бала, бірі - Ұлы Отан соғысының ардагері болса, екіншісі – Ауған соғысының ардагері.

Тәрбие от басынан басталады дегендей, балаларының барлығы білімді, әр салада қызмет атқарады, өздерінің жанұялары бар. Немерелері да жоғары білім алып, өз алдарына еңбек етуде.

Ұлы Отан соғысының ардагері Солтан қария 2004 жылдың 27 тамызында дүниеден озды. Туған елі Ақтоғай ауданының Әбжан ауылында

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

жерленді. Қалған жас ұрпақтары үшін ол қарияның атқарған істері үлгі-өнеге болып, әр уақытта айтқан ақыл-кеңестерін үлгі тұтады. Жыл сайын келетін 9 Мамыр – Жеңіс күні асыл әке, ардақты аталарының мерекесіне балалары, немерелері, шөберелері жиналып еске алады.

Аяулы асыл әкеміздің жарқын бейнесі, үйреткен ақыл-кеңестерін мәңгі есімізге алып, үлкен сый-құрметпен мақтан тұтамыз.

Бектасова Данел

7 сынып, Маралды орта жалпы білім беру мектебі

Павлодар ауданы

Жетекшісі: Қуанова Г.Т.

Соғыс – күйретуші күш

Соғыс – күйретуші күш. Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Соғыс жер бетіндегі тіршілік атаулыны жалмап жұтатын тажал.

Міне, 1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы халыққа тап осындай зұлмат, қаһарлы жылдар болыпты. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халықтарымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Солардың ішінде менің арғы атам Жүсіп Ермұқанұлы болды. Атам 1913 жылдың 9-ыншы мамырында дүниеге келген. Ол кісі Мәскеу, Сталинград, Днепр, Кавказ үшін болған шайқастарға қатысып, көп ерлік көрсеткен. Жеңісті Берлин қаласында қарсы алыпты. Атам ерлігі үшін көптеген орден, медальдармен марапатталып, туған жеріне сый құрметпен оралған екен.

Мен атам туралы, оның өмірі мен ерлігі жайлы толық білмейтініме өкінемін. Бірақ ол туралы мәлімет іздестіруге тырысамын. Жүсіп атамның дүниеден өткеніне көп уақыт болды, бірақ мен оны мақтан тұтамын.

Батылдық пен қаһармандықтың үлгісін көрсеткен аталарымыздың ерлігі біз үшін зор мақтаныш.

Жеңіс мерекесіне қол жеткізіп, Тәуелсіздік елімізде емін-еркін өмір сүріп, өз тілімізді, дінімізді асқақтатып, ұлтымыздың абыройын жоғарлатып, көк туымызды желпілдетіп, көптеген ұлттармен тату-тәтті болып, бейбітшілік әкелген аталарымызға өмір бақи құрмет, даңқ көрсету біз үшін үлкен мәртебе. Батыр аталарымыздың есімдері әрқашанда тарихта қалып, әр адамның жүрегінде мәңгілік сақталмақ.

Мен - елімнің патриотымын. Қазақстандық патриотизм — Отанды, туған өлкені, оның халықтарын сүю, табиғатын қорғау. Мен өз елімді әлемдегі дамыған елдердің қатарынан көргім келеді. Біз - халқымыздың үміт арттарымыз, өлкемізді көркейтіп жасартары да біз - жастар. Мен болашаққа сеніммен қараймын. Қазақстанда туып-өскенімді мақтан тұтамын. Елімнің болашағы үшін көп еңбек етемін. Аталарымыздың көрсеткен ерлігі біз үшін өмір мектебі болмақ.

Бектасова Дильназ

7 сынып, Маралды орта жалпы білім беру мектебі

Павлодар ауданы,

Жетекшісі: Темірболатова М.Б.

Жеңіс туы мәңгілік желбіресін!

Жеңіс туы,
Жеңіс туы,
Желбіресін мәңгілік!
Жеңіс жыры,
Жеңіс жыры,
Асқақтасын жаңғырып!
Жеңісім – салтанат, сән, сәулет,
Жеңісім – береке, бақ, дәулет!

Ұлы Отан соғысы аяқталып, Жеңіс туы желбірегіне биыл – 71 жыл. Жеңіс күні – біз үшін ұлы мереке! Өйткені бүгінгі бейбіт өміріміз, бақытты балалық шағымыз жеңіс күнінің жемісі.

Осы соғыста қаншама адам қаза тауып, қаншамасы мүгедек атанды. Қаншама ана жесір, балалар жетім қалды. Осы сұрапыл соғыста ерен ерлігімен көзге түсіп, ерекше сый-құрметке ие болған апаларымыз: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Төлеген Тоқтаров, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова. Олар нағыз ержүрек те, батыл жауыпгерлер. Тарихтан білуімше жеңіс туын тіккендердің бірі – Рахымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп Мұқағали атамыз жырлағандай Ұлы Отан соғысынан аман оралған аталарымыздың көзі жыл санап азайып барады. Сол аталарымыздың ерлігімен, күшімен, қанымен, терімен жауларымызға жығылмай бақытты да бейбіт өмір сүрудеміз.

«Ер есімі – ел есінде», - демекші бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Сол үшін де бүгінгі біз жас ұрпақ жеңіс күнінің жемісін, бейбіт өмірді бағалап, соғыс ардагерлеріне тағзым етіп, құрметтеу – біздің парызымыз. Әрбір арайлап атқан таңымыз, ашық аспанымыз соғыс ардагерлерінің арқасы деп білеміз. Сондай

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

сұрапыл соғыс ешқашан болмасын деп армандаймын. Біз өз Отанымызды анамыздай сүйіміз керек. Осындай бейбіт өміріміздің қадірін біліп, еліміздің бір кірпіші болып қалануымыз керек. Әрқашан күн сөнбесін, аспанымыз ашық, Отанымыз тыныш, еліміз көркейе берсін!

Белгібаева Аружан

8-сынып, Павлодар обл., Павлодар қ.,
«Дарынды қыз балаларға арналған
облыстық қазақ-түрік лицей-интернаты»
Жетекшісі: Айгерім Сертайқызы Жумабекова

Ерлердің ұмытылмас ерлік ісі

Уақыт деген сөздің мағынасын әр адам, әр тарихи оқиға өзінше түсіндіреді. Біреулер бір күннің, бір сағаттың қадірін білмей жатса, әр минуттың қадірін білетін адамдар да бар. Уақыт кейде сәт сияқты көрінгенмен, кейде минут ғасырдан да ұзақ...

Бір минутта жарылған снарядтан қаншама адам көз жұмуы мүмкін, бір сәтте, бір кезде. Елден сағына күткен хатты тосқанда уақыт, тіпті, тоқтап қалғандай болады. Өттең, тарих бетін шимайлаған осындай уақыттарды, оқиғаларды сызып тастап, бейбіт, тыныш, бақытты сәттерді жазуға мүмкіндік болғанда ғой! Миллиондардың, мыңдардың арманы – соғыста қаза тапқан жақындарын, ойрандалған отбасыларын қайтару. Алайда, уақыт өтті, соғыс бітті, қалғаны сол соғыс туралы ойлар мен естеліктер, сол соғысты өз көзімен көрген азды-көпті жауынгер аталарымыз.

Осыдан 71 жыл бұрын жер бетін шарпыған, сұрапыл Ұлы Отан соғысы еді. Ұлы Отан соғысы дегенде, төрт жыл бойы қазақ жері, қазақ халқы үшін өз жанын аямай күрескен батырларымыз, атам елестеп, көзіме жас келеді.

Сол сұрапыл жылдарда қанша азамат жер құшты, қанша бала әкесінен, қанша ана баласынан, қаншама үй тірегінен айырылды. Ауылдан сән, өмірден мән кетіп, сұрықсыз бір дүниеге айналды.

Бұл соғыс миллиондаған адамдар өмірін қиды, көптеген қалалар мен елді мекендер төңкерілді. Соғыс әр шаңыраққа, әр отбасының өміріне жазылмас жара қалдырды.

Сол сұрапыл соғысқа менің атам Кәмен Оразалин да қатысқан. Атам 1920 жылы Абай ауданында дүниеге келген. 1939 жылы 19 жасында атам әскерге шақырылған еді.

Әжемнің айтуынша, соғыс кезінде атамның түсіне туған елі, туған жері, Абай атамыз жиі кіріп, “Айттым сәлем, қалам қас” өлеңі құлағына естіледі екен. “Айттым сәлем, қалам қас” өлеңін өзіне күш-жігер беретін гимн ретінде ұстанған екен атам. Түсіне Абай атамыз, туған жері жиі кіріп, еліне, жеріне деген махаббаты мен сағынышы күннен күнге ұлғая беріпті. Туған жерге деген сағыныш, махаббат атамның шабытты шығармашылығына арқау болады, содан Кәмен атам туған жер туралы әңгіме, өлеңдер жаза бастайды.

Соғыста үш ауыр жарақат алып, атам елге оралды. Өзінің болашақ шығармаларына қыруар материалды туған жер төсінен жинады.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Мұғалімдер институтын бітірген соң, туған ауылындағы орта мектепте мұғалім болып қызмет атқарған. Бала оқытумен қатар жазушылықты да қатар алып жүрген.

1943 жылы “Абай жолы ” романына материалдар жинау үшін туған жері Абай ауданына келген Мұхтар Әуезовпен танысып, қолғабысын тигізген екен.

Атам Мұхтар Әуезовпен жақын араласқан екен. Ол өзінің “Абайдан соң” атты романында Мұхтар атамyz туралы жазған.

Атамның “Жексен” повесі 1950 жылы, “Көктем салқыны”, “Кең байтақ” романдары, “Абай ауылына саяхат” атты жол сапар кітаптары 1959 жылы жарық көрген.

Кәмен атам “Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі”, “Октябрь революциясы”, үшінші дәрежелі “Даңқ” ордендерінің, “Парасат” орденінің және көптеген медальдардың иегері.

Мен атама бізге бейбіт өмір мен көк аспан астындағы бақытты тірлікті сыйлағаны үшін шексіз алғысымды білдіремін. Сөзімді Мағжан атамyzдың мына өлең жолдарымен аяқтағым келеді:

Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,
Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас.
Ел үшін жаннан кешіп, жауды қуған
Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпас.
Ел жауын зерттеп, өрт боп, тынбай жортқан,
Ерлерді ұмытса де ел, бел ұмытпас.
Ел үшін төккен ерлер қанын жұтқан,
Ерлерді ұмытса да ел, жер ұмытпас.
Арқаның селі, желі, шөлі, белі
Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас!

Даниярбек Альмира

8 сынып, Спутник негізгі мектебі

Ақсу ауданы

Жетекші: Артыкпаева А.Е.

Біз бейбітшілікті сүйеміз

Мен соғысты жек көрем,
Кім қасірет шекпеген,
Кім көз жасын төкпеген,
Талай жылдар өтсе де,
Естерінен бір сәт кетпеген,

- деген ашу-ыза талай батырларымыздың жүректерінде ерімес мұз болып қатып қалғандай. Сол соғыстың аяқталғанына, яғни Ұлы жеңіске биыл 75 жыл толғалы отыр. Қазақстандықтардың майдан даласындағы ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

1941 жылы 22 маусымда таңғы сағат 4 шамасында фашистік Германия әскері КСРО-ның батыс аумағына баса көктеп кірді. Гитлердің соғыс жоспары «Барбаросса» деп аталды. Ол сол бойынша КСРО-ны қысқа мерзім ішінде жаулап алып, оны болашақ соғыс жорықтары кезіндегі шикізат адам қоры көзіне айналдырмақшы болды. Кеңес халқы тарапынан әділетті бұл соғыс тарихи әдебиеттерде «Ұлы отан соғысы» деп аталуы сондықтан. Бейбітшілікті орнату үшін қазақтың өзіміздей-жас қыз-жігіттері өз елдерінен жыраққа кетіп, отан үшін от кешті. Олардың басты мақсаты елге тек бейбітшілікті әкеліп, көңілдеріне қуаныш орнату еді.

Сонымен, Отанның адамға не үшін қымбат екенін түсіндім. Бабаларымыздың «Отан үшін отқа түссең күймейсің», - деген қымбат та асыл сөздер бекер айтылмаса керек. Отан үшін от кешкендердің жүрегінің дүрсілі тек «Отан» деп соқты. Олар бізге бейбітшілік пен бақыт сыйлау үшін жандарын қиды. Жан қию оңай ма? Біз бейбітшілік жолындамыз, осы жолдан таймауға тырысайық.

Ұлы Отан соғысының құрбандары,,,
Олар елім дегендер!
Олар жерім дегендер!
Рухтық сана-сезімге...
Азаттықты жеңем дегендер!
Ажал беттеріне қарап тұрса да,
Шегінбегендер!
Олар елім дегендер!
Олар жерім дегендер!

Дюсенова Кульшара

9 сынып, №2 орта мектеп

Железинка ауылы

Жетекшісі: Костовбаева А.С.

Ұлы Жеңіске - 71 жыл

Ұлы Жеңіске биыл 71 жыл толады. Жеңіс! 1945 жылдың 9-мамыры күні дәл осы шаттық хабарды естіп тұрып, бүкіл әлем теңселіп кетті. Жер жүзі халықтарының жүректері қуаныштан лүпіл қақты... Кеңес Одағының тұрғындары 5 жыл бойы күндей күркіреген соғыста – 1418 күн мен түндерде, бүкіл жігерімен Жеңіске ұмтылған... Миллиондаған адамдар мерт болды. Миллиондаған адамдар мүгедек болып қалды. Миллиондаған адамдар бет алдына босып кетті. Бірақ бәрібір Берлинтегі рейхстаг үстінде жеңіс туы желбірей көтерілді. Осы жеңісте Қазақстаннан шыққан қаһарманмен жауынгерлердің қанымен, жанымен мына жарық өмір үшін аянбай ұмтылған зор үлестері бар еді. Біз Жеңіс күнін жақындатқан, қаратүнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерге қарыздармыз. Ұлы Отан соғысы және Ұлы Жеңіс. Бұл екі сөз бір-бірінен толықтыра түседі. Ұлы Жеңіс біздің халқымыздың орасан зор құрбандықтарымен келген қасіретті арифметикасы. Соғыс салған зардап әлі күнге дейін толық жойылған жоқ. Олардың Отан үшін қан кешкен әрбір қадамы, жеңісті жақындата түскен әрбір күні ұмытылмайды. Өйткені, ерлік шежіресі ұрпаққа ұлағат, ертеңгі күнге үлгі боларлық сабақ.

Біз соғыстан кейін туған ұрпақ кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы аға ұрпақтың – қазақтар мен қазақстандықтардың жанкешті ерлігі туралы тек оқулықтардан, көркем әдебиеттен және кинотуындылардан ғана білеміз. Жеңістің 71 жылдығы қарсаңында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың рухына бас иіп, олардың ерлігінің саяси – кейінгі буынның азаматтық парызы. Соғыста біздің әкелеріміз ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың өршіл рухын, батырлығын әлемге паш етті. Қазақ ұлты ұландарының антқа адалдығын көрсетті. Отан соғысы майдандарында, жау тылындағы партизандар мен Еуропа елдеріндегі қарсыласу қозғалысы қатарында шайқасып, фашизм концлагерьлерінде қаза тапқан өжет, қайсар қандастарымыз рухына бас иеміз. Әрине соғысты, оның қорытындыларын бағалауда әр ұрпақтың өз көзқарасы болуы мүмкін. Уақыттың тарихи-саяси оқиғаларды бағалауға, саралауға өз таңбасын салуы – табиғи құбылыс. Бірақ олар түбегейлі, принципті мәселеде өзгермеуі керек. Көлемі, қаталдығы, адам және материалдық шығыны жағынан екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы ең жойқын соғыс болды. Ол дүние жүзі халықтарының бестен төртінің тағдырына әсер етті. Соғыс қимылдары әлемнің 40 мемлекетінің аумағында жүрді. Ең соңғы деректер бойынша бұл алапатта 60 мил. адам қаза

тапты. Кеңес Одағының адам шығыны ресми түрде 27 мил. деп есептеледі. Әлем 1941 жылы соғыста кім бастап, оған адамзат тарихында бұрын-соңды болып көрмеген қандай қатер төніп тұрғанын бірден сезді.

Бүгінгі ұрпаққа Ұлы Отан соғысындағы Кеңес Одағы мен оның халықтарының жеңісінің факторлары туралы айту парыз. Оны жас ұрпақ білуі керек. Ол соғыстағы жеңістің қайнар көздері, негіздері мен қозғаушы күштері туралы ондаған, тіпті мыңдаған еңбектер жазылған. Қазақстанның Ұлы Жеңіске үлесі айрықша болды. Республикамыз халқы қаһарлы жылдары тас- түйіндей бекілді. Қазақстан халқының соғыс қажеттеріне жұмылдырылуы 24% жеткен.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі үшін 500 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Биылғы жылы Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 71 жыл толады. Соңғы мәліметтер бойынша, бұрынғы Кеңес Одағының 27 миллиондай адамын жалмаған сұрапыл соғыста Қазақстаннан 1 миллион 600 мыңдай жауынгер жауларға қарсы жан аямай шайқасты. Одақ бойынша 12 мыңнан астам жауынгерлер, командирлер, қолбасшылар, партизандар, қарапайым халық өкілдері 1934 жылы белгіленген ең жоғарғы атақ – Кеңес Одағының Батыр атағын иеленеді. Солардың қатарында осы үлкен атаққа қазақ ұлтының 103 азаматы ие болыпты. 1944 жылы жойқын шабуылға шыққан Кеңес әскерлері 900 күн жау құрсауында қалып, адамзат тарихы білмеген азапты күндерді бастан өткеріп жатқан Ленинград қаласын азат етті. «Ленинградтық өренім» деген жыр жолдап, аштық пен жалаңаштықтан қиналған қала тұрғындарының жігерін жанып, рухтарын көтере білді.

Ұлы Жеңіс әкелген құндылықтар туралы айтқанда ойға ең алдымен сол бір қантөгіс, жиһангерлік соғыстан аман қайтқан ағаларымыз бен апаларымыздың соғыстан кейінгі қоғамдық өмірдің әр саласында атқарған адамгершілік, тәрбиелік, отансүйгіштік, жас ұрпаққа қамқорлық, әділеттілік пен тазалықтық қорғаушысы болған ерекше миссиясы туралы айту парыз. Иә, майдангерлер қай салада да үлгі болды. Соғыстың от-майданында жүріп «алты малтаны ас етіп», «толарсақтан қан кеше жүріп», елге жеңімпаз ретінде оралған олар соғыстың ерлік рухын, адам бойындағы бар қасиетке сын болған алапат қиыншылықта өзінің азаматтық арына дақ түсірмей, тіпті дәлірек айтсақ қазақ ұлты ұландарының ерлігі мен мәрттігі, жанкештілігі мен төзімділігі туралы бүгінгі ұрпаққа жеткізген кешегі өткен Бауыржан Момышұлы мен Қасым Аманжолов, Жұбан Молдағалиев бастаған жазушылар мен ақындардың шығармашылық ерлігін, бүгінгі ортамыздағы қайырымдылық пен әділдіктің, патриоттықтың жыршысы мен күзетшісіндей Әбдіжәміл Нүрпейісов, Әзілхан Нұршайықов, Мұзафар Әлімбаев, Қалмұқан Исабаев және басқаларды айту парыз. Иә, 1945 жылдан бері көп оқиға болды. Бірнеше ұрпақ ауысты. Елімізде түрлі күрделі оқиғалар болды. Әлемнің саяси картасында Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті берік орын тепті. Кеңес

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

халқының Ұлы Отан соғысындағы ерлігі әлемді таңқалдырып, мойындатты. Оған қазақстандықтар мен қазақтар қосқан қасиетті де қаһармандық ерлік үлес – ерлікті біз мақтан тұтамыз. Аға ұрпақтың ерлігі мен әскери даңқы жас ұрпақты Отанымыздың болашағы үшін азаматтық жауапкершілікке, елін қорғауға әзір болу рухын сіңіреді.

Олардың ерлігі алдында тағзым етіп бас ию тірілерге қажет. Ер есімі - ел есінде мәңгі сақталады. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес. Тәуелсіз Қазақстан елі өз боздақтарын қастерлеп, қасиеттейді! Біз өз аталарымызды мақтан тұтамыз өйткені, олар біз үшін Отан үшін қасық қандары қалғанша күресіп, бізге жеңіс сыйлады. Бұл жеңістің басты себебі, әрине, халқымыздың Отанға деген сүйіспеншілігі, қайтпас қайсар ерлігі, сын сағаттағы отаншылдық қасиеті. Екіншіден, ортақ жауға қарсы күрестегі көп ұлтты КСРО халықтарының ынтымағы мен достығы еді. Бұл соғыста Кеңес Одағын мекендеген барлық халық бір жеңнен қол, бір жеңнен бас шығарып отанын қорғады. «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» - дей келе Ұлы Отан соғысының 71 жылдығына орай ата-бабаларымыздың рухына тағзым ретінде олардың ерен ерліктерін, жер, Отан, біздердің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап, жадымызда ұстаймыз. Қанша жылдар өтседе, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыздың тарих төрінен орын алатыны және ұрпақтары мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерді әрқашанда жүрек түпкірімізде ұстаймыз.

Ермекова Дилнар

6 сынып, Федоровка ОЖББМ,

Качир ауданы, Павлодар облысы

Жетекші: Алтыnguжинова Гүлмира Бекешевна.

Отан үшін от кешкендер

Таң атар кез. Мүлгіген тыныштық. Тіршілік нышаны әлі байқала қойған жоқ. Көк майса шөпте моншақтай шықтар әлсін-әлсін көрінеді. Жаздың мамыражай шағы. Тіпті шыбынның өзі шырылдамайды. Айнала тылсым тыныштық көрпесіне еніп кеткендей.

Тарс етіп, күнгей бетте бір нәрсе жерге түсті. Тыныштық бір мезетте беймәлім дыбыстан үзілді. Жан шошырлық дүрсіл айналаны жаулай бастады. Қызараңдап атып келе жатқан таң шапағы бір мезгілде көрінбей, көзден ғайып болды. Аспанды қара бұлт торлады. Кең даланы қара қошқыл тұман көмкерді. Сол сәтте-ақ табиғат әсем бейнесінен айырылып, тіршілік атаулы үрейге бөленді. Бір сәтте бәрін түп тамырымен өзгертіп жіберді.

Отанға қауіп төнгені осы мезетте сезілді, жүрек дүрсіл қағып, дабылдап Отан-Ана көмек сұрап тұрды. Міне, қисапсыз қайғы-қасірет пен қыршын жандардың өмірін қиған сұм соғыстың алғашқы ұшқынының өзі соншама қорқынышты, аяусыз еді.

Барша адамзат баласын дүр сілкіндірген, тарихта ізін қалдырған, жүректерде өшпес жара салған Ұлы Отан соғысы жайлы біз балғын балалық кезімізден бері білеміз. Әркез соғыс жайлы сөз қозғалған сәтте көзіне жас алып отырған ата-әжелерімізді көргенде, өзіміз де тебіренетін едік. Алайда, ол кезде оның қаншалықты аяусыз ауыр болғанын әлі күнге дейін түсінбеппіз-ау. Бала көңіл алып-ұшпа боп келетіндіктен бе екен, соншалық ой жүгіртіп, елестетіп те көрмеген шығармыз. Сондағы, ардагер атамыздың сөз соңында «Ұрпағымыздың басына ешқашан мұндай күн тумасын! Ұрпағымыз соғысты көрмесін!» деген асыл ақ батасының мәніне де терең бойламағанымыз шындық. Бірақ, есейе келе, тарих беттеріне үңіле келе, сол сөздердегі қаншалықты қайғы-мұң, ауыр зардап пен қасіреттен туған, шын көңілден шыққан таза ниет екенін түсінеді екенсің. Сонда ғана соғыстың зардаптарын оймен емес, ішпен, жүректен өткізіп сезінесің. Жаңағы атамыз бен әжеміздің неліктен көңілі босап, даусы үнсізденіп, жанары жасқа толғанын білесің. Өзің де сондай күй кешесің. Әрине, соғысты көзбен көрген адамдардың ішкі сезімдері ерекше қиын болары сөзсіз, бірақ соғыс туралы естіп, оқып-білгеннің өзінде ішкі жандүниенің тебіреніп, түрлі сезімдер сапырылысып, тоғысып, түсініксіз жағдайда еріксіз елжірейтіні ақиқат.

Ұлы Отан соғысы жайлы, жалпы соғыс туралы айтатын болсақ, бұл бір сөзбен барша адамзатқа жасалған қиянат, қатыгездік дер едім. Бір сөзбен айтсақ, әділетсіздік пен қатыгездік мектебі. Тек жою, талқандауды ғана

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

үйретеді. Ол адамдардың көргенқиындықтары мен жан күйзелістеріне, құрбан болған жанкештілерге еш кепілдік бермейді және аяушылық не екенін білмейді. Ол – әділетсіздік. Алайда әділетсіздікті тоқтату керек болғандықтан, Отанды қайткен күнде жаудың қанды қолынан құтқару артылған міндет екенін түсінген ер азаматтар, жалынды жүрекпен қан майданға тайсалмастан аттанды. «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» сәт осы соғыс. 1941 жылы әр азамат өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігін сақтауға, ошағындағы түтінінің сөнбеуі мен болашақ ұрпақ бақыты үшін сұрапыл соғыстың тайғақ тар жолдарын кешкен еді. Солардың ішінде менің арғы аталарым да кеудесін оққа орады, күлкі мен ұйқыны ұмытты.

Сен құрметте оны!
Түсіндің бе, қарағым?!
Ол ақшаға сатқан жоқ,
Тізеден кесіп аяғын.
Еріккеннен де ұстап жүрген жоқ,
Қолтықтағы ұзын таяғын,

- деп Әбу Сәрсенбаев жырлаған өлең жолдары менің арғы атама арналғандай іспеттес. Себебі, менің атам соғыс даласынан бір аяғынан айрылып оралды. Өкінішке орай, өзім арғы атамды көрген емеспін. Тек атамның, әкемнің айтқандарынан және Жеңіс күндері түскен суреттерін қарап отырып, атамның омырауындағы сансыз медальдарды көріп, атамның да еліміздің бейбіт өмірі үшін аянбай тер төккенін түсініп, кеудемді мақтаныш сезімі кернейді. Қаншама азапты күндерді кешсе де, соныға дейін берілмей төзді. Жеңістің қызыл туын желбірегенін өз көзімен көрді, көрмегендері де қисапсыз көп еді, алайда олардың артында өшпес есімдері мәңгілік тарих беттері мен ұрпақ жүректерде сақталары хақ. Солардың ішінде ерліктің үлгісін көрсеткен, елеулі іс жасаған аттары алтын әріптермен жазылған шығыстың қос жұлдызы - Мәншүк, Әлия апайларымызды ерекше атап өту азбал.

Бірақ ерте, тым ертерек жандық біз,
Жанарлардан мөлдір жас боп тамдық біз.
Жанымызды құрбан еттік осылай
Біздей ерте солмау үшін барлық қыз,

- деген өлең жолдарын оқи отырып, «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» деп жырлап өткен ақындарымыздың сөзіне мен де қосыламын, нәзіктігімен ерекшеленген қыз баласы қалайша осындай өнегелі ерлік жасай алады екен? Олар қыршындай жас жүректерін Отан үшін қиды емес пе? Осы қос шынарымызды мәңгі бақи ұмытпай, ардақтап, қадірлеу парызымыз деп

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

санаймын. Ал олар туралы қанша өлең, қанша қалам тартып жазсаң да қисынды, орынды дер едім.

Беу дүние, ақыр Жеңіс күні жетті.
Жеңіс! Жеңіс! Әлемді дүбірлетті.
Төрт жарым жыл от кешкен оқ астында
Солдат өмір кеңітті көк жиекті.

1941-1945-жылға дейін созылған бес жылдық соғыс аяқталды, рейхстагқа ту тігілді. Жеңіс туы аспанды қара тұманнан босатып, қуаныш әкелді, ертеңгі ұрпақты бодандық пен бұғаудан аман сақтап қалды. Жеңіспен бірге барша жұрттың жүзінде қуаныш нұры пайда болды. Өмір шындығы бойынша қуаныш пен қайғы егіз дегендей, Жеңіс - қуаныш болса да, қайғы – сол соғыстың зардабы еді. Соғыс тарихта өшпестей ізін қалдырды.

Бойына батылдық пен ержүректілікті, төзімділік пен шыдамдылықты қатар алып өткен кешегі қанды майданда қаза тапқан жауынгерлер сөзсіз елдің есінде мәңгіге қалды. Елі үшін, жері үшін майдан даласында от кешкен жандардың қайтіп оралғандары да жоқ емес. Олардың күні бүгін Жеңістің жетпіс бір жылдық тойын бізбен бірге тойлайтындары қуаныш. Сонымен қатар, бұл ардагерлердің саны да күннен күнге азаюда. Әрине, осы жағдай көңілге қаяу түсіреді, бірақ өмір заңдылығы осындай, амалсыздан көнуге тура келеді. Көзі тірі ардагерлерімізге мемлекет тарапынан үлкен құрмет көрсетілуде. Тек үкімет қана емес, біз де, яғни, өскелен ұрпақ мына жарық күнді сыйлағаны үшін қаза тапқандар мен қазіргі ардагер ата-әжелерімізге шексіз ілтипатымызды білдірудеміз. Отанға деген ыстық махаббат пен сүйіспеншілікті бойларына сіңірген осындай азаматтардың ерліктері бізге үлгі-өнеге болумен қатар зор мақтаныш. Келешек жас ұрпақ Отанын аялауды олардан үйренсе керек.

Сөз соңында қаһармандықтың таңғажайып үлгілерін танытқан кешегі жауынгерлердің жеңіске жетер жолда тындырған ұлан-ғайыр істері біздің жадымызда мәңгі сақталып, дастандай жалғаса береді. Өз шығармамды мына өлең жолдарымен аяқтасам деймін.

Ата-баба ерліктерін ұмытпайық ешқашан,
Жүзімізде қуаныш отын жандырайық әрқашан.
Ырыс, бірлік, ынтымақтың тізгінін тең ұстап,
Халымыздың бейбіт туын сақтайық әрдайым

Жумабекова Томирис

бсынып, №11 ЖОБМ

Екібастұз қ.,

Жетекшісі: Жумабекова А.С.

Ешкім де, ешқашан да ұмытылмайды...

1941-1945 жылдар. Осынау төрт жылдың ішінде мыңдаған адамдардың қаны төгіліп, миллиондаған жандар жаны мен тәні жазылмас дертке душар болды. Сол соғыста зар жылап, баласын аттандырған ана да, жарынан айырылған жесір әйел де, ағасыз қалған іні-қарындастар да өте көп болды. Біреулер осы жылдарды қайғы деп еске алып жатса, қазіргі заманды көріп, бейбіт өмірді көріп, шүкіршілік айтады.

Халық басына төнген бұл ауыр күндер менің отбасымды да айналып өтпеді. Менің алдымда Ұлы Отан Соғысына қатысқан атам Жақиманов Жұмабек Жақиманұлының фотосуреті, медальдары мен ордендері тұр. Мен атам жайлы көп нәрсені білмеймін. Бірақ ол маған жақын. Біздің үйдің төрінде атамыздың портреті тұр. Кішкентай кезімнен сол портретті көріп өстім, әрқашан «бұл атам» деп айтатынмын, бірақ сол сөздің мағынасын енді түсіндім. Атам жайлы маған менің әжем көп айтады. Атамның тағдыры да, өмірі де басқаларға ұқсамайды. Міне, биыл менің әкем 60 жасқа толды. Ауылдан әжем де келді. Туыстар арасында бірінші болып тілек айтқан әжем көзіне жас алып: «Әттең, әкең осы күнді көре алмай кетті, тағы да біраз ғұмыр бергенде осы күнді де көріп, тұла бойы тұңғымды бірге құттықтар едік...», - деді. Үлкендердің бәрі көздеріне жас үйіріліп, атама жатқан жері жарық болсын деп айтты. Осыдан кейін менің атам туралы білгім келді. Әжемнен білгенімді жазып алдым.

Атам Жақиманов Жұмабек Жақиманұлы 1922 жылдың 16 қаңтарында Баянауыл ауданының Белағаш ауылында Жақимановтар отбасында дүниеге келген. Жастайынан әкесінен айырылып, анасының қолында өседі, кейін 1930-1933 жылдары Үкімет кезіндегі аштық жылдарында оны Қарқаралыдағы балалар үйіне апарып тастайды. Сонда тәрбиеленіп, өмірдің қиындығын көреді.

1939 жылы Фин соғысындағы Мондерегейм шайқасында алғашқы жарақатын алады да, госпитальда жатып шығады.

Ұлы Отанымыздың басына күн туғанда ол он тоғыз жаста еді. Баянауыл аудан орталығында 150 шақырым қашықтықта тұратын Белағаш ауылынан 20 шақты 17-20 жас аралығындағы өрім жастар аттаныпты. Бұл 1941 жылдың соғыс басталған айы еді. Атам II-Украина жерінде шайқасқа қатысты. Рокоссовскийдің атты әскер, атқыштар отрядында болды. Соғыстың ауыр соқпақтарын көрді. Украина жеріндегі әр қалаларды босатуға қатысып, медальдарымен марапатталды. Шайқаста жүріп 2 рет иығынан жараланды.

Басына минаның жарықшақтары түсіп, басында қалып қойды, себебі бел омыртқасының жұлынына зиян келеді деп дәрігерлер операция жасауға рұқсат бермеген. Басына үлкен зақым алды.

Жыл сайын 9-мамыр Белағаш ауылына атамды мерейтойымен құттықтауға бар туыстар барады екен. Сонда атам соғыс алаңында неміс фашистерімен болған шайқастағы оқиға жайлы әңгімелеп берген екен:

«...1944 жылдың қысы. Украина жеріндегі қалалардың бірін азат етуде жараланған иығым әлі де жөнді икемге келмеген. Сәл оқыс қимылдасам, қабырғасымен тұтас сыздап қоя береді. Қыстың ызғары мен соғыс желі ысқырып тұр. Кімнің алда, кімнің артта екені көрінбейді. Кенеттен неміс фашистері алдымыздан қайдан келмесін шықсын, бірнешесін атып үлгердім, бірақ жау оқтары білмейсің, әйтеуір, кенеттен ішіме тиді, ішек-қарным сыртқа ақтарылып, қардың үстінде қалдым. Сол жақтан жерімде медициналық санитарлер тауып алып, ішек-қарнымды сол қалпында орнына салып, ит жегілген шанаға жатқызып, өздері басқа ауыр жарақат алған солдаттарды іздеумен әлек. Көзімді әзерде ашам, жабам, ашам, жабам, көз алдымда шанаға жегілген төрт ит қана. Бір қызығы, иттердің соншалықты ақылды, сабырлы, үйретілген, минаның дыбысын естісе, жата қалады да, сәл басылғаннан кейін қайта тұрып жөнеледі. Дәрігерлік санитарлық бөлімшеге жеткенше, орман ішінде дүрс етіп минаның құлағаны естіледі. Иттердің үйретілгені соншалықты, ешкімнің бағыттауынсыз дәрігерлік санитарлық бөлімшеге жеткізді...».

Атам госпитальда біраз жатып, кейін қайта соғысқа қатысты. Сол соғыс жолдарымен 1945 жылы Берлинге 100 шақырым қалғанда, қайта жарақат алып елге оралады. Соғыста жүріп алған мақтау қағаздарының көбін майданда жоғалтып алған. 1948 жылы Мапруза әжемізге үйленіп, балалы-шағалы болып, қайтадан соғыстан кейінгі жүдеп қалған ел өміріне араласады. Әжем сол жылдары У-2 темір дөңгелекті тракторын жүргізетін. Екеуі отау құрып, ауылда еңбек етті. Атам 1946-1947 жылдары өлшеуші, қоймашы, тексеру комиссиясының төрағасы қызметтерін атқарды. 1951 жылдан бастап мал саласында зейнеткерлікке шыққанша жұмыс жасады. Бұл салада 50 жыл еңбек етті. 2006 жылы атам төсек тартып, сол жылы 16 тамызда дүниеден өтті. Ол кезде мен бар жоғы үште едім. Шіркін, атамды тек естеліктерден, фотосуреттерден әжемнің сөздерінен қандай тамаша адам болғанын ғана білемін, атамды тағы өзім-танып білгенімде ғой, қуанышымда шек болмас еді. Атам Жеңістің 70, 80, 90, 100 жылдығын көрмесе де, немере-шөберелерінің қызығын көріп кеткенде ғой! Мен мектепте менің атам Ұлы Отан Соғысының ардагері болған деп қуанышпен, мақтанышпен айтып жүрмін. Сыныптастарым да маған қызғанышпен қарайды. Атамды да, атама демеу болған әжемді мақтан тұтамын. Себебі біздерге бақытты балалық шақ пен бейбіт өмірді сыйлаған атам мен әжемді ерліктің үлгісі деп түсінемін. Әжем тың жылдарында еңбек етіп, елдіктің ауыр жүгін жауапкершілікпен

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

көтеріп, туған жерден алыста, батыста шайқасқан ардагер жауынгерлердің сенімді көмекшісі бола білді.

Сол кешегі отты жылдардағы өрімдей жас, қазір 80 жастан асқан Мапруза әжем, атамның ел басына күн туған қиын сәттің алдарына тартқан ауыртпалығын мойымай атқарғанын, оның ешқайсысын да керемет ерлік жасап жүрмін деп ойламағанын 60 жылдан астам уақыт өткен соң толқи еске алады. Қазір ол – 7 бала, 23 немере, 12 шөбере көріп отырған бақытты әже.

Атам сұрапыл соғысқа қатысты, қалаларды азат еткені үшін, шайқастарда көрсеткен ерліктері үшін келесі медальдар, ордендерімен марапатталды: 1966 жылдың 14 желтоқсанында «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 20 жылдығы» мерекелік медалімен; 1970 жылы «Қажырлы еңбегі үшін В.И. Ленин» медалімен; 1969 жылдың 9 қазанында «КСРО-ның Қарулы күштеріне 50 жыл» мерекелік медалімен; 1970 жылдың 6 мамырында «КСРО-ның Қарулы күштеріне 50 жыл» мерекелік медалімен; 1975 жылдың 26 наурыз айында «1974 жылғы Социалистік жарыс жеңімпазы» белгісімен; 1976 жылы «1975 жылғы Социалистік жарыс жеңімпазы» белгісімен; 1976 жылдың 16 наурыз айында «Тоғызыншы бесжылдық екпіні» белгісімен; 1977 жылдың 30 қыркүйегінде Жайма совхозында шопан болып жұмыс жасағанда «Коммунистік Еңбектің Екпіні» атағымен; 1977 жылдың 28 наурыз айында «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 30 жылдығы» мерекелік медалімен; 1979 жылдың 20 наурызында «КСРО-ның Қарулы күштеріне 60 жыл» мерекелік медалімен; 1980 жылдың 9 қазан айында «Оныншы бесжылдық екпіні» белгісімен; 1985 жылдың 7 мамырында «Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 40 жылдығы» мерекелік медалімен; 1985 жылдың 11 наурызында «Отан соғысының II дәрежелі» орденімен; 1985 жылдың 20 тамызында «Он бірінші бесжылдық екпіні» белгісімен; 1995 жылдың 5 мамырында «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы Жеңісінің елу жылдығы» мерекелік медалімен; 1997 жылдың 2 ақпан айында Кеңес Одағының Маршалы Г.К. Жуков медалімен марапатталды. 1999 жылдың 8 қазанында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкіметтері басшыларының Кеңесінің шешімі негізінде 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 55 жылдығы құрметіне «1941-1945 ж.ж. Соғыс ардагері» Белгісі тапсырылды. Қазақстан Республикасының Президентінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі №1439 Жарлығы «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. 2004 жылдың 17 қыркүйегінде Украина Президенті А. Кучманың жарлығымен «Украинаны фашистік басып алушылардан азат етуіне 60 жыл» медалімен марапатталды.

«Ер есімі – ел есінде» демекші, адамзат баласының шежіресінде ең қасіретті соғыс болғанын оның қасіретін тартқан елдің ұрпақтары жақсы біледі. Әсіресе, ел басына күн туғанда халқын қызғыштай қорғаған жауынгер ерлігі мен еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмақ емес, себебі ешкім де, ешқашан да ұмытылмайды...

Зейнулова Равиза

11 сынып Федоровка ОЖББМ
Павлодар облысы, Качирауданы Федоровка ауылы
Жетекшісі: Байжунусова Ардак Жасулановна

Отаның үшін жасауың керек неше ерлік,
Қажеті қанша жігітке жігер өшерлік.
Отаның үшін махаббат керек, махаббат,
Отанын сүймеу – есерлік!
Ғ.Қалибекұлы

Біз – бақытты ұрпақпыз!

Осындай бақытты күнді елі мен жері үшін арыстандай алысқан жеңімпаз жауынгерлер біз үшін, келер ұрпақ үшін сыйлады. Аллаға шүкір ата-бабаларымыз армандаған Тәуелсіздігімізге ие болып, 71 жыл Қазақтың ержүрек қаһармандарының арқасында біз бақытты, тәуелсіз, бейбіт, ашық аспан астында, сыйластықта өмір кешіп жатырмыз. Біздің Отанға деген махаббатымызды өлшеуге болмайды. Мен өз елімнің патриотымын. Патриотизм дегеніміз, өз Отанына деген сүйіспеншілік, өз халқына берілгенділік, өз Отанының мүддесі үшін кез келген құрбандық пен ерлік жасауға дайын тұрушылық. 2016 жыл Ұлы Жеңістің 71 жылдығы мен сұрапыл соғыстың басталғанының 75 жылдығы екені баршаға белгілі. «Өткенді білмей, болашақты болжау қиын» деген ұлағатты сөз бар. Тарих кеші үнемі жаңаланып отырады десе де, ұмытылмайтын, ескірмейтін тарихи оқиғалар болады. Соның бірі әлемді дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыстың қасіреті. Қалайша тарихты ұмытамыз....? Маусым айы, таң шапағы жаңа ғана арайланып келе жатқан кезде елімізге қауіп төнді. Тыныштық мезетте беймәлім дыбыстан үзілді. Халқымыз адам айтқысыз қиын қыстау кезеңге душар болды. Көгілдір, таза аспанымыз қара түске боялды, фашист ұшақтары қала, ауылдарға оқ атты, айналаны тас-талқан қылды. Сол сәтте-ақ табиғат әсем бейнесінен айырылып, тіршілік атаулы үрейге бөленеді. Бір сәт бәрін түп тамырымен өзгертіп жіберді. Соғыс... осы сөздің мағынасы қаншалықты қатыгез, сұрапыл болса, соншалықты соғыс жылдары бізге жағымсыз, қорқынышты, көз алдымызға қантөгіс, қырғын, ажал атты көріністер елестері анық көрінеді. Соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиып, жүздеген қала мен елді-мекендерді тып-типыл етті. Сөйтіп соғыс әр үйге, әр отбасының өміріне жазылмас жара ізін қалдырды. Сұрапыл соғыс қанша үйдің адамын ұрлады, қанша үйде оттар сөніп қалды, қанша аналар ұрыс даласынан келген қаралы қағазға сенбей ұлдарын күтумен өмірден өтті.

Ең қасіретті соғыс, алапат өртті ауыр соғыс өз салмағын жұртқа 4 жыл, яғни 1418 күн мен түнге созылды. Мындаған бейкүнә адамдар еш аяусыз қырылды.

Майданға біздің қазақстандықтар да өз еріктерімен армия қатарларына қосылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де соғысқа сұранды. Армия қатарына 1 миллион 196164 қазақстандық қосылып, әрбір бесінші адам майданға аттанады. Қазақ халқы: «Қыз тәрбиелегенің – ұлтты тәрбиелегенің» деген. Қазақ қыздары қай салада да өздерін жақсы жағынан көрсете біледі. «Ат ауыздығымен су ішкен, ер етігімен су кешкен» сұрапыл соғыста ерлермен бірге қолдарына қару алып, Отанын қорғауға біздің батыр апаларымыз Шығыс жұлдыздары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова да асқан ерлік көрсетіп, батырлықпен қаза тапқан. Хиуаз Доспанова Ұлы Отан соғысында ұшқыш болған алғаш қазақ қызы еді.

Ұлы Жеңіске үлкен үлесін қосқан Бауыржан ағамыз 1941 жылдың күзінен бастап, соғыс аяқталғанға дейінгі барлық шайқастарға белсенді қатысты. Соғыс жылдарында батальон, полк, дивизияны басқарды.

Біздің ел қорғандары, батырларымыз тарихта ешқашан ұмытылмас, жұлдыздай өшпес шоқ сияқты. Ұлы Отан соғысына қатысқан аты аңызға айналған аға апаларымызды тарих бетінді «Батыр» деп жазды.

Ер есімі ел есінде. Кір жуып, кіндік кескен жері үшін, аялап, әлпештеп өсірген елі үшін, жанған отқа түсіп, жалын кешкен, ер азаматтар естен шықпайды. Олар тарихта өшпес із қалдырды.

Жауға қарсы шайқастар, алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартып, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі, азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Елі үшін жанын қиып, кеудесін оққа тосқан жерлестеріміздің ісі өскелең ұрпаққа үлгі болары сөзсіз. Жеңістің ізі жатыр батыр салған. Уақыт болса өтеді ескен желдей. Бірақ бұл жандардың ұлағаты мәңгі өшпес. Елбасымыздың қолдауымен, халықтың қолдануымен мейрамдар, көптеген игі іс-шаралар жоспарлануда, іске асуда. Қазақстанның жері, мәдениеті, тілі, тарихи дәстүрі, ұлттық рухын сақтап қалған батырларымызға шексіз ризашылығымызды білдіреміз.

Отанның тыныштығы үшін жұдырықтай жұмыла білген батырларымыздың есімі ешқашан ұмытылмайды. Бүгін Қазақстанның барлық ауылдарында, аудан, қалаларында, Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері жылдан жылға өтуде. Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек.

Аға ұрпақтың жүріп өткен даңғыл жолын жалғастырушы біз, жастар.

Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз-болашақ Отанын сүйуге, елінің, жерінің адал патриоты, достық пен бірлік туралы түсінік беру

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

арқылы Отан сүйгіштікке тәрбиелеу. Жеңіс күні-бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке.

Бұл мереке бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығы,Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны,тылдағы жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ .

Ерлікті, елдікті сақтайық!Келешек еліміздің дархан даласы кең,аспаны ашық болсын!Еліміз тыныш, басымыз амандықта, халқымыз татулықта өмір сүре берейік. Тоғыз сөздің түйінін бір өлеңмен толғатайын.

Жан-жағынан көздеген жау бүйірді,
Қанша тағдыр, қанша өмір қиылды.
Қазағымның сан мыңдаған ұлына,
Басқа жердің топырағы бұйырды.

Жігіттер мен қазағымның қыздары,
Жауға қарсы Отан қорғап ұмтылды.
Ерлігіңді ұрпақтарың ұлықтайт,
Біздерге ол, біздерге ол мәңгі үлгі.
Ұрпақтарың қадірін біліп жүрсін,
Жеңіс бізге келмеді оңайлықпен.

Избасарова Карина

9 сынып, Дарынды қыз балаларға арналған
облыстық қазақ-түрік лицей-интернаты
Павлодар қаласы
Жетекшісі: Жумабекова А.С.

Ерлік те, елдік те – ұрпаққа аманат

Ерлік деген сөзді әр адам өзінше түсінеді. Біреу ерлік күнделікті күйбең тіршіліктегі болмашы нәрселердің өзін ерлік деп бағалайды. Шын мәніндегі ерлік ата-бабаларымыздың қан майданда, фашистер шебінде, өмір мен өлім арпалысында болды. 7 сағат бойы ашық оқ астында жер бауырлап, еңбектеп жүріп Рейхстагқа ту тіккен Рахымжан Қошқарбаев, 305 рет жауға қарсы шабуылға шығып, әуе шайқасында жауды күйреткен Талғат Бигельдинов, жаудың дзотын өз кеудесімен жапқан Сұлтан Баймағамбетов, жаудың танктерін өз ұшағымен жарған Сергей Морозов, қансырап жатып жауға оқ боратқан батыр Әлия, 3 сағат бойы жау әскерімен жалғыз күресіп, 70 фашистің көзін құртқан өр Мәншүк! Міне, ерлік деп осыны айтамыз!

Мәскеу мен Ленинградты қорғауға, Сталинград түбіндегі, Курск иініндегі, Днепрді алудағы шайқастарға, Украинаны, Беларусьті, Молдованы, Балтық елдерін және Еуропаны азат етуге қазақтың батыр ұлдары мен қаһарман қыздары қатысты. Еліміздің әрбір алтыншы тұрғыны майданға жіберілді, соғысқа қатысқан 1,2 миллион қазақстандықтардың 640 мыңы ұрыс даласында қаза болды. Соғысқа қатысқан 1,2 миллион қазақтың бірі - менің атам Ахметов Избасар. Ұлы жүз Жалайырдан шыққан атам да Ұлы Отан соғысының ардагері, соғысты өз көзімен көріп, жауға қарсы мылтық асынып, Отан үшін шайқасқан атам – мен үшін ерліктің нағыз үлгісі. Атамнан соғыс туралы көп естімесем де, соғыс туралы оқып-білгенім мен фильмдерден көргенім-ақ мені түршіктірді. Бірақ бәрі өтті. Өлгендер қайтып келмейді. Сынған тағдыр мен өшкен үміттер, жауапсыз хаттар қала бермек... Бұл оқиға тарихта қанды әріптермен жазылып қалды. Ал біз, келешек ұрпақ, не істеуіміз керек? Біз соғысты көрмедік, көрсетпесін деп тілейік. Біздер үшін, біздің тыныштығымыз бен бейбіт өміріміз үшін болған осы құрбандықты терең түсініп, қолда барды қадір тұтуымыз керек. Себебі ерлік те, елдік те – ұрпаққа аманат.

Ишимова Ризагүл

10 сынып, №3ЖОББМ

Железин ауданы

Жетекшісі: Зеймуллаева Т.С.

Жеңістің 71 жылдығы

Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп күйдіріп жібере алады. Біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол—Отанға деген сүйіспеншілік.
Бауыржан Момышұлы

Ұлы Отан соғысының тарихы көптеген жеке адамдардың өмірінен құралады. Олар жанын құрбан етті, бірақ артқа шегінген жоқ, туған жерінің алдында борышы өлім туралы ойлардан, қорқыныш сезімдерінен алда тұрды. Біздің еркіндігіміз және бостандығымыз қандай бағамен бізге келгенін біз жақсы білеміз. Бұл батыл және қайсар адамдарының алдында біз әрқашан да парыздармыз.

Осы жылы біз Ұлы Жеңістің 71-жылдығын тойлаймыз. Қазіргі ұрпақтарымызға кеңес адамдардың иығына түскен барлық қиындықтарды елестету қиынға түседі. Жеңіске жетуінің қайнар көзі—халқымыздың асқақ рухы мен туған жеріне деген ыстық махаббаты болып табылады.

Жеңіске адамдардың терең патриоттық сезімдер арқасында жеттік деп есептеймін. Туған жерін жау қолына бермеу әрбір кеңес адамы түсінгені мәлім.

Әр жылмен біз соғыс кезінен алыстап бара жатырмыз. Бірақ, адамдар соғыс кездегі жамандықты уақыт ешқашан өшіре алмайды. 71 жыл арамызда қалды. Соғыс зардабын көрген адамдардың қатарлары азайып бара жатыр. Халықтың жадында сол кездегі қиындыққа төзеп алған бүкіл елдің ерлігі мәңгі сақталады. Адамдар Отан үшін, өз өмірлерін ойламай қиып берген.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді **соғыстың** алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн —

Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ашшы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл **Ұлы** мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы.

Ұлы Отан соғысы тарихының беттерін парақтаған адам жеңіс сағатын соқтыруға Қазақстанның қосқан үлесі телегей-теңіз екенін байқар еді. Осы бір аяқ астынан басталған әділетсіз арпалысқа Қазақстаннан 2 миллионға жуық түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылды. Майдан даласынан 394 мың қазақ боздақтары қайтпай қалды. Бұл соғыс қайғы-қасірет әкелмеген бірде-бір отбасы болмады... Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты. Қаншама жас боздақтардың қыршын жасы қиылды... Ішінде ақын да, әншісі де бар еді. Қауызын ашпай көктей қырқылған сол жастардың ішінде, әттең дариға-ай, қанша Абай, қанша Шоқан кетті.

Осы соғыста менің әжемнің әкесі қатысты.Тілебалды Дүйсенов 1926 жылы Новосібір облысында туған.Жас кезінен бастап әкесімен бірге мал баққан.1938 жылы 5 жылдық мектепті бітіреді.1943 жылы тамыз айында соғысқа алынады.Сол жылы ол он жетіге ғана келген.2-нші Белорус майданын басқарған атақты қолбасшы Рокосовскийдің дивизиясына келіп қосылады.Нарва,Висла өзендерін неміс басқыншыларынан азат етуге қатысады.Кенисберг қаласы үшін шайқаста қатты жараланады.1945 жылы мүгедектігіне байланысты соғыс аяқталмай елге қайтады.«Германияны жеңгені үшін» және Жеңістің 25,30 жылдығы медальдарымен марапатталған.Соғыс аяқталғаннан кейін менің атам қоғамдық өмірге белсене қатысқан.Менің ойымша, сол қайсар және қатал соғыс уақытта атам өзінің азаматтық және әскери парызын туған жерінің алдында толық мөлшерінде ақтады.Мен оны көрмесем де,бірақ мен оның сол уақытта ең бірінші қатарларында тұрғанына өте мақтан тұтамын.

Осы соғыста жауынгерлерден басқа Отанда қалған әйелдердің,қариялардың,жасөспірімдердің үлестері қосқан маңызы зор.Олар барлық қиындықтарда қарамай өз қажырлы еңбектермен жеңістің күнін жеткізді.Бірақ ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті.

Сол соғыста өзінің қайсар ерлігімен, қайратты мінезімен жауынгерлерге жігер берген бабаларға мың алғыс.Қарт ақын Жамбыл Жабаев өзінің “Ленинградтық өренім” өлеңі арқылы жауынгерлерге рухани күш беріп,жеңіске деген сенімдерін нығайтып,үміт отын маздатты.

“Ленинградтық өренім”өлеңі-қоршауда алғанленинградтықтарға,қаланы қорғаушыларға арналған Жамбылдың жыры.Өлең орыс тіліне аударылып,майдан даласына таратылды,қала көшелеріне,үйлердің қабырғаларына жазылып,ілінді,радиодан оқылды. “Мен түнгі соғыс дабылынан ұйқы көрмей,қабақтары шарт түйілген адамдардың арасында

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

тұрдым. Солдаттар, офицерлер, теңізшілер, противогаз киген көк комбенизонды қыздар-барлығы да Жамбылдың жырын шың көңілмен дүниенің көз көріп, құлақ естімеген қиын шағында туған адамынан келген хаттай оқып жатыр... ”-дейді өзінің естелігінде белгілі орыс ақыны, қазақ әдебиетінің досы Николай Тихонов.

Сол кезде орыс жазушысы, публицист Всеволод Вишневский “Правда” газетіне былай жазды: “...қалаға тез тараған плакаттан Жамбыл ақынның “Ленинградтық өренім” өлеңін оқығанда барлығымыз көзімізге жас алдық. Жылап тұрып қайта-қайта оқыдық. Қазақ халқының достығы мен сүйіспеншілігіне шексіз риза болдық. Алыста жатса да, арқа сүйер тірегіміз барына қуандық”.

Менің ойымша, біздің халық еңбек, ерлік, бірлік, ынтымақтастық арқасында сол Жеңіс күніне жетті. Сонымен, қазіргі күнде де осы құндылықтардың маңызы өте мол. Әр адам өз жұмысында, өз жанұйясында, достар арасында соны ұмытпаса біздің мемлекетімізде, барлық жерде жамандық қайталамайды. Соны ұмытпандар, адамзат!

Каримов Мамыржан

бсынып, Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға
арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты,

Павлодар қ.

Жетекшісі: Кенжебаева Д.Қ.

Өлмейді ісі мәңгілік

Ұқсаттым өршіл тұлғанды
Ақша қар жапқан шыңдарға.
Жүректен туған жырларды
Асқар тау-ата тыңдар ма.

Ә. Ысқақ

Ұлы Жеңістің 71 жылдығы қарсаңында елімізде соғыс ардагерлерінің ерлігін паш етіп, Отан үшін, келешек ұрпағы үшін, жан аямай майдан кешкен майдангерлер үшін Елбасының қолдауымен жасалып жатқан игі істер баршылық. Солардың арқасында бейбіт өмір сүріп отырған ұрпаққа майдангерлерге осындай құрмет көрсету парыз деп ойлаймын.

Соғыс жаңғырығы жылдан-жылға алыстап барады... Ол туралы үлкендерден, көнекөз қариялардан естіп жүреміз. Кинолардан, деректі фильмдерден көреміз. Әйтсе де өткенге көз жүгіртпей, болашаққа бағдар жасау мүмкін емес. XX ғасырдың орта кезінде болған алапат соғыс Екінші дүниежүзілік соғыс болса, соның бір бөлшегі Кеңес Одағының тарихындағы Ұлы Отан соғысы болды.

Жан алысып, жан берісер майдан шебінде қасық қаны қалғанша жау оғына қасқая қараған аталарымыз да ұрпақ жүрегінен ұмытылмақ емес. Осы орайда осы сұрапыл соғысқа араласып қан кешкен марқұм нағашы атам – Кенжебайұлы Камариден туралы сыр шерткім келеді.



Нағашы әжем Кенжебаева Майра Садуақасқызының айтуы бойынша, 1924 жылы Ақтоғай ауданында өмірге келген, тереңнен тамыр тартқан елдің ұрпағы Камариден Кенжебайұлы қасиетті де киелі Әуелбек топырағынан нәр алып, өсіп-ержетіп, шебер ұйымдастырушылығымен биік белестерден көрініп, өзіне жүктелген, сеніп тапсырылған істерді қалт жібермей орындап отырған атамның өткен өмір жолы өз алдына тарих десе де болады деп әңгімелейді.

Атам 1942 жылы 9 қыркүйегінде 18 жасынан әскер қатарына шақырылып, жалындап тұрған жас жігіт Отан қорғауға аттанады. Алайда, ешбір сында сүрінбей, дұшпан алдында именбей ерекше ерлік көрсетеді. Соғыстың соңғы кезеңін 1943-44 жылдары 106-шы

шекара әскерлері атқыштар полкында жалғастырады. 1944 жылдың қараша айынан бастап 1949 жылдың наурыз айына дейін осы полкта Отан алдындағы міндетті әскери борышын өтеу үшін қызмет етеді. Неміс-фашистік басқыншыларымен қиян-кескі соғыста танытқан ерлігі үшін «1-ші деңгейлі Отандық соғыс» ордендерімен, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 20 жылдығы» мерейтойлық естелік медальдарын және әр жылдары табысталған Жеңіс төсбелгілерін кеудеге қадады.

Майданнан аман-сау оралған атам 1949 жылдан 1953 жылға дейін әскери комиссариаттың жолдауымен Ертіс ауданында НКВД-да жедел уәкіл қызметін атқарады.

Бұдан кейінгі бейбіт өмірде еңбек жолын әртүрлі салада басшылық қызмет атқарумен жалғастырады. Өмірінің соңғы жылына дейін халық алдында, Отан алдында адал қызмет етті.

«Ерлік – ердің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті» деп Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай, аман оралған атам, ел шаруасын жөндеуге атсалысқан. Атамның елге келіп, халық үшін орасан еңбек жасағаны біздер үшін өшпес өнеге. Әжеміз Майра Садуақасқызымен он бір бала тәрбиелеп өсіріп, немере, жиен сүйді. Зейнеткерлікке шыққан кезінде туған жері Әуелбек ауылында мешіт ашуды қолға алып, осы істің басы-қасында жүрген. Осы жөнінде көпшілік атынан өтініш жазып, аудан, облыс, дін орталығы орналасқан Алматыға дейін барып 1990 жылдың 9 қаңтарында сол кездегі қазақстан мұсылмандар қауымының дін басы Нысанбаев Рәтбек қажының қолы қойылған рұқсат қағаз алды. Қазіргі таңда ауыл мешіті жаңа қонысқа көшіріліп, имандылық жолына түскен халыққа қызмет атқарып отыр. Қазіргі уақытта мешіт үйі жаңа қонысқа көшіріліп, имандылық жолына түскен қауымға өз қызметін атқарып отыр.

Адам өмірі өзіне бұйырған арнамен жылжып, мәуелі бәйтеректей тамырын тереңге жайып, жайнай түсіп, бақытты ғұмыр кешеді. Атам өмірге келген өз ұрпағымен қуанышқа, шаттыққа бөленді. Жиен-немерелерін сүйген өнегелі ата болды. Адалдығы мен еңбекқорлығы, ізгілігі мен ізденімпаздығы жарасқан біртуар азамат еді.

Арманға кімдер жеткен, біз - артында қалған балалары, немере-шөберелері- атамызды жиі-жиі еске алып, оның осындай өмір өткелдерін ардақ тұтып, мақтан етеміз. Атамыз балаларына, немерелеріне адал жүрегінің иманын мирас етіп қалдырып кетті.

Атамның ұрпақ үшін, жарқын болашақ үшін жан берер қаһарман болғанын мақтан тұтып жасаған ерліктерін үлгі етеміз. Және оны сағына еске ала отырып мына бір Жұбан Молдағалиев атамыздың өлең шумақтарын арнағым келеді.

Өлмейді ісі мәңгілік,
Өшпейді абзал есімдер.
Ұрпаққа жетіп мәңгілік

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Кешпейді асыл ер.

Бізге бейбіт өмір сыйлаған барша соғыс майдангерлерін өзімнің бауырларымның, туыстарымның және достарымның атынан осы қастерлі мереке – Жеңіс күнімен құттықтаймын. Ардагерлеріміздің есімі алтын тұғырдан түспесін деп тілеймін

Касенова Диана

10 сынып, Шөптікөл жалпы орта білім беру мектебі

Баянауыл ауданы

Жетекшісі: Абилова Г.Н.

Мәңгілікке желбіресін жеңіс туы

Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген,
Оқ даусы мәңгілік жойылсын.
Бомбаның орнын тегістеген,
Күректер музейге қойылсын.

Біздің ата – бабамыз түрлі қанқұйлы соғысты басынан өткерді. Олардың ең соңғысы – Ұлы Отан соғысы болды. Олардың соғысқа қатысқандағы мақсаты – ұрпақтарының яғни, біздердің жақсы өмір сүруімізді, бейбітшілікте өмір сүруімізді қалады. Осылайша, аттың жалында, түйенің қомында жүріп; біздерге бейбіт өмірді орнатып берді.

Уақыт өткен сайын аталарымыз сыйлаған Жеңістің маңызы артып келеді. Олар көрсеткен ерліктері бүгінгі ұрпаққа өнеге. Отан сүйгіштік қасиет әркезде де қастерлеуге тұратын қасиеттердің бірі. Осы ұғым біздің үлкен құндылығымыз болуы керек деп ойлаймын. Тек майданда ғана емес, тылда жұмыс істегендердің де еңбегін жоғары ілтипатқа лайық. Себебі олар соғыс кезінде майдан шебіндегі солдаттармен бірдей қиыншылық көрді, бірдей азап шекті.

Соғыс, соғыс. Қандай суық сөз бұл! Сол сұрапыл жылдарда қанша азамат жер құшты, қанша бала әкесінен, қанша ана баласынан, қаншама үй тірегінен айырылды. Ауылдан сән, өмірден мән кетіп, сұрықсыз бір дүниеге айналды. Ашаршылық пен ауыртпашылық бастан кешкен олар да Жеңісті жақындатуға көп үлес қосты. Таңның атысынан куннің батысына дейін тізе бүкпей жұмыс істеген сол бір қайратты да қайсар жандарға да бүгінгі ұрпақтың ризашылығы шексіз болса керек. Үлкен қауіп пен қатер, қайғы мен қасірет төнген сол бір ауыр уақытта біздің халқымыз сыннан сүрінбей өтті. Оттан да ыстық Отан үшін от кешкен майдангерлер өшпес ерлік көрсетті. Бұл тарихқа алтын әріптермен жазылды.

Олардың қаһармандық өнегесі бүгінгі жас ұрпақтың жадында мәңгі сақталуы тиіс. Отаншыл болу – ең алдымен өткенді білу. Осынау қойнауы қазынаға толы байтақ даланың әр пұшпағын бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғағанын ұмытпау – парыз... Отан сенің отбасыңнан, аядай ауылыңнан, сол жердің тасынан, суынан, топырағынан басталады. Қазақ жері – киелі, қасиетті. Оны малмен, ақшамен, алтын – күміс, асыл тастармен бағалауға келмейді. Отаншыл болу – ұлтжанды болу. Ұлтсызда Отан жоқ. Болмақ емес. Ата салттың қадіріне жетпеген, ана тілін

ардақтай алмаған бозөкпе отаншыл болып жарытпайды. Қай жерде «қарны тоқ, көйлегі көк» болса, сол жерді жайлы мекен санайды. Отаншыл болу – бір-біріне бауырмал болу. «Жақыныңд жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» дейді дана халқымыз. «Бірінді қазақ, бірін дос көрмесен істің бәрі бос» дейді кемеңгер Абай... Ыңтымағы жарасқан елді көргенде, жаудың құты қашады. Бірлігіміз барда тас қамалдай берікпіз. Қай кезде де азаматтың өз Отаны алдында парызы болады. Азаматтың қасиетті борышының бірі – Отан алдындағы парызын өтеу. Кез келген адам бейбіт заманда да Отанын қорғай алады. Ол дегеніңіз қолға қару алу емес, өз Отаныңның білімді, өркениетті, салауатты перзенті бола алу. “Отан үшін отқа түс, күймейсің” деген екен батыр Бауыржан Момышұлы. Ол – Отан үшін еткен еңбектің ешқашан зая кетпейтіндігі.

Біздің жерлес аталарымыз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Ұлы Отан соғысының майдан шебіне аттанып, өзінің ерлікті істерімен Жеңіс күнін жақындата түскен жерлестеріміз мың сан. Байтақ елімізді баспалап кірген жауға қарсы күреске біздің облысымыздан 46257 адам қатысқан. Ертіс жағалап, Баян тау бөктерін төңіректей қоныстанған бар елді мекендерімізден аттанған жауынгерлердің 22252 – сі майдан даласынан оралмады. Сол жаужүрек жауынгерлер арасында ер деп ерекшелеп, батыр деп бөліп айтар тұлғалар да аз емес. Ғұмыр – тіршілігі біздің облысымызбен тығыз байланысқан 23 азамат Кеңестер Одағының Батыры атағына ие болған.

Олар:

Серік Мүткенов майданға Павлодар облысы Краснокутск (Ақтоғай) ауданынан аттанды. 1 Украин майданындағы әскери бөлімшеде 45 миллиметрлі зеңбірекшілер взводының командирі болды. 1944 жылы Украин даласында фашистермен қиян – кескі ұрыста ерлікпен қаза тапты. 1944 жылы 9 ақпанда Отан үшін жастығын қиған ер жауфңгер Серікбай Мүткеновке Кеңестер Одағының Батыры атағын берді.

Қабдеш Нұркин – 1923 жылы Павлодар облысы Шарбақты ауданы Үшқамыс ауылында туған. 1942 жылы сәуірде Лебяжі аудандық халыққа білім беру бөлімінде қызметте жүргенде Кеңес әскері қатарына шақырылды. 1942 жылы Ұлы Отан соғысында алғаш жауынгерлік шайқасқа қатысады. 1943 жылы атқытар ротасының командирі болып, 1945 жылы соғысты аға лейтенант шенінде аяқтайды. Полковник әскери дәрежеге дейін көтерілді. Екі қызыл Жұлдыз, бірінші дәрежесіне Отан соғысы, Александр Невский атындағы тек командирлерге берілетін әскери ордерінің иегері.

Қалмұқан Исабаев – 1925 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданында туған. 1943 жылы 10 сынып партиясынан Ұлы Отан соғысына аттанды. Сол уақыттан бастап майдан шебінде жанкешті шайқастардың бел ортасында болды. Офицерлер қатарына көтеріліп, капитан дәрежесін алды. Жеңіс жылынан кейін де Германияда қалып, Ильменау қаласында комендант болды. Елге 1954 жылы ғана оралды.

Габбас Жұматов – 1920 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданында туған. Соғыс басталғанда Белоруссияда Брест қамалының әскери гарнизонында қызмет атқаратын. Фашистік Германияны шабулын алғашқы болып қабылдаған жауынгерлер қатарында болды. 1941 жылы Москвада саяси маңызы зор болған соғыс кезіндегі алғашқы мерекелік паратқа қатысады. Жеңіс күніне дейін майдан шебінде ерлер қатарында болған Ғ.Жұматов бейбіт ғұмырын ғылымға арнады.

Минжамал Тумашева - Павлодар облысы Баянауыл ауданыны тумасы. Соғыстың алдында Томбы қаласындағы университеттің медициналық факультетін бітіріп, Қазан шаһарында дәрігер болып қызмет атқарған. Медицина ғылымның кандидаты, шет елдік неміс және француз тілін жетік білген. 1941 жылы майданға алынып госпиталдарда дәрігерлік қызмет атқарды. Майдан шебінде жауынгерлерге медициналық қалтқысыз қызмет көрсеткені үшін Ұлы Отан соғысының II дәрежелі орденімен марапатталады.

Халқымызда «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болады» деген мақал бар. Жастар өз Отанының нағыз патриоты бола алу үшін үлкендер де өз соңынан ерген ұрпақты дұрыс тәрбиелеу керек. «Отаным маған не бересің деп емес, Отаным, мен саған не бере аламын?» деп өсу керек. Сонда елімізде әрқашан да бейбітшілік болады. Себебі, ертеңгі елдің тізгінін ұстар азаматтар білімді болса, олар барлық қиыншылықтарды ақылмен шеше алатын болады.

Бүгінгі ұрпақ тәуелсіз елде, бейбіт аспан астында өмір сүріп жатыр. Майдан шебінде жанын пид аеткен жауынгерлер мәңгі есімізде қалады. Отан үшін отқа түсіп, Жеңіс сыйлаған ардагерлерге тағзым етеміз. Сұрапыл да жойқын соғыста қыршынынан қиылған жауынгерлер есімі ел есінде мәңгі сақталады.

Куставлетова Азелла

8 «А» сынып, Федоровка ОЖББМ,
Качир ауданы, Павлодар облысы
Жетекші: Алтыnguжинова Гүлмира Бекешевна

Ер есімі – ел есінде!

Жер жүзінде нұр шашып Жеңіс күні,
Жақсы үміттің шырағы жанды міне!
Аспан бетін қаптаған қара тұман.
Серпіліп зұлымдықтың сөнді түні.

Жеңістің туын тіккен – 1945 жылғы 9 мамыр азаттық күрестің айбынды күні. 1941 жылы 22 мауысымда фашистік Германия Кеңес одағына опасыздықпен шабуыл жасады. Неміс басқыншылары шаттық әнді қайғылы үнге, нұрлы күнді қара түнге айналдырмақ болды. Халық үшін бұл ауыр кезең болды. Кешегі неміс-фашист басқыншыларымен болған қырғын соғыстағы жеңіс оңайлықпен келмеді. Талай ардақты азамат елі, жері үшін жанын қиды. Соның бірі, бірі емес бірегейі – кеше ғана елі 105 жылдығын атап өткен қазақтың Бауыржан батыры. Бауыржан Момышұлы 1910 жылы 24 желтоқсанда Жамбыл облысының Жуалы ауданына қарасты Көлбастау мекенінде дүниеге келген. Анасы-Рәзия, әкесі-Момыш.

Дүниеге ерлігімен танылған,
Кең жауырынды, Талғардың тік иықты
Бөрі кеуде, бүркіт қабақ Бауыржан.
Қалтыраған атынан жау ордасы,
Панфиловтың жорықтағы жолдасы,
Даңқ туын майдандағы көтерген
Гвардия бөлімінің қолбасы.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда қазақ халқының аңызға айналған атақты ұлы, даңқты жауынгер, Панфиловшы, гвардия полковнигі, кеңес жазушысы Алматы қаласында жасақталған 316-атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанды. Майдангер-жазушы Бауыржан Момышұлы әр жылдары өз көңіл күйіне оралған сезімдерін қағазға түсіріп отырған. Соғыс біткеннен кейін 1956 жылдан бастап біржола шығармашылық жұмыспен айналысады. Ол шығармаларын орыс-қазақ тілдерінде бірдей жазып өз өмірінде көрген-білгендерін арқау етеді. Жазушы шығармалары негізінен патриотизиді, адалдықты, ерлікті ту етеді. Батырдың қаламынан туған «Офицер күнделігі», «Москва үшін шайқас», «Майдандағы

кездесулер», «Ұшқан ұя» және т.б атты шығармалары жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелейтін баға жетпес асыл қазына.

Отты жүректің ыстық қанымен жазылған «Москва үшін шайқас», «Генерал Панфилов» романдары соғыс кезінде ерлік көрсеткен батыр-солдаттарға мәңгілік ескерткіш болып қалды. Бауыржан Момышұлының отаншылдық тақырыбындағы қанатты сөздері, мақалдары, тәрбиелік мән-мағынасы өз алдына бір төбе. Оның соғыс, отаншылдық тақырыбындағы қанатты сөздері шырқырап, шындық іздеген жан айқайының жаңғыра шыққан үні іспеттес. Майдангер-жазушы, қаһарман батыр елін қорғауда көрсеткен ерлігі үшін көптеген ордендермен марапатталды. Соғыс кезінде «Қызыл Ту» орденімен, «Москваны қорғағаны үшін» медалімен, Ідәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Қызыл жұлдыз» орденімен 2 рет марапатталды. Соғыстан кейін «Еңбек Қызыл ту» орденімен, «Құрмет белгісі» орденімен, «Халықтар достығы» орденімен марапатталды.

Ұлы Отан соғысында көрсеткен асқан ерлігі мен қаһармандығы үшін «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілді, 2000 жылы «Ғасыр адамы» деп танылды. Оның есімі туған ауылына, ірі қалалардың көшелері мен мектептерге берілді. Аты бүкіл әлем халқына аңыз боп таралған қазақ елінің ақиық қыраны Бауыржан атамyzдың ғажайып сырға толы өмір жолы мен көркем туындылары ұлы құбылыс болып қала береді. Туған елінің бақыты үшін күрескен халықтың қаһарман перзенті Бауыржан Момышұлы - ұрпаққа үлгі болатын ұлы тұлғалардың бірі.

Қорыта келе, қасық қаны қалғанша «Отаным» деп жауға дес бермеген, елдік пен ерліктің киесіндей, батырлық пен батылдықтың иесіндей аты аңызға айналған арда батыр Бауыржан Момышұлы – дара тұлға.

Алмас қылыштай өткір де, қайсар, шешен әрі ақын, «сөз қадірін өз қадірі, өз қадірі ел қадірі» деп бағалаған Бауыржан атамyz арамyzда болмаса да, біздің жүрегімізден келелі орынды иелетіні сөзсіз. Қазақтың басына жұлдыздай туған батырымызды ардақтау, құрметтеу – біздің парызымыз.

Қадыр Гүлнұр

9 сынып

Жетекшісі : Байгулова Б.Қ.

Ұлы Отан соғысының жеңісіне 71-жыл

1941 жылдың 22-маусымы, таңғы сағат төрт. Бұл күні талай шаңырақты от шарпып, миллиондаған адамның өмірін жалмаған адамзат тарихындағы ең сойқан соғыс басталды. Соғыс-адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағышталған. Адам адам болғалы осылай. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан. Тіпті біздің батыр ата-бабаларымыз қасық қаны қалғанша шайқасқан. Арыға бармай-ақ, 50 миллионнан астам өмірді жалмаған соңғы соғысты алайық. Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте, соғысты әділетсіздік, жауапсыздық, қан ішершілік бастайды ғой. Ол сонысымен лағынетті. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес. Таң алдында, тәтті ұйқыда жатқан Отанымыздың шекарасынан ұрланып өткен жау оғымен адам баласының тарихында болмаған бір ғаламат соғыс басталды. Сол күні жау тәтті ұйқыңды ғана бұзған жоқ. Зұлым жау бейбіт өмірге бүлік әкелді. Қыз жігітімен, ана баласымен қоштасты. Қырда қойшы қойын тастады, қолындағы таяғын винтовкаға айырбастады. Ойда диханшы трактордан түсіп, танкіге отырды. Ол кезде бүкіл ел солдат болды. Сол жылдардың бозбала, бойжеткендері ақын болуды, инженер болуды, оқымысты болуды армандаған еді. Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Сол соғыс жылдарында «Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды», - дейді батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы. Ұлы Отан соғысында ел күйреп, талай адам ажал құшты. Сол соғыста өзінің қайсар ерлігімен, қайратты мінезімен жауынгерлерге жігер берген бабаларға мың алғыс. Осы ержүрек бабалар қатарында Бауыржанның еңбегі ерекше. «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деп ұран тастаған батыр атамыз, келер ұрпақтың болашағы үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, жеңіс туын тікті. Бауыржан ата бір естелігінде: «Мен – өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүюші адаммын», - дейді. Батырдың әр қазақтың жүрегіндесақталуының себебі де, ұлтын сүйгендігінен шығар. Бауыржан Момышұлының тұлғасы маған қашанда мұзарт шыңның басында, мұнартып қалықтаған ақиық, мұзбалақ қыран болып елестейді. Бауыржан атаның қаламынан шыққан «Москва үшін шайқас», «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», т.б. шығармаларын оқып шықтым. Оның шебер суреткерлігіне, адам психологиясын танып - білудегі сезімталдығына таң қаламын. Шығармаларыңызда әр кейіпкер өзгеше бір

әлем... Әр сөйлемде тұнып тұрған сыр жатыр. Бұларды оқып қана қоймай, жаттап, үлгі өнеге алуымызкерек.

Соғыстың басынан аяғына дейін әскери бөлімдер ретінде шайқасқан 12 қазақстандық дивизияға құрметті атақтар берілді. 497 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атанды. Бұл атақты 97 қазақ иеленді, әрине айтпай кетпеске болмайды олардың ішінде қазақ қыздарыда - Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова бар. Ұлы Отан соғысы тарихының беттерін парақтаған адам жеңіс сағатын соқтыруға Қазақстанның қосқан үлесі телегей-теңіз екенін байқар еді. Осы бір аяқ астынан басталған әділетсіз арпалысқа Қазақстаннан 2 миллионға жуық түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылды. Ал Қазақстанда Майдан даласынан 394 мың қазақ боздақтары қайтпай қалды. Бұл соғыс жылдарында қайғы-қасірет әкелмеген бірде-бір отбасы болмады... Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты. Қаншама жас боздақтардың қыршын жасы қиылды... Ішінде ақын да, әншісі де бар еді. Түні бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды... Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Мәскеу түбіндегі ұрыстарда қазақ халқының көптеген ұлдары ерлікпен шайқасты. Олардың ішінде Кеңес Одағының Батырлары – Мәлік Ғабдуллин, Бауыржан Момышұлы, Рашид Жанғозин, Төлеген Тоқтаров, Рамазан Елебаев, Төлеуғали Елебековтер бар. Мыңдаған қазақстандықтар Еділ бойы мен Дон далаларында көрсеткен ерліктері үшін ордендермен, медальдармен марапатталды. Өзіміздің Қазақстандық батырларымызға ұшқыш Нұркен Әбдіровке, танкіші Тимофей Позолотинге, атқыш Гияз Рамаевқа, минометші Қарсыбай Сыпатаевқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Қазақстандық құрамалар Ленинградты қорғауға, Сталинград түбіндегі, Курск доғасындағы шайқастарға, Днепрден өту мен Украина, Белоруссия, Молдова мен Балтық елдерін, Еуропа халықтарын фашистік езгіден азат ету шайқастарына қатысты. Соғысқа аттанған жауынгерлердің артындағы ата-аналары мен туған-туыстарының қан жылап қалғаны анық. Артында ұрпақтары жоқтар қаншама. Бесіктен белі шықпай жатып әскер қатарына шақырылған жандар да көптеп кездеседі. Соның бірі менің атам – Қыздарбек Әміренов. Атамды қатал тағдыр ерте есейтіп, небірі 18 жасында әскер қатарына шақырылған. 1942 жылдың наурыздың 13-інде атаммен бірге Тоғайбаев Оқас, Естаев Жәнәбіл, Айылбаев Қарман, Насыров Қасыбай, Дайырқанов Ақашөк, Сармұратов Зайырбай, Омаров Шәйкен секілді үзенгілес достары мен ағаларының арасында кете барады. Атамның есінде туған ағасы, қазақ халқына белгілі әнші Естай Беркімбаевтың баласы Жәнәбілдің: «Енді бірімізді қайтіп көреміз бе? Оны бір құдай біледі. Қайда жүрсен де аман бол» деген сөздері жатталып қалыпты. Оқас, Ақашөк және

менің атам үшеуі Қиыр Шығыста Жапониямен болған соғысқа қатысыпты. Кезекті бір шайқаста атам сол жақ қолынан жараланып алты ай госпитальде жатады. Содан не керек айықпаған атамды 1945 жылдың 30 желтоқсанында елге қайтарады. Ұлы Жеңіс күнін қан майданда емес, ауылда қарсы алғанына атам қатты қынжылды. Өмірдің ағымымен Шұға ауылына көшіп келген атам осы жерде көптеген қызметтер атқарған. Кезінде осы Шұға ауылынан бірге кеткен жолдастарының ортасында өмір сүрген атам, қазір сол жолдастарынан түгел айырылып, ауылдағы Ұлы Отан соғысының дерегі ретінде қалған жалғыз-ақ жан. Ұлы Отан соғысы кезінде қаза болған жолдастарын еске алатын атамның көздерінен ыршып түскен жастар, оның көп қиындық көргенінің айғағы секілді. Отан үшін жанын берген атамды өміріме үлгі етіп, айтқан ақылдарын есте сақтап қана қоймай соны өз өмірімде қолдануға тырысамын.

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 71 жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пиде еткен, туған - туысқандарына, жақын - жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді. Осы жеңіске арнап «Қазағым» деген өлеңімді қабыл алсаңыздар:

"Алашым" деп ұрандаған өр қазақ,
Батылдықпен ел қорғаған ер қазақ.
Қазақ елі "қазақ" болып жеткенше,
Арылмады ер қазақтан көп азап.
Еркіндік пен тәуелсіздік жолында,
Ер қазағым берді бәрін жанында.
Қиындыққа қайыспай қарсы тұрар,
Ер қазақтың батылдық бар қанында.
Ер мінезді алыптарды тудырған,
Шындықпенен әділдікті жырлаған,
Ер мінезді дана қазақ, кең қазақ,
Құшағына бар әлемді сыйдырған.
Бағындырып асуларын ғаламның,
Шыңнан асып, бар әлемге танылған.
Тілегім сол туған елім, жеріме,
Гүлдене бер, гүлдене бер, Қазағым!

Ловчикова Венера

4 сынып оқушысы Абай орта мектебі
Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы Павлодар облысы
Сынып жетекшісі: Сатыбаева Г.О.

Ұлы жеңіс күні

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 70 жыл толды.

Бірақ Ұлы жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні- бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке-бейбітшілік пен қайырымдылық мәңгі жасампаздығың. Отанын қорғаған жауынгер - солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл- бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік катал соғыста Жеңіске жеткізді.

Соғыста бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық –шекарашылар болды. Атақты Брест гарнизаның өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, шілде айында олардың көпшілігі әскерден елге қайтулары керек болған. Бірақ жаудың шабулы олардың бұл жоспарларын күл-талқан етті. Соғыс өрті ішке қарай тез еніп, Брест қамалының тірі қалған қорғаушылар партизандар қозғалысына қосылды. Олардың қатарында 190 қазақстандық болған және олардың көбісінің сүйегі беларусь жерінде қалған.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 98 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және көп басқалар. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірілімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық –түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

«1941-1945 жалынды жылдары:

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

1. Соғыстың басталуы -22 маусым 1941 жыл
2. Брест қамалын қорғау – маусым 1941 жыл
3. Ленинградты қорғау 1941-1945 жылдар
4. Москва үшін шайқас – 30 қыркүйек 1941-20 сәуір 1942 жыл.
5. Сталинград үшін шайқас – 17 шілде 1942 – 2 ақпан 1943 жыл.
6. Курс шайқасы 5 шілде – 23 тамыз 1943 жыл.
7. Днепр үшін шайқас –тамыз желтоқсан 1943.
8. Берлин операциясы 16 сәуір – 8 мамыр 1945 жыл.
9. Жеңіс күні – 9 мамыр 1945 жыл.

Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз –Отанымызды елінің жеріміздің патриоттық , достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылымыздың отансүйгіштікке тәрбиелеу.

9 мамыр – бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз – бұл күнді еске сақтау. Біздің ардагерлеріміз. Олар кемде кемде қалды. Оларға лайықты кәрлікті қамтамасыз ету,оларға көмектесу керек.

Мұғамар Айдана

9 сынып оқушысы

Железин №3 жалпы орта білім беру мектебі,
Павлодар облысы, Железин ауданы, Железинка селосы

Жетекшісі: Даулетова Күмісай Теңдікқызы

Ұлы жеңіске 71 жыл

71 жыл бейбіт көктем таң атқалы,
71 жыл шуақты күн таратты әнін
Елімде сонан бері 71 рет
Ашылды Жеңіс күннің парақтары.
Талай құс содан бері қайта оралды,
Соғыста өлгендер тек оралмады.

Жер бетін қан сасытқан соғыс бітті!
Жер бетінен жамандық мүлдем үрікті!
Жеңістің жарқын күнін жыр қыламыз,
Аспандатып жырлаймыз жақсылықты.

Қара бұлтқа оранбасын күн көкте,
Барлық халық бейбіт өмір сүрмекте
Отанының бақыты үшін мерт болған
Батырларды есінде ұста, құрметте!

Жер жүзінде нұр шашып Жеңіс күні,
Жақсы үміттің шырағы жанды міне!
Аспан бетін қаптаған қара тұман
Серпіліп, зұлымдықтың сөнді түні!

Жаңғыртып әнмен аспан кеңістігін,
Халқымыз қуанышты тегіс бүгін
Жауды жаншып, Отанды азат еткен,
Құрметтер қарсы алады Жеңіс күнін

Шынында бұл-оралған мыңнан бірің,
Бақ нұрына жүзінді туған күнің
Жеңіс күні өзіндей көзі тірі,
Майдангерлер бәріңнің туған күнің.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Сен неткен Отан-анам, ғажап едің,
Әсемдеп кәркем тілмен жазар едім,
Болашақ ұрпағының бақыты үшін,
Жайнай бер, ұлы Отаным-қазақ елім

Мухаметкалин Мейрам

7 класс, Железинская ОСШ №2

с.Железинка

Руководитель: Костовбаева А.С.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес!

Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді.

Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман орталған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ашшы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіпкүштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Москва, сенің іргенді Ел,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Ер болып сақтаймыз
Сенен аяр жан да жоқ,
Барлығы да сен үшін,
Саған қауіп төнгенде
Жау таянып келгенде,
Қамсыз тыныш жатпаймыз
Алпыс ұлттың адамы,
Қол ұстасып үн қосып,
Қорғауға сені дайынбыз,

- деп жазған Нұрпейіс Байғанидің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті.

Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. ҰлыОтан соғысының қатпарлары парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

Биылғы жыл Кеңес Одағының батыры атағын кеш алған Бауыржан Момышұлы атамыздың жүз жылдық мерейтойы жеңістің алпыс бес жыдығымен қатар келіп тұр. Торқалы тойдың қуанышы өзі сүйген халқы үшін ерекше болмақ. Найзағайдай жарқылдаған отты ой бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. "Ер есімі – ел есінде", - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

Сағынтай Назгүл

7 сынып, Үшкұлын негізгі мектебі Баянауыл ауданы
Жетекшісі: Шокаева А.А.

Ұлы Жеңіске 71 жыл!

«Жеңіс» деген – жақсылықтың сыңары,
Жігер менен құштарлықтың құралы,
Күрескердің арманы мен ұраны,
Қуаныш пен мерекенің бұлағы.

Міне, биылғы жылы Жеңісімізге 71 жыл толмақ. Біздің бостандығымыз бен бақытымыз үшін, ел үшін, жер үшін күрескен ардагерлеріміз мәңгі естен шықпас.

Жеңіс күні. Бұл күн адамзат қауымының есінен мәңгі кетер ме? Иә, ешкім де, ешқашан да ұмытылмақ емес! Ұлы Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Оған 35 миллиондай адам қатысып, соның 20 миллионнан астамы құрбан болды. Қазақстандықтар бұл сында қаһармандық көрсете білді. Соғыста миллиондаған әйелдер жесір, балалар әкесіз қалды, аналар ұлдарынан айрылды, соғыстың қайғысы өзегін өртемеген, оның құрбандығына шалынбаған отбасы қалмады. Ұлы Жеңіске ат салысуда тылдағы еңбекте апаларымыз бен аналарымыз уақытпен санаспай, ыстыққа күйіп, суыққа тоңа жүріп өз үлестерін қосқан. Алдыңғы шептен бой тасалау сияқты әдептер қазақтың майданда соғысқан ержүрек ұлдарына мүлдем жат болған. Бұған сол отты жылдарға «Правда» газетінде былай деген: «...Қазақтар майданда қаймықпай батыл соғысады» дей келе Одақтың бас газеті олардың ерлік іс-қимылдарына дүркін-дүркін оралып отырған. Осыдан 71 жыл бұрын бұл күні адамзат тарихы аңсаған жарқын күн, сарыла аңсаған сәт туды. Бұл бақыт Отанын шексіз сүйген, жеңіске сенімді ыстық жүректері лүпілдей соққан кешегі жігіт, бүгінгі айбынды тірек-өнегелі аталарымыздың арқасында келді. Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлығы, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншілігі бүгінгі бейбіт күн жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абырой мерекесі. Ұлы Жеңіске біз ерекше ғажап күшпен жеттік. Ол күш – бірлік, қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды! Ұлы Жеңіс - он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы!

Соғыстың от-майданында жүріп «алты малтаны ас етіп», «толарсақтан қан кеше жүріп», елге жеңімпаз ретінде оралған олар соғыстың ерлік рухын, адам бойындағы бар қасиетке сын болған алапат қиыншылықта өзінің азаматтық арына дақ түсірмей, тіпті дәлірек айтсақ қазақ ұлты ұландарының ерлігі мен мәрттігі, жанкештілігі мен төзімділігі туралы бүгінгі ұрпаққа

жеткізген кешегі өткен Бауыржан Момышұлы мен Қасым Аманжолов, Жұбан Молдағалиев бастаған жазушылар мен ақындардың шығармашылық ерлігін, бүгінгі ортамыздағы қайырымдылық пен әділдіктің, патриоттықтың жыршысы мен күзетшісіндей Әбдіжәмил Нұрпейісов, Әзілхан Нұршайықов, Мұзафар Әлімбаев, Қалмұқан Исабаев және басқаларды айту парыз. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Қазақстанда жасақталған 316 атқыштар дивизиясының (командирі генерал – майор И.В.Панфилов) бөлімшелері 1941 жылдың 16 қарашасында Мәскеуге өршелене ұмтылған неміс басқыншыларының тегеурінді шабуылын тойтарып, жанқиярлық ерліктің жарқын үлгісін көрсетті. Волоколамск тас жолындағы Дубосеково бекетін қорғаған атақты 28 –ші панфиловшылар сапында Н.Есболатов, Ә. Қосаев, А.Қожабергенов, М.Сеңгірбаев сынды қазақ жауынгерлері қаһармандықпен шайқасты. Осы жылдың 18-21 қарашасында Мәскеуді жаудан қорғау шайқастарында ботальон командирі, аға лейтенант Бауыржан Момышұлының сарбаздары асқан ерлік көрсетіп, даңққа бөленді. 1942 жылы Бородино селосының маңындағы қиян-кескі ұрыста қазақ жауынгері Т.Тоқтаров ішін оқ тіліп, ішек-қарны ақтарылып түссе де атысты тоқтатпады. Арыстанша алысып жүріп, 49 фашисті жер жастандырған Төлегеннің ерлігін асқақтатқан «Жас қазақ» әні бүкіл майдан даласына жайылды. Тарихқа «Сталинград шайқасы» деген атпен енген алапат ұрыс 6.5 айға (1942 жылдың шілдесінен -1943 жылдың ақпанына дейін) созылып, ақырында, неміс басқыншыларының бетін қайтарып, меселін басқан бетбұрысты кезеңге айналды.

1943 жылы Невель қаласы үшін ұрыста пулеметші Мәншүк Мәметова ерлікпен қаза тапты. Оған Кеңес одағының Батыр атағы берілді. 1944 жылы жойқын шабуылға шыққан Кеңес әскерлері 900 күн жау құрсауында қалып, адамзат тарихы білмеген азапты күндерді бастан өткеріп жатқан Ленинград қаласын азат етті. «Ленинградтық өренім» деген жыр жолдап, аштық пен жалаңаштықтан қиналған қала тұрғындарының жігерін жанып, рухтарын көтере білді.

Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ -дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды. Шығанақ Берсиев сияқты еңбек ерлерімен қатар иықтарына үлкен ауыртпалық түскен еңбек даласында миллиондап жұмыс істеген әйелдерсіз, жасөспірімдер мен қарттарсыз Жеңіс күнін көзге елестету мүмкін бе еді?!

Мың жылда бір-ақ көрінетін кометалардай сыры да, сезімі де терең, тұңғыық дана тұлғаларымыз фәни өмірден баз кешіп, бақилық болып жатыр. Әйтсе де, Баубек пен Бауыржан батырлығы, Әлия мен Мәншүк ерлігі, Қаныш пен Әлкей білімі, Мұхтар мен Ғабит, Ғабидендердің үні, Дінмұхаммедтің парасаты – бүгінгі ұрпаққа өнеге. Отан үшін ерлікпен қаза тапқандарды ел әр уақытта да есінде сақтайды. Өйткені олар біздің бақытымызды қорғады. Отан үшін, ел үшін құрбан болды! Соншама жыл өтсе де, біз оларды үнемі еске аламыз. Батырлар туралы ән шырқаймыз, олар жайында ақындар мен жазушылар өлең, әңгіме, кітап жазады. Міне, біздер олардың ерлігін кітаптан оқимыз. Біздерден кейінгі ұрпақтар да қолынан бұл кітапты тастамайтын болады, солар сияқты ер болсам деп армандайды. Оларды еш уақытта ұмытпайтын боламыз. Олардың қазақ жері үшін жасаған ерлігі шексіз. Біз қазір ардагерлердің арқасында тату-тәтті өмір сүріп жатырмыз. Біздің осындай ержүрек қазақ батырларымыз баяғы заманда болмаса, мүмкін біздің өміріміз қазір осындай болмас еді. Сондықтан біз оларды құрметтеп, ұмытпау, қастерлеу керекпіз!

Ұлы Жеңіске 71 жыл. Осы санның астарында талай адамның өмірі, қоғам өзгерістері жатыр десеңізші?! Елі мен жері үшін жанын пиде еткен аға-апалар рухы ұрпақ санасынан ешқашан өшпей, оларға әрқашан үлгі-өнеге боп қалары анық.

Сен құрметте оны!
Түсіндің бе, қарағым?!
Ол ақшаға сатқан сатқан жоқ,
Тізеден кесіп аяғын,

- деп Әбу Сарсенбаев ақынымыз жырлағандай, олардың Отанға деген ыстық сүйіспеншілігі мен ерлігі артында қалған біздердей ұрпағына әрқашан айбынды да ержүректік үлгісі болып қала бермек. «Кез келген мемлекеттің қуаттылығы оның әскери күші мен табиғи байлығында емес, ұлттық рухының күштілігінде. Ұлы Отан соғысына қатысқан біздің апа-ағаларымыз да елін шексіз сүйген, асқақ рухы биік, туған жерінің намысын ту еткен жандар. Олар қандай құрметке де лайық...» -деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай қазақ қазақтығын Ұлы Отан соғысында, Тәуелсіздік жолында ерекше көрсете білді. Жеңіс-бұл қаһарлы 1418 күнді бастан кешкен жауынгерлер мен тыл еңбеккерлерінің бойындағы бүкіл күшқуатын жұмсап жеткен ұлы мерекесі. Отанға адалдық Ұлы Жеңістің 71 жылдығын атап өту, жауынгерлерді еске алу, ерліктерін насихаттау Қазақстанда патриотизмнің қалыптасуына септігін тигізері сөзсіз. Біз Жеңіс күнін жақындатқан, қаратүнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерге қарыздармыз. Жеңістің 71 жылдығы қарсаңында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың рухына бас иіп, олардың ерлігін құрметтеу – кейінгі буынның азаматтық парызы.

Сахимзадинова Айсана

9 сынып, Жалтыр орта мектебі,
Май ауданы
Жетекшісі: Базылбаева Э.Е.

Барша халық жеңіс күнін тойлайды,
Жас сәбилер думандатып ойнайды.
Ардагерлер көздеріне жас алып,
Ұрпақтардың амандығын ойлайды.

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 71 жылға таяп қалды. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні-бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке-бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындаған жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ. Екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы ең қатыгез соғыс болып табылады. Майданға 61 мемлекет, жер шары тұрғындарының 80% қатысты, соғыс қимылдары 40 мемлекеттің аймағында, сондай-ақ, теңіздер мен мұхиттар аумағында жүргізілді. Қарулы күштерге барлық елдерді қоса алғанда 110 млн. адам біріктірілді. Әлем халқы фашизмді жеңу үшін құндылықтарын құрбан етті. Барлық елдердегі адам шығыны - 50 млн-ды құраса, оның ішінде 27 млн. адам – кеңес үкіметінің халқы. Соғыс аяқталғаннан бері 71 жыл өтті. Уақыт өте келе бұрынғы окоптардың орны білінбей де қалды, шайқастар өткен далада қазіргі таңда егістік алқаптары жайқалып тұр, фашистер талқандаған қалалар мен ауылдар қайта тұрғызылды. Соғыс іздері Жер бетінен өшіп қалғандай, әйтсе де, жаңғырығы әр адамның жадында сақталуда.

Иә, «Жеңіс» деген сөзді сан миллиондаған адамдар төрт жыл бойы минуттап, сағаттап сарыла күтті. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ Кеңес халқы жан –тәнімен Отанын қорғады. Әрбір дүрсілдеген жүрек, әрбір жан, әрбір қала үшін кескілескен ұрыс болды. Қанішер неміс басқыншыларына қарсы еліміздің патриот азаматтары аянбай шайқасты. Ақыры олардың үміті мен сенімі ақталып, армандары орындалды. Бірақ, сол Жеңістің оңайлықпен келмегені бәрімізге айқын. Жеңіс жолында да Отан үшін от кешіп, миллиондаған қайсар азаматтар мерт болды. Жауымен жан аямай шайқасып, ерліктің ерен үлгілерін көрсетті. Бала әкесін жоғалтып, жетім атанып, ана жарын жоғалтып жесір атанды. Фашистердің қолында қаншама ана мен бала айуандықпен азаптап өлтірілді. Ал, тылда қалған қарт аналар, бесіктен белі шықпаған балалар соғыстың қайғы -қасіретін арқалай жүріп тынбай еңбек етті. Бірақ ешкімнің сағы сынбады, жігері жасымады. Олардың бойындағы отаншылдық сезімі, қолына қару алып сапта тұрған

көптеген ұлт өкілдерінің тізе қосқан бірлігі мен ерлігі жеңісті жақындата түсті. Адам қаны суша төгілген сұрқия соғыс біздің Қазақстаннан да аттап өтпеді. Жүз мыңдаған отандастарымыз соғыстың алғашқы сәтінде – ақ майданға аттанды. Жауға атылған он оқтың тоғызы Қазақстанда жасалды. Әрине, бұл қайшыласқан қан майданда соғысқан азаматтарымыздың ер ісі біз үшін бейбіт өмірді алып келді. Осы қан майданда мерт болған ерлердің рухына, бүгін арамызда биік шыңдай болып жүрген аталарымызға басымызды иіп, тағзым ету-біздің міндетіміз. Өкініштісі олардың саны күннен – күнге азаюда. Сұрапыл соғыста «ел басына күн туғанда, етегімен су кешкен» ерлер мен бірге қолдарына қару алып, Әлия мен Мәншүк апамыз да асқан ерлікпен қаза тапты. Қасиетті жеріміз, бейбіт жатқан еліміз, құлақ естіп, көз көрмеген апатқа ұшырады. Еліміздің жауынгерлері қасық қаны қалғанша шайқасты. Жеңіс жеңілдікпен келген жоқ. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес. Осы намысқой қазақтың көксегені бүгін де орындалды деп ойлаймын. Менің ойымша, бүгінгі ұрпақ- бақытты ұрпақ. Қазақ болып туғандарыңды мақтан етумен қатар, ұлты үшін намыс пен күш- жігерін арнайтын, арлы жас болып өсу бақытын тілеймін.

Ол тағы да қайталанбас үшін, біз соғыстың қасіретін есімізден шығармауымыз керек!

Өз өмірлерін қиып, бізге азаттық таңын сыйлап кеткен сарбаздарды ұмытуға біздің қақымыз жоқ! Біз бәрін жадымызда сақтауға міндеттіміз! Өткенді ұмыту – Отан үшін, келешек ұрпаққа тастап кеткен бейбіт аспан үшін күресіп, жандарын қиғандарға деген естелікке опасыздық жасау деген сөз!

Өз ардагерлеріміз туралы айтып өту жөн болар. Біздің Отанымыз үшін өмірлерін құрбан еткендердің саны жылдан жылға азайып барады. Дәл осы жандар от пен суға түсіп, окоптарда тоңып, өзендерді кешкен, және осының барлығын біз өмір сүретін жерді сақтап қалу үшін жасаған. Қантөгіс соғыстың ауырлығын қайсарлықпен көтере білген, бақытқа әрі қайғыға толы, жақындарынан айырған ұзақ ғұмырды бастан өткізген адамдар.

Сол адамдардың бірі менің нағашы атам Әубәкірұлы Қаматай. 1913 жылы туған, биыл ол тірі болса 102-жасқа келер еді. Қаматай атам көпке үлгі болған көркем адам дәрежесін көтеретін адал, әділ, кішіпейіл еңбекқор болған. Соның арқасында бұл фәни жалғанда парыз-қарыздарын ол бар мүмкіндігінше өтеп үлгеріп, енді міне, кімнің болсын алдында ары таза абыройлы ақсақал ретінде, жасына қарай жарасымды күй кешті. Айтса айтқандай, Отанына, ел-жұртына, тіпті ұзақ жыл мүше болған партияға да кінәратсыз, адал қызмет атқарып, қартайған шағында отбасының, ұрпақтарының, ағайын-туыстарының алдында абыройлы болды.

Қаматай атам 13 жасынан комсомол қатарына өтті. Ауыл шаруашылық мекетегінде партия және комсомол жұмысшыларын даярлайтын 2 жылдық курста оқып шықты. Курс 1934 жылы ақпан айында аяқталды. Оқу

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

аяқталғаннан кейін Павлодар райкомының бірінші хатшысы, Қазақстанның танымал революционердің бірі Абдулла Розыбакиевтің қабылдауында болған. 1934 жылы Семей облысының «Екпінді» газетімен қызметтесті. Алғашқысында қысқа ақпараттар жазды. 1938 жылы Павлодар облысының «Районка» газетінде корреспондент болып, КСРО журналистер одағының мүшесіне қабылданды. Жетпісінші жылдардың ортасына дейін «Шамшырақ» газетімен байланысты үзген жоқ. Соғысқа дейін Киров мектебінде пионертәлімгері болып жұмыс істеді. 1940 жылы партия мүшесіне өтті. 1941 жылы 15 шілдеде Волхов майданында 1078 атқыштар полкінің қатарында болды. Ұрыстардың бірінде бастан ауыр жараланып (II дәрежелі мүгедек), демобилизацияланып, тыл жұмыстарына ауыстырылды.

1940-1941 жылдары «Көктөбе» колхозының партұйымының хатшы қызметін атқарды. 1943-1957 жылдары Аманкелді атындағы колхоздың және Көктөбеде партұйымның хатшысы болды. 1957-1975 жылдары «Қызыл құрама» совхозының 4-бөлімшесінде цехтых партұйымының хатшысы болды. III-XXII аудандық партиялық конференцияларының делегаты болды.

Қаматай атамның ерен еңбектері үшін көптеген марапаттарының иегері:

1. «Ұлы Отан соғысы» Ордені.
2. «Германияны жеңгені үшін» Медалі.
3. «Ерлігі үшін» Медалі.
4. «Еңбек ардагері» Медалі.
5. «ҰОСда қажырлы еңбек үшін 1941-1945 ж.ж.» Медалі.

Бәрін айтып бірін айтпай болмайды дегендей, Смағұлов Матай Қазымбетұлы өз атамды да айтып кеткенім жөн болар. Ол 1915 жылы Май ауданың Майтүбек ауылында туған. 1933 жылы әскерге шақырылып 1941 жылы 42 гвардиялық 029-Н Казачье-кавалерийский полкінің қатарында болған. Шөптікөл-көмір кесіндісінде, Майқайың алтын, Май ауданындағы Қайнама көмір кесіндісінде кенші-бұрғылаушы болып жұмыс істеді.

Ардагер нағашы атам да Ұлы Отан соғысына қатысып, «Ерлігі үшін» деген Медальмен марапатталған.

Міне, ата – бабаларымыз сыйға тартқан бақытты өмірімізді қорғау - әрбір саналы азаматтың, біздердің борышымыз. Қан мен тер, қиылған өмір арқылы келген бостандық – тарихи шындық. Бүгінгі өміріміз үшін құрбан болған ерлеріміз ешқашан да, еш уақытта естен шықпайды, ұмытылмайды. Біздер соғыстың, оның сұмдықтарының, сол кезде біздің өміріміз үшін жанын қиған ардагерлерімізді ұмытуға қақымыз жоқ. Барлығын есте сақтауға міндеттіміз. Аспанымызды бұлт торламасын, ұйқымыз бұзылмасын, ата – анамыз әрқашан қасымызда болсын! - деп тілеймін.

Мен соғысты көргенім жоқ, кеш мені,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Қаралы жыл қасіретін жырламадым кеш келіп.
Бірақ, мынау мұң танымас ұрпағыңның өскені,
Емес пе ел жадында қанды жолдың өшкені.

Сәрсенбекова Жанерке

8сынып, Дарынды қыз балаларға арналған
облыстық қазақ-түрік лицей-интернаты

Павлодар қаласы

Жетекшісі: Жумабекова А.С.

Фотодағы бейтаныс адам

Атам мен әжемнің қолында тәрбиелендім. Кішкентайымнан атамның арқасынан түспейтін едім, бірге бұзау айдап, соңынан бір елі қалмайтынмын. Жаздың бір жайма-шуақ күндерінің бірі еді. Атамның үйінде өзім қожа, өзім би едім. Олардың бар ермегі мен болсам, менің ермегім – үйде жиналған ыдыс сөрелерін, әжемнің әбдіресін, атамның заттарын тамашалау. Әсіресе мені қызықтыратыны шаң басқан чемодандарды ашып, атамның ескі заттарын ақтарып, өзімше бір тексеріс жасау еді. Сондай кезекті тексерістердің бірінде қолыма фото тиді, фотодан атама ұқсайтын бір адамды көрдім. Сарғайып, бір шеті жыртылып та қалған ескі фото болатын. Қолыма алдым да, атама қарай жүгірдім. Қасына барып, кім екендігін сұрадым. Атам суретке ұзақ қарап, қасына жайғасуды ұсынды. Кейін:

- Бұл менің әкем, - деп бастады сөз басын. Алмамбетов Сәрсенбек - Ұлы Отан Соғысының ардагері. 1941 жылы соғыс басталғанда әскер қатарына шақырылады. Бірінші Украина майданында жаяу әскер бөлімінің 248-моторланған атқыштар полкінде болып, Украина жерін жаудан азат етуге қатысқан. Польша жерін неміс-фашист басқыншыларынан азат ету кезінде жүрек астынан оқ өтіп, екі рет жараланып, 1945 жылы елге оралады. Ұлы Отан Соғысында көрсеткен ерліктері үшін II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен және «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Маршал Г.К. Жуков», «Жеңіске 40, 50 жыл» сияқты медальдармен марапатталған. Бүгінгі көк аспан астында бейбіт өмір сүріп жатқанымыз - осы адамдардың арқасы. Сен атаңмен мақтануының керек, - деген болатын.

Осылайша, мен арғы атам Сәрсенбек туралы білдім. Қазір «ерлік» дейтін болса, көз алдыма Сәрсенбек атам елестейді. Әрбір Жеңіс күнінде атамның ерлігін еске алып, рухына тағзым етемін. Жеңіс... Қаншама азаматтар мен азаматшалардың төккен қаны мен тері бар бұл жеңісте. Бүгінгі қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда уайымсыз ғұмыр кешіп жатқанымыз осы адамдардың арқасы деп білемін. Менің балалық ойым – тек соғыстың болмауы.

Кейде басыма сан түрлі сұрақтар келеді. Соған жауап таппай, көзімді жұмып, соғысты өзімше елестетемін. Аспаннан бомба тастаған қаншама ұшақтар, қансыраған адамдар, қыршыннан кеткен сан азаматтар... Тура бір қорқынышты түс секілді. Осынау сұрапыл соғыста қаншама үй асыл азаматтарынан, қаншама ана торсықтай ұлдарынан, ал кейбіреулері жасында

бір гүлі ашылмаған аяулы қыздарынан айырылды. Сұм ажал оларды мезгілсіз алып кетті. Майданда жүріп кеудесінен оқ өтсе де, олар келешек ұрпақ үшін қасық қаны қалғанша күресті. Біз үшін, біздің болашағымыз үшін, туған жер үшін күресті. Ал бүгінгі қазақ халқы үшін бұл әр азамат үшін жазылмас дертке айналғандай. Халықтың басынан өткен ең ауыр кезеңдердің бірі – осы Ұлы Отан соғысы. Бұл соғыс адамзат баласына қайғы әкелмесе, бақыт әкелген жоқ. Оны өз көзімізбен көрмесек те, жүрекпен сезінетіндейміз. Сол үшін бүгінгі әрбір арайлап атқан ақ таңымызға шүкіршілік етеміз. Мен балалық шағымның бал дәмін татып, ашық аспан астында мәнді де сәнді ғұмыр кешіп жатқаныма, осы соғыста кеудесімен оқ құшқан әр жауынгерге бас иіп алғыс айтамын. Соғысқа қатысқан әр майдангер азаматтардың арқасында мен қазір елімнің ерлік пен өрлікке толы тарихын білемін. Қазақстанның жас ұрпақтары, біздер, оның ертеңгі үлкен де жарқын болашағын қалыптастырамыз деген үміттемін. Меніңше, Қазақстанда тұрып жатқан әр бала осындай қайсар жауынгерлердің ұрпағы болғанын мақтан етеді. «Ешкім де, ешқашан да ұмытылмайды» дейді. Біз оларды ешқашан ұмытпаймыз. Оларды құрметтедік, құрметтеп жүрміз, құрметтейміз де... Ескі фотолар уақыт өте сарғайып, тозығы жетер, бірақ саналы ұрпақ өз ата-бабаларының ерлігін ешқашан ұмытпайды!

Серік Камила

8 сынып, Дарынды қыз балаларға арналған
облыстық қазақ-түрік лицей-интернаты
Павлодар қаласы
Жетекшісі: Жумабекова А.С.

Атамның рухына арнаймын

Ақ сиса, қызыл сиса, сиса, сиса,
Жарасар қамзол сұлу, белін қиса.
Шорманның Мұстапасы атымды алып,
Атандым сол себептен Жаяу Мұса.

Адамдар үшін кейде бір әннің өзі өмірінің мәні, естеліктер қоймасының кілті сияқты болатыны бар. Біздің әулетіміз үшін ол - «Ақ сиса» әні. «Ақ сисаны» менің атам жақсы көруші еді, қоңыр дауысқа салып айтып та жүретін еді. Менің атам Оспанов Тұрсын – Ұлы Отан соғысының ардагері, Баянауылдың құрметті азаматы.

Тұрсын атам 1922 жылы Баянауыл ауданындағы Қарақуыс деген жерде, қазіргі Қарабұлақта дүниеге келген. Атама дейінгі аға-қарындастары дүниеден қыршын кезінен оза берген, сондықтан ата-анасы ырымдап, атын «Тұрсын» деп атаған.

Атамның өмірі жетімдік пен бейнетке толы болған: анасы Бибігүлден 12-13 жасында айырылады, сол күннің кешіне қарай қарындасы қайтыс болады, ал бір-екі айдан соң әкесі Оспан дүниеден өтеді. Атам жетім қалады, ағасы Бөкеттің қолында өседі. 17-18 жасында 1942 жылы соғысқа аттанады, Орел - Курск Дугасында күреседі. Сосын жарақаттанып, Уфаға жіберіледі. Мылтық ұстауға қолы жарамай, мүгедек болып, өз ауылына қайтты. Атамды Бөкет ағасы қарсы алып, өз қолына алады, біраз бой жазып алған атам «счетовод», яғни есепші болып жұмыс атқарды. Заря колхозында, қазіргі Құндыкөлде 1943-1988 жылдар аралығында бас есепші болып жұмыс атқарды. Өз өмірінің соңғы күніне дейін адал жұмыс істеген атам 2013 жылдың 9 қыркүйегінде дүниеден өтті.

Менің әкемнің іні-қарындастары атамнан соғыс жайлы сұрағанда, атам: «Соғыс деп айтпасын, жаман сөз деп айтсын» ,- деді. Менің ойымша, атама бұл қараңғы күндерді еске түсіргенде, ауыр естеліктер басына келеді. Атамның соғыс туралы айтқандары маған қатты әсер етті, кейде елестетудің өзі қорқынышты. Әсіресе, шайқас аяқталған соң етіктері қанға толып қайтқандары...

Көп балалар сияқты мен де атамда қатты жақсы көріп, жанынан шықпайтынмын. Енді атамды қатты сағынамын, кейде атаммен неге көбірек

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

уақыт өткізбедім деп ойлаймын. Бірақ, атамның орны енді жүректе, мәңгілік санамызда.

Соғыс деген қылышынан кан тамған зұлым ұғымды балаларымыз, келешегіміз көрмесін деп қолына қару-жарақ алып кеудесінен жел өткізсе де, артқа қашпай, алға ұмтылған ата-бабаларымызды ұмытып, мақтан тұтпасақ, олардың қан мен тері, көз жасы бос кеткені ме?! Қазіргі заманда адамдар айфон сатып алуға асық, үлкендер түгілі кішкентай балалардың да қалауы осы, бірақ елді соғыс жалмаған зұлмат күндерде балалар мен үлкендердің ойында ашық аспан болды. Бомба, гранатадан қап-қара түнекті емес, ашық аспанды, мөлдір бұлақты қалады, туғандарын соғыстан тірі қайтуын армандады. Менің атам соғыстан оралды, майданнан туған жердің топырағын иіскеп, қайта құшу мүмкіндігіне ие болды. Бірақ соғысқа туғандарын жіберген адамдардың барлығы біз сияқты бақытты бола алмады, оралмағандар да бар. Сондықтан ұрпақтың жадында әрқашан тағзым мен құрмет белгісі ретінде ардагерлер қалса, олардың рухы қашан да биік болады.

Султанова Аяжан

10сынып, Ақсу қаласы Айнакөл ОМ

Павлодар облысы

Жетекшісі: Байманкулова Асель Хайроллаевна

Ұлы жеңіс жасасын!

Ешкім де ұмытылмайды,
ешнәрсе де ұмытылмақ емес

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 71 жыл толды. Жеңіс! 1945 жылдың 9-мамыр күні дәл осы шаттық хабарды естіп тұрып, бүкіл әлем теңселіп кетті. Жер жүзі халықтарының жүректері қуаныштан лүпіл қақты... Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә, содан бері 71 жылдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіпкүштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

«Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам – опасыз, оңбаған адам», - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, Отан үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, өз ұрпақтарының, өз халқының намысын қорғағаны өз халқын шын сүйетіндігінен болса керек. Сондай қиыншылық жағдайда дұшпанның қаптаған қарақұрым күшіне төтеп беріп, олармен табан тіресе шайқасқан аталарымыздың ерлігі біздің көкірегімізге мақтаныш сезімін ұялатады. «Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды», - дейді батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы. Ұлы Отан соғысында ел күйреп, талай адам ажал құшты. Сол соғыста өзінің қайсар ерлігімен, қайратты мінезімен жауынгерлерге жігер берген бабаларға мың алғыс. Осы ержүрек бабалар қатарында Бауыржанның еңбегі ерекше. «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деп ұран тастаған батыр атамыз, келер ұрпақтың болашағы үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, жеңіс туын тікті. Бауыржан ата бір естелігінде: «Мен – өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүюші адаммын», - дейді. Батырдың әр қазақтың жүрегінде сақталуының себебі де, ұлтын сүйгендігінен шығар.

Ержүрек батырдың кітаптарың оқып отырып, терең ойға қалам. Отанға деген сүйіспеншілігінен, халқыңа деген махаббатынан, ұлттық биік рухынан қуат аламын. Бауыржан атаның қаламынан шыққан «Москва үшін шайқас», «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», т. б. шығармаларыңызды оқып шықтым. Оның шебер суреткерлігіңе, адам психологиясын танып - білудегі сезімталдығыңа таң қаламын. Шығармаларыңызда әр кейіпкер өзгеше бір әлем... Әр сөйлемде тұнып тұрған сыр жатыр. Бұларды оқып қана қоймай, жаттап, үлгі өнеге алуымыз керек.

Оның бізге қалдырған мәңгілік өшпес, ғасырдан ғасырға жетер мұралары үшін ұрпақтары мәңгі қарыздар. Бақытты болашақ, Тәуелсіз ел - аңсаған арманы еді. Бүгін – ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт - сананың мызғымас тірегі, күші, алтын дінгегі – халықтың бақ жұлдызы жарқырап жанған күн.

Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ұлы Жеңіс – Қазақстан тарихының жарқын беттерінің бірі. Бұл – қан майданда от кешкен соғыс ардагерлері мен сол жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деп, құлақтары жастыққа тимеген тыл ардагерлерінің мейрамы» деп атап өткен болатын. Табан ет, маңдай термен келген осы Ұлы Жеңіске қаруымен де, қаламымен де үлес қосқан, аты аңызға айналған қаһарман жазушыларымыздың бірі де, бірегейі - Бауыржан Момышұлының қаһармандық рухы ұрпақтан - ұрпаққа өнеге болады деп санаймын.

9 мамыр - бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз - бұл күнді еске сақтау. Біздің ардагерлеріміз! Олар кемде-кемде қалды. Оларға лайықты кәрілікті қамтамасыз ету, оларға көмектесу керек. Тарихымызда қалған бұл сұрапыл соғыстың кеселінен

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

өткен ата апаларымыз аман болсын! Келешек еліміздің дархан даласы кең, аспаны ашық болсын! Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кеңпейіл Қазақ елі жасасын! Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүюге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу. Ел алдындағы борыштарын өтеп, еліміздің амандығын, жеріміздің тұтастығын, қорғап қалған ерлерге тағзым етеміз. Олар еліміздің жарқын болашағын, жас ұрпақ өмірін, халықтың бақыты мен қуанышын сақтап қалды. Ардагерлер ерліктері арқасында біз осы күнге жеттік.

Нық басайық анағырақ табанды,

Тең ұстайық, ширақ аттап қадамды.

Кетер есе, құрыш білек жауынгер,

Рухты бол жеңілмейтін табанды!, - дей келе, біздің өз қалауымызбен еркін өмір сүріп, шаттана күлгеніміз бәрі де сол Ұлы Отан соғысы жеңісінің жемісі. Біз бейбіт күннің батырлары болуға тырысайық. Ел үшін аянбай еңбек етіп, өз жеріміздің патриоттары болайық.



Темірбекқызы Динара

5 сынып, Абай ОМ

Ақтоғай ауданы

Жетекшісі: Зупашева А.А.

Соғыс – күйретуші күш!

Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті.

Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді.

«Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам – опасыз, оңбаған адам», - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, Отан үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, өз ұрпақтарының, өз халқының намысын қорғағаны өз халқын шын сүйетіндігінен болса керек.

Сондай қиыншылық жағдайда дұшпанның қаптаған қарақұрым күшіне төтеп беріп, олармен табан тіресе шайқасқан аталарымыздың ерлігі біздің көкірегімізге мақтаныш сезімін ұялатады.

«Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды», - дейді батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы. Ұлы Отан соғысында ел күйреп, талай адам ажал құшты. Сол соғыста өзінің қайсар ерлігімен, қайратты мінезімен жауынгерлерге жігер

берген бабаларға мың алғыс. Осы ержүрек бабалар қатарында Бауыржанның еңбегі ерекше. «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деп ұран тастаған батыр атамыз, келер ұрпақтың болашағы үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, жеңіс туын тікті. Бауыржан ата бір естелігінде: «Мен – өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүйуші адаммын», - дейді. Батырдың әр қазақтың жүрегінде сақталуының себебі де, ұлтын сүйгендігінен шығар.

Жеңістің 75 жылдық мерейтойы қарсаңында қаһармандық пен өшпес ерлігі үшін Мәскеу халқы құрметтеп, үлкен сый жасады. Мәскеу қаласынан ұлан - ғайыр, ұзын көше, зәулім мектепке батыр атамыздың есімі берді. Бұл Бауыржан ерлігін мойындау және бүкіл қазақ халқына деген құрмет еді. Оның «Ежелден ер тілегі – ел тілегі, Адал ұл ер боп туса – ел тірегі» деген өсиетінің өмірде орындалғанын көріп қуандық. Ержүрек батырдың кітаптарың оқып отырып, терең ойға қалам. Отанға деген сүйіспеншілігінен, халқыңа деген махаббатынан, ұлттық биік рухынан қуат аламын.

Бауыржан атаның қаламынан шыққан «Москва үшін шайқас», «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», т. б. шығармаларыңызды оқып шықтым. Оның шебер суреткерлігіңе, адам психологиясын танып - білудегі сезімталдығыңа таң қаламын. Шығармаларыңызда әр кейіпкер өзгеше бір әлем... Әр сөйлемде тұнып тұрған сыр жатыр. Бұларды оқып қана қоймай, жаттап, үлгі өнеге алуымыз керек. Оның бізге қалдырған мәңгілік өшпес, ғасырдан ғасырға жетер мұралары үшін ұрпақтары мәңгі қарыздар. Бақытты болашақ, Тәуелсіз ел - аңсаған арманы еді. Бүгін сіздің арманыңыз – ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт - сананың мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі – халықтың бақ жұлдызы жарқырап

жанған

күн.

Сіздің тағлымыңызды зер сала оқып - үйрену бүгін де, ертең де келешек ұрпақ үлесінде. Ұлт болашағының негізін жасайтын жастар санасы өркениет деңгейіне сай болуы шарт. Осыны ойлаған кезде сіздің: «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім, енді қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам. Екінші, немересіне ертегі айтып беретін әжелерінің азаюынан қорқам. Үшінші, дәмді, дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келеді. Оның қолына қылыш берсең, кімді де болса шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әже, әке жоқ», – деген өсиетіңіз ойға оралады. Бұл – үлкен алаңдаушылық. Өзін халықтан бөліп қарай алмайтын тұлғаның алаңы. Бұл үн бүгінгі дәуірмен де үндесіп жатыр.

Жеңіс күні соғыстан оралмай қалған ерлеріміздің рухына бас иіп, арамызда жүрген соғыс ардагерлеріне құрметпен қарап, олардың қайсарлықтары мен ерліктеріне тағзым ететін күн емес пе?! Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ұлы Жеңіс – Қазақстан тарихының жарқын беттерінің бірі. Бұл – қан майданда от кешкен соғыс ардагерлері мен сол жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деп, құлақтары жастыққа тимеген тыл ардагерлерінің мейрамы» деп атап өткен болатын.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Табан ет, мандай термен келген осы Ұлы Жеңіске қаруымен де, қаламымен де үлес қосқан, аты аңызға айналған қаһарман жазушыларымыздың бірі де, бірегейі - Бауыржан Момышұлының қаһармандық рухы ұрпақтан - ұрпаққа өнеге болады деп санаймын.

Тлектес Айым

9-сынып, Павлодар обл., Павлодар қ.,
«Дарынды қыз балаларға арналған
облыстық қазақ-түрік лицей-интернаты»
Жетекшісі: Айгерім Сертайқызы Жумабекова

Бейбіт өмір – ата-бабалар арманы, ұрпақ мақсаты

Қажеті жоқ...
Соғыстың қажеті жоқ!
Дұрысы тірлік қылып ізденейік.
Ги де Мопассон

Соғыс.

Бұл - құлаққа жағымсыз естілетін сөз, азабы мол нәубат. Бес әріп пен дыбыстан құралған кішкентай сөз болғанымен, астарында салмағы ауыр терең мағына жатыр. «Соғыс» деген сөзді естігенде құлағыма алыстан тарс-тұрс атылған мылтық оқтарының, пулемет гүрсілінің, жарылған снарядтардың дыбысы келіп, жан мен тәннің өмір үшін арпалысқан сурет елестейді. Иә, жан мен тәннің тізе қосқан ерлігі мен елдігі, ақыл мен жүректің ар алдында жасаған ерлігі. Себебі соғысқа аттанған әрбір жан отбасы, туғандары, отандастарына жауды жеңу туралы серт берді емес пе?! Сүйген жарларын, сәбилерін құшып, қоштасарда жеңіспен оралатындығын айтып кетті емес пе? Сондықтан олар ар алдында жауапты. Ал біз, еліміздің болашағы - жастар, не үшін жауаптымыз? Мені бұл сұрақ ойландырды. Тағзым, алғыс, құрмет деген сөздер бірінен соң бірі келе бастады. Мен тарихқа көз жүгірттім. Бастапқыда адамзат тіршілігі өмір үшін күрес болды, себебі тек мықтылар мен күштілер, бәсекеге қабілеттілер өмір сүру мүмкіндігіне ие болды. Алға жылжып, дамудың келесі сатысында адамдар жер үшін, одан соң билік үшін таласты. Ал ең сұрапылы әрі жиіркеніштісі - адамдардың соғысты қорғану үшін емес, бейбіт жатқан елдерді қырып-жою үшін ашуы, соғыс сыртқы жауға төтеп беру құралы емес, соғыстың мансап, билікті нығайту құралына айналуы.

Қазақ халқы – бауырмал, бейбіт жатқан ел. Өзі бастап соғыс ашып, ешкімнің қанын төкпеген, қайта қандай қайсар, қайратты, батыл, өр болса да, «ереулі атқа ер салып, егеулі найза қолға алып», бейбіт елді қырмаған!

Біздің кең байтақ жерімізге көз алартқандар аз болды ма? Жоңғарлар, қалмақтар, қытайлар жерімізге сұқтанып, қол сұқпады ма? Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбай, Қанжығалы Бөгенбай, Баян батыр, Райымбек сынды қазақ батырлары – елі үшін аянбай күрескен, жауға сыбанып аттанған жаужүрек қаһармандар.

Соғыс... Соғыс деген – жою. Тарих беттерін ақтарсақ, бүкіл әлемді жаулап алғысы келген қанқұмар адамдар болғандығын көреміз. Шыңғыс хан, соғысқұмар Ескендір, қанішер Цезарь бүкіл әлемге танылғысы кеп, жер жаһанды жаулап алу мақсатымен соғыс ашып, бейбіт елдерді қырып-жойып, тарих бетін шимайлады ғой! Олардың дүниеқоңыз, ашкөздік саясаттарын жер бетіндегі ештеңе ақтай алмайды. Сондай маңсап қуғандардың бірі – Гитлер. Ол – аңыз адам. Оның аңыздығы – жауыздығы. Сол Ұлы Отан соғысын бастаған бірден бір адам – Гитлер. Сұрапыл соғыстың әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, адамдардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Сол шайқастағы ата-бабаларымыздың жүректегі жарасы, қайғы-мұндары қан жылатты. Оны Махмұтбай Әміреұлының мына жыр жолдарынан көре аламыз:

Қан майданның жүректе жарасы бар,
Қайғы мен зілі бар, наласы бар.
Арамызда жүретін алшаң басып,
Ардагерлер азайып барасыңдар.

Ұлы Отан соғысының ардагерлері азайып бара жатқанмен, олардың жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегі ешқашан ұмытылмайды.

Адамзат тарихында қанша соғыс болды, сол соғыс біреуге пайдасын тигізді ме? Адамның ақылы дүниені таң қалдырған жер серігін, ұшақты ойлап тапқанда, соғысты болдырмайтын құралды неге ойлап таппайды екен?!! Жетер бізге өшкен үміттер мен орындалмаған армандар, қиылған қыршын өмірлер мен бұзылған тағдырлар, төгілген жас пен ағылған қан! Жетер! Бабалар арманы қай кезде де бейбіт өмір, ашық аспан болды ғой. Ендеше, сол күнге біз, кейінгі ұрпақ жеттік. Ендеше, сол бейбіт өмірге шүкіршілік айтып, бар мақсатымыз еліміздің гүлденуі мен дамуы, ал біздің бәсекеге қабілетті ұрпақ бола білуіміз емес пе!

Болашақ бүгіннен басталады ғой, ендеше мен сияқты бейбіт өмірді аңсайтын ұрпақ санасында бейбітшілік туралы мызғымас ой болса, біз еліміздің іргесін берік қалауда тыныш өмірді мақсат етуіміз керек.

Төлеген Дильназ

7 сынып, Абай ОМ

Ақтоғай ауданы

Жетекшісі: Ташенев К.Ш.

Ұлы Отан соғысына 75 жыл

Осыдан 75 жыл бұрын, дәл осы күні ерте таң ата бере фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар одағына шабуыл жасады. Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес одағының батыс шекарасын күзеткен ондаған мың қазақстандық шекарашылар болды. Атақты Брест гаризонының өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, шілде айында олардың көпшілігі елге әскерден қайтулары керек болған, бірақ жаудың шабуылы олардың жоспарларын талқан етті. Жау ішке қарай тез еніп, Брест қамалынан тірі қалған қорғаушылар, партизан қозғалысына қосылды. Олардың қатарында 190 қазақстандықтар болған, олардың көбінің сүйегі белорусь жерінде мәңгілік қалды. Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан бүкіл Кеңес одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер, ауыл мен қала тұрғындары да соғысқа өз еркіммен сұранды. 1939 жылдың дерегі бойынша республикамызда 6,2 миллион адам тұрып жатқан, соғыс жылдары Кеңес Армиясының қатарына 1 миллион 200 мың қазақстандық шақырылған, 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да құрылымдар жасақталған. Фашистермен болған шайқастарда 328-ші, 310-шы, 312-ші, 314-ші, 316-шы, 387-ші, 391-ші, 8-ші, 105-ші, 106-шы каварелиялық дивизиялар, 74-ші және 75-ші теңіз атқыштар бригадасы, 209-шы, Зайсан, 219-шы, минометтік, 85-ші зениттік, 662-ші, 991-ші және 992-ші авиациялық полктер ерекше көзге түсті. Қазақстаннан майданға 14100 жүк және жеңіл көлік, 1500 шынжыр табан трактор, 110 және 400 жылқы 16200 ат арба жөнелтілді. Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындады. 1941-1945 жылдары әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандықтар жлданды. ал қазақстан аумағында сол жылдары 27 әскери оқу орын, толық емес мәлімет бойынша 16 мың офицер дайындап соғысқа аттандырды. Біздің жерлестеріміз майданда ерлікпен шайқасты. Жауынгерлік ерліктері үшін, жүздеген мың қазақстандық медаль, ординдерімен марапатталды. 500 адамға Кеңес Одағының батыры атағын берді, 100-ден астам адам (Данк) орденімен марапатталды. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының батыры атанды, олар ұшқыш-Талғат Бигельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда. Кеңес Одағының Батырларының қатарында қазақтың екі қызы – мерген Әлия

Молдағұлова, пулеметші-Мәншүк Маметова бар. Жаудың ұясынын төбесіне, яғни Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі қазақ жігіті Рақымжан Қошқарбаев болды. Жаудың тылында, партизан қатарында, қазақстандық шайқасқан Қасым Қайсенов. Танымал қолбасшы, әскери жазушы, Бауыржан Момышұлы және 28-панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар. Біздің жерлестеріміз павлодарлықтар барлық елдегі сияқты, фашистік Германияның басып кіруі қаһарлы және қатты ашумен, адамдардың кез келген сәті Отан қорғаушыларының қатарына қосылуға әзірлігімен қарсы алынды. 1941 жылдың маусым –шілде айларында облыста жастың 14 жасындағы адамдар әскерге шақыртылды. Олар негізінен атқыншылардың 314-девизиясына қабылданды, бұл девизия соғыстың алғашқы күндері Петропавл қаласында жасақталды. Көп ұзамай Ленинградтың манына жіберілді. Павлодарлықтар Ленинград үшін көптеген шайқастарға, оның ішінде 1943 жылғы 18 қаңтарда қоршауды бұзуға қатысты. Осы шайқастарда біздің көптеген жерлестеріміз саперлер бөлімшесінің командирі, Ақсу ауданы Қызылжар ауылының тұрғыны Слем Әлібаев, аға сержант, барлаушы Қайсар Әлейінов (Ақтоғай ауданы), мерген Рамазан Өмірзақов (Железничка ауданы), ефрейтор Антон Денисович Горбенко (Успенка ауданы) бұл адамдар ерліктері мен көзге түскен. Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіпкүштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы. Қорғауға сені дайынбыз, - деп жазған Нұрпейіс Байғанидің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. «Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам – опасыз, оңбаған адам», - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, Отан үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, өз ұрпақтарының, өз халқының намысын қорғағаны өз халқын шын сүйетіндігінен болса керек.

Сондай қиыншылық жағдайда дұшпанның қаптаған қарақұрым күшіне төтеп беріп, олармен табан тіресе шайқасқан аталарымыздың ерлігі біздің көкірегімізге мақтаныш сезімін ұялатады.

«Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды», - дейді батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы. Ұлы Отан соғысында ел күйреп, талай адам ажал құшты. Сол соғыста өзінің қайсар ерлігімен, қайратты мінезімен жауынгерлерге жігер берген бабаларға мың алғыс. Осы ержүрек бабалар қатарында Бауыржанның еңбегі ерекше. «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деп ұран тастаған батыр атамыз, келер ұрпақтың болашағы үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, жеңіс туын тікті. Бауыржан ата бір естелігінде: «Мен – өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүйуші адаммын», - дейді. Батырдың әр қазақтың жүрегінде сақталуының себебі де, ұлтын сүйгендігінен шығар. Бауыржан Момышұлының тұлғасы маған қашанда мұзарт шыңның басында, мұнартып қалықтаған ақиық, мұзбалақ қыран болып елестейді. 1941 жылы Мәскеу түбіндегі қанды шайқастарда теңдесі жоқ ерлігімен әлемді дүр сілкіндірген қазақстандық 316 - атқыштар дивизиясының батальон командирі ретінде қапияда ой тауып, қараңғыда жол тауып, ерен ерлігімен аты әлемге аңыз болып, батыр қолбасшы атанды.

Жеңістің 70 жылдық мерейтойы қарсаңында қаһармандық пен өшпес ерлігі үшін Мәскеу халқы құрметтеп, үлкен сый жасады. Мәскеу қаласынан ұлан - ғайыр, ұзын көше, зәулім мектепке батыр атамыздың есімі берді. Бұл Бауыржан ерлігін мойындау және бүкіл қазақ халқына деген құрмет еді. Оның «Ежелден ер тілегі – ел тілегі, Адал ұл ер боп туса – ел тірегі» деген өсиетінің өмірде орындалғанын көріп қуандық.

Ержүрек батырдың кітаптарың оқып отырып, терең ойға қалам. Отанға деген сүйіспеншілігінен, халқыңа деген махаббатынан, ұлттық биік рухынан қуат аламын.

Бауыржан атаның қаламынан шыққан «Москва үшін шайқас», «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», т. б. шығармаларыңызды оқып шықтым. Оның шебер суреткерлігіңе, адам психологиясын танып - білудегі сезімталдығыңа таң қаламын. Шығармаларыңызда әр кейіпкер өзгеше бір әлем... Әр сөйлемде тұнып тұрған сыр жатыр. Бұларды оқып қана қоймай, жаттап, үлгі өнеге алуымыз керек.

Оның бізге қалдырған мәңгілік өшпес, ғасырдан ғасырға жетер мұралары үшін ұрпақтары мәңгі қарыздар. Бақытты болашақ, Тәуелсіз ел - аңсаған арманы еді. Бүгін сіздің арманыңыз – ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт - сананың мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі – халықтың бақ жұлдызы жарқырап жанған күн.

Жеңіс күні соғыстан оралмай қалған ерлеріміздің рухына бас иіп, арамызда жүрген соғыс ардагерлеріне құрметпен қарап, олардың қайсарлықтары мен ерліктеріне тағзым ететін күн емес пе?! Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ұлы Жеңіс – Қазақстан тарихының жарқын

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

беттерінің бірі. Бұл – қан майданда от кешкен соғыс ардагерлері мен сол жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін»деп, құлақтары жастыққа тимеген тыл ардагерлерінің мейрамы» деп атап өткен болатын. Табан ет, мандай термен келген осы Ұлы Жеңіске қаруымен де, қаламымен де үлес қосқан, аты аңызға айналған қаһарман жазушыларымыздың бірі де, бірегейі - Бауыржан Момышұлының қаһармандық рухы ұрпақтан - ұрпаққа өнеге болады деп санаймын.

Тусумбекова Индира

8 сынып, Шөптікөл жалпы орта білім беру мектебі

Баянауыл ауданы

Жетекшісі: Бұғыбай Л.

Ел үшін туған ерлер

Ерлер есімі - мәңгі ел есінде
Ежелден ел тілегі – ер тілегі,
Адал ұл ер боп туса –ел тірегі.
Бауыржан Момышұлы

«Жер - елсіз болмайды, ел - ерсіз болмайды» - дейді дана халқымыз. Ерлер халықтан туады. Ер – дегеніміз халықтың қамқоры, тірегі, қорғаны. Ерлік – ердің ісі, бірақ оның көрінісі тоқсан түрлі. Біреулер даналығымен елінің ынтымағын біріктірсе, біреулер табандылықпен елін жаудан қорғайды, біреулер табандылықпен жерін зерттейді. Осы тұрғыдан қарасам, біздің батыр аталарымыздың елін, жерін қорғау үшін қосқан ерлігі ұшан теңіз. Ер жігіт етігімен су кешіп, от басқан, ат ауыздығымен су ішкен сұр шинельді төсек етіп, қасық қаны қалғанша жаулармен шайқасып, біздерге бейбіт өмірді орнатып берді. Уақыт өткен сайын батыр аталарымыз қажырлылықпен сыйлаған Ұлы Жеңістің маңызы артып келеді. Олар көрсеткен ерліктері бүгінгі ұрпақ бізге өшпес үлгі өнеге. Бұл мереке – бейбітшілік қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ. Бізге жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Жеңіс күні – абыройымыз даңқымыздың мерекесі. Сол бір сұрапыл жылдары Қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 Қазақ Кеңес Одағының батыры атағын алды. Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова сияқты есімдері аңызға айналған ағаларымызды, аталарымызды, әпкелерімізді тарих беттерінде «Батыр» деп алтын әріппен жазды.

Ерлер есімі еліміздің мәңгі есінде. Мен осы шығармамды жазарда өзіме көп мәлімет жинадым. Өз аулымдағы ақсақал, қариялардың аузынан естіп, тақырыбыма арқау еттім.

Шығармамның негізгі бөлімін өз туған аулымнан майданға аттанған және тылда жұмыс атқарған, кір жуып, кіндік кескен жері үшін, аялап өсірген елі үшін жанған отқа түсіп, жалын кешкен ер азаматтарға, шейіт болған аталарға арнағым келіп отыр. Қазіргі кезде ардагар аталардың көбі дүниеден өтті. артында бізге ізгілік істері қалды. Біздің ауылдан Ұлы Отан соғысына

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

катысқандар: Тусумбеков Мұқан, Тайманов Шәріпжан, Айтқожа Сәденов, Әліпбеков Катран, Горячев Петр, Булышев Андреевич, Байдильдинов Қабаш, Молдатаев Қорабай, Байдильдинов Қафиз, Дауылбаев Абдулхамит тағы басқалар, елдің азаматтары майданға аттанғанда, ауылда қалған аналар тылда күні-түні еңбек етіпті, атап айтсам: Макашева Рысжан, Тулеубекова Мүгілсім, Ақботина Биғайша. Бұл әжелерді көзімізбен көріп мектепте кездесулер өткізіп, өмірлерінен естеліктер, бастарынан өткен қиын – қыстау кезеңдерінен біздерге сыр шертетін.

Сол әженің айтқан естелігін ешқандай өзгеріссіз қаз-қалпында баяндайын. «Мен анамнан ерте айрылдым, әкемнің тәрбиесінде болдым. Соғыс басталғанда 13 жаста едім, елдің азаматтарының бәрі майданға аттанғанда, қалған жас бала, кәрі кісілер, аналар бәрі қара жұмысқа араласты, соның ішінде менде болдым. 1942 жылы Шөптікөл көмір шахтасына қара жұмыс істедім. Бәрі майдан үшін еңбек етіп, кісе киімге, ішсе тамаққа жарымайтын кез болды. Сөйтіп соғыстың ауыр жылдары өтіп жатты, қанша ауыр болса да ағаларымыздың, әкелеріміздің аман – есен елге қайтуын тілеп жүрдік. 1944 жылдан бастап Совет жауынгерлері немісті жеңе бастады деген жақсы хабар ауылға да жетіп жатты. Бала болсам да қуанышымда шек жоқ, ағаларымды аман көрем деген балалық қуанышым, көпке бармады, өйткені майданға аттанған үш ағамнан да қара қағаз келді. 1945 жылы майданнан қайтқан жауынгерлер елге орала бастады» - дейді. Бұл Макашева Рысжан әженің айтқан әңгімесі. Сендер біз көрген қиындықты көрмеңдер, өмірлерің бейбіт енді ешқашан соғыс өрті тұтанбасын дейтін. Әже 80 жасқа қараған шағында, екі жылдың алдында қайтыс болды. Осы әңгімеден кейін мен адамзат жүрегіне айықпас жара салған Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, отты жылдардың елесі әлі күнге халық жүрегінен өшпегенін түсіндім. Өйткені, адамзаттың бүгінге дейінгі сапарындағы ең сұрапыл қырғын да Ұлы Отан соғысы екені әлемге аян. Жоғарда аты аталған ардагер Тусумбекова Мұқан – менің атам, менің мақтанышым, майданнан аман – есен оралыпты, анамның айтуынша, 1941 жылы тамыз айында Баянауыл аудандық әскери комиссариатының шақыруымен 37 артиллерия полкіне, қару – жарақ номеріне шақырылады. 1945 жылдың қараша айына дейін 138 кавалерия полкінде кавалерист болды. 1945 жылдың 25 қыркүйегінде Чехословакиядан Жеңіс туын желбіретіп, елге, өзінің туған жеріне оралады. Оқ пен оттан аман оралып, ортамызда жүрген аға ұрпақтың жауынгерлік және еңбектегі ерліктерін әрдайым мақтан тұтамыз. Мектепте осы ардагер ата-әжелерге арнаған тақта, аулымызда ескерткіш бар. Біз әр жыл сайын Жеңіс күні үнемі тағзым етіп, гүл шоқтарын қоямыз. Мектепте, аулымызда әртүрлі іс-шаралар, өмірлерін дәріптейтін тәрбие сағаттарын, шығармалар сайысы, өлең-тақпақтар сайысын және айлық, апталық жұмыстар өткізіледі.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Осынау Ұлы Жеңіс күнінде Отанымыз үшін өзінің жанын пида еткен шейіт болған жауынгерлерді, қаһарман ерлерді ел болып еске түсіреміз.

9 мамыр – фашизмді жеңген қаһарман халқымыздың мереке күні. Осынау қуаныш үшін өмірлерін қиғандарды еске алу күні. Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды.

Ойымды қорытындылайын болсам: Мен ХХІ ғасыр перзентімін, егеменді елімнің ертеңімін. Бүгінгі ұрпақ біз, қан төккен ардагер ата – әжелердің даңқын, ерлік – істерін ешқашан ұмытпай, дәріптеуіміз керек. Сол сұрапыл соғыста батырларымыздың сақтап қалған байтақ жеріміз бүгінгі күні дүние жүзі таныған, әлем мойындаған мемлекет болуы, біз үшін үлкен мақтаныш. Бүгінде біздің басты міндетіміз – Отанымызды сүйіп, елімнің, жерімнің адал патриоттары болып, терең біліммен қаруланып, ғылым мен техниканың сан қырлы тетігін меңгеріп, әлемдік құндылықтарды бойымызға сіңіріп, бір мамандық иесі болып, келешек Мәңгілік Елімнің өсіп өркендеуіне өлшеусіз өз үлесімді қосқым келеді. Қазір дүние жүзінің алдыңғы қатарындағы мемлекеттердің бірі болдық, ең бастысы, елімізде бейбітшілік пен ынтымақтың өріс алып, халқымыз бір шаңырақ астында тыныштықта, бейбіт өмір сүріп жатырмыз. Бұл - тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың үлкен парасат пен биік талғамының арқасында. Сондықтан біз, ХХІ ғасыр жастары, осындай байтақ елде тұрып жатқанымызға бақыттымыз. Жеңіс - біздің ата-бабаларымыздың батырлығы. Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кеңпейіл Қазақ елі жасасын! Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды.

Умарова Карина

6 сынып, Железин № 3 мектеп,
Железин ауданы
Жетекшісі: Умарова Ә.Е.

Соғыс балалары

Аңыздардан тере жүріп масақты,
Рас, рас көзімізден жас ақты.
Бірақ со бір дауыл жылдар, от жылдар,
Бірімізден бір-бір батыр жасапты...

Өмір біреу. Әр адамның басынан сәбилік кез бен жасөспірімдік, жастық шақ пен ересек шақ өтеді. Бұл өте қызықты жылдар. Өмірдің бұл кезеңдерінде адам баласы көп нәрсені жаңа танып, өмір жолын таңдап, еңбекпен айналысады. Ал... XX ғасырдың басында туылған адам өмірі өлім аузында болды ғой...

Менің жасы бірге жаңа толған және үштен төртке аяқ басқан сіңлім бар. Олардың қылығына отбасымызбен сүйсіне күлеміз. Біз бақыттымыз...олар бақытты. Әкем, анам, мен және жасы тоғыздағы сіңлім қосылып дәмді –тәттіні оларға төрт жақтан тасимыз. Біз де баламыз. Біз де, әрине, бақыттымыз. Отбасымды мен қатты жақсы көремін. Енді айтайын дегенім –осы нәзік сүйіспеншілік сезімі, отбасылық сүйіспеншілік әр уақытта болды ғой. Бір мен сияқты қыз өз сіңлі інілерін дәл мен секілді қатты сүйді. Дәл мен сияқты мектептен келе сала құшақтап көтерді. Ойнады. Анасын құшақтап, әке мейірімін көрді. Дәл мен секілді...Дәл менің кішкентай сіңлім секілді бала ойнақтап, еркеледі. Тәтті тілімен алғашқы сөздерді былдырлап сөйледі... Осы мейірімге толы бақытты күндер күрт үзіледі деп сонда кім ойлаған?! Жауыз заман! Таңғы алтыда тәтті ұйқыда жатқан баланың ұйқысын солай үзуге қалай ғана қол барды?! Қалай?! Атып жатқан адам да адам емес пе?! Бала кінәсі нешік? Ана кінәсі нешік?

Соғыста бәріне қиын...ауыр. «Лучше худой мир,чем хорошая война» деп орыс халқы бекер айтпаған. Ұлы Отан Соғысы жайында фильм көрсем де, кітап оқысам да бәрінен аянышты күй- сәби күйі.

Ертеңге жетпек түгел,
Армандап үлгермеген.
Сұм өмір төкпепті нұр,
Күн көзі күлгенменен.
Дұғасын айтатындай,
Тілі де шықпайды оның.
Кәрі емес қайтатындай,

Соны да ұқпады өлім.
Қиын- ау ұрыс көрген
Буыны қатпай жатып,
Қуыпты тыныш төрден
Бақытын қақпайлатып.
Бала боп ойнамапты,
Алаңда жауыздық бар.
Мейірімді ойран атты,
Ешкім жоқ ауыздықтар.
Дүние зырылдады -ай,
Ұқсап тұр дөй ұршыққа.
Бейкүнә ғұмырлар –ай
Айналған ойыншыққа!
Асылбек Жаңбырбай

Қай кезде болсын балалар-қоғамның ең әлсіз қабаты. Бірақ соғыс балалары жылауды ұмытқан. Соғыс ардагерінің сөзінен "Біздің эшелонды екінші рет бомбалап кеткенде, біз немістердің қолына түстік. Фашистер балаларды жеке, ересектерді жеке құрып қойды. Қорыққандықтан ішкім жылаған жоқ, барлығына шыны көзбен қарап тұрдық. Егерде жыласаң-атып тастайтытын біз білдік. Біздің алдымызда тоқтамай жылаған кішкентай қызды атып тастады. Осылай жай ғана өмірлер сөніп жатты. Фашисттер балаларға ойнап ататын, Бала жұмыс істей алмайды, сондықтан ол қажет емес. Бірақ та лагерлерде балаға да жұмыс табылатын. Мысалы, адам денелерінен қалған қоқымды пакеттерге тігу, ол қоқымды немістер жердің құнарлығын арттыру үшін жерге көмеді екен. Лагерьдегі балалар немістер үшін қан донорлары да болды.

Ата-аналарынан, інілерінен, сіңлілерінен айырылып жатты. Мен соғыс балалары жайында оқыған кейбір кітаптарда менің есімде қалғаны –баланың ата-анасының өлі денесінің басында бірнеше күн отырғандары. Өте аянышты жай. Миға симайтын жай... Қираған үйлер, оқтың зуылдыағаны, фронттан келетін «қара қағаздар», ауыр жұмыс... осының бәрін біз елестете де алмаймыз. Бұндайды ештеңемен салыстыруға болмайды. Балалар өлеңдерінің орнына соғыс балалары бомба жарылысын, ашық аспан орнына болмбалайтын ұшақт арды көрді. Балалар ойыншық не екенін білмеді. Қыздар қолы аяғы жоқ қуыршақпен ойнап, ұлдар жарылмаған гранат пен ойнаған. Соғыс баласы 11-13 жастан ересек болып саналды. Анасының көмекшісі, отбасының иесі болып саналды. Оларды кім бақты? Тамағынныңды іштің бе, жоқ па деп кім сұрады?.. 14-15 жастан бастап балалар заводтарды, госпитальда немесе далада ауыр еңбекпен айнасты. Олар бізден қарағанда күшті болды. Осы балалар соғыста сынған қалалармен ауылдарды қайта көтерді. Қазір олардың алды сексеннің сеңгіріне жақындап қалса да, ол кезде

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

небәрі жетіден он бес жасқа дейінгі балалар болатын. Осы балалар әкелерін, ағаларын майданға аттандырып салып, елдегі шаруашылық тұтқасын ұстап қалған еді. ...Соғыс кезіндегі аштық кезеңде бала көтеріп, бала көріп, шамасы келгенше асырап-әлдилеген аналарға мың да бір алғысымды білдіремін! Ал қазіргі тоқ уақытта өз әлдиін өлімге қиған «аналарға» не көрінді?! Бұл , әрине, басқа шығарманың тақырыбы...

Уразгулова Аягөз

9 сынып, Башмашын ЖББОМ ММ
Железин ауданы, Башмашын ауылы,
Жетекшісі: Жаирбаева А.Қ.

Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар

Соғыс айтуға оңай... Ауыр зұлматты басынан кешкен адам ол уақытты ешқашан ұмытпайды! Сол сұрапыл жылдарда қанша азамат жер құшты, қанша бала әкесінен, қанша ана баласынан, қаншама үй тірегінен айырылды. Ауылдан сән, өмірден мән кетіп, сұрықсыз бір дүниеге айналды. Соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиып, жүздеген қала мен елді мекендерді тып - типыл етті. Сөйтіп соғыс әр үйге, әр отбасының өміріне жазылмас жараның ізін қалдырды. Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы халықтарының тарихындағы қасіретті бет қана емес, сонымен қатар ол халықтарымыздың теңдесі жоқ ерлігі мен қажыр - қайратының, бірлігінің дәлелі еді. 1941 жылы 22 - маусымда гитлерлік Германия КСРО - ға опасыздық пен шабуыл жасады. Сол күні кеңес үкіметі халықты Отан қорғауға шақырды. Майдан даласына қаншама қазақ азаматтары да белін бекем буып өз ұрпағының келешегі үшін аттанды... Сұрапыл сұм соғысқа менің атам Мухажанов Сыдық Тәліпұлы 1943 жылы аттанған екен. Менің атам Мухажанов Сыдық 1926 жылы шілде айының он бірінші жұлдызында Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, Тарбағатай ауданы, Ақсуат ауылында дүниеге келген. Ата - анасы шаруа адамдары болған. 17 жасқа толғанда әскерге алыныпты. Алғашында 3 ай бойы Орынбор қаласында мылтық атуды үйреніп, алғырлығымен көзге түскен. Осы жылы Минск қаласында шайқасқа қатысыпты. Ол кісі көзінің тірісінде балаларына бар білгенін, ақыл сөздерін аямай санасына сіңіруге тырысатын. Бізге ертегі боп көрінетін соғыс жайында сұрағанымда жанарына бір мұң ұялап, терең күрсініспен сөзін іркіп - іркіп бастайтын. «Балам - ау, соғыс жақсы емес қой, әскерге 1943 жылы аттандым. Екі айдан соң 95 - ші полкке жіберді, оған екі жүзге жуық бала болып бардық, бәрі де өте жас болатын. Москвадан кетіп Воронеж деген қалаға жақындағанда немістің алты самолёті составты атқылап көп адамымыз шығынға ұшырады. Қалған жүзге жуық жаралысы бар, сауы бар жауынгерді қалың тоғай арасымен жаяулатып екі күн дегенде 127 - ші полкке әкеп қосты. Үш күн өткеннен кейін мені командиріміз дивизияға жіберді. Онда мен пулеметчик қылды. Соғыс зардабы кім - кімге де ес жиғызған жоқ. 1945 жылы соғыс аяқталса да, соғыстан кейінгі уақыт ең қиын кезеңдердің бірі болды. Қаншама жауынгерлер жаралы оралса, қаншама адамдардың үйіне күн сайын қара қағаздар жіберіліп жатты...» Атам жанарын бір нүктеге қадағандай қатты да қалды. Мұндайды өз көзімен көрген адам қалай ұмытсын? Атам 1950 жылы

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

елге аман - сау оралып, үй іші қуанышқа кенеліпті. 1952 жылы Сыдық атам Зейне әжеммен бас қосып, үлгілі жанұялардың бірі атаныпты. Төрт ер бала мен екі қыз бала тәрбиелеп, оларды оқытып, елге сыйлы азаматтар болуына үлесін қосыпты. Ауылдағы үлкен жанұяға айналған отбасыдан балалары тарап, тамыры терең жайылыпты. Әр баласы бөлек - бөлек шаңырақ көтеріпті. Жыл сайын көктеммен бірге келетін Жеңіс тойына омырау толы медалін тағынып жиындарға қатысып жас жеткіншектерге өз батасын беруші еді. Шіркін, өмірдің зулап, зымырап өтуін қарашы! Ол кез оралмасқа кетті. Ақыл - кеңестің таусылмас қазынасындай боп үйдің төрінде отыратын тау тұлғалы атам 88 жасқа жеткен кезінде, 2014 жылы бұл дүниеден мәңгілік сапарға аттанды. Бұл қаза менің жаныма қатты батты. Амал не, әр күн сайын атамды еске алып, ерлігіне тамсанып, сағынышымды басамын.

Ұлы Отан соғысы аяқталып, Жеңістің туы желбірегеніне биыл - 71 жыл! Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – біз үшін де ұлы мереке! Ұлы Отан соғысы біздің әрбіріміз үшін ұмытылмастай ізін қалдырды. Осы соғыста қаншама адам қаза тауып, қаншамасы мүгедек атанды. Қаншама ана жесір, балалар жетім қалды. Оңай келмеген жеңісте ерен ерлігімен көзге түсіп, ерекше сый-құрметке ие болған сан мыңдаған жауынгерлердің ішінде қазақ аталарымыз бен апаларымыз да көп. Ерлігін жыр қылып айтатын әрбір қазақ батырымызды ешбіріміз ешқашан ұмытпаймыз. Қазір қазақ елдімекендерінде көптеген көшелер, ғимараттар, оқу орындарына Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақтардың есімдері де берілді. Ол деген біз, яғни, кішкентай қазақстандықтар өз ата-апаларының ерліктерін ұмытпасын, біліп жүрсін, мақтан етсін деген мақсат. Қазіргі кезде сол батырларымыздың қатары сиреп, азайып қалды. Көп қасірет әкелген соғыс енді қайталанбаса екен деп, жойылсын жалғыз сөз «Соғыс» деген деп ақ жүректен тілейміз.

Қазір біз болашағы жарқын, бағыты айқын тәуелсіз елде өмір сүріп жатырмыз. Бүгінгі ұрпақ бұл азаттықтың қалай келгенін әрине біледі. Қазіргі таңда қаншама елдің бірлігінің бұзылған уақытында тату - тәтті ғұмыр кешіп жатқан біздер, шынымен де бақыттымыз. Бұл тәуелсіздік менің Отаныма берілген тәңірдің сыйы. Аналар да, балалар да жыламасын, даламыз жұтамасын. Ұланғайыр кең даламды соғыс өрті шарпымасын. Бұл әрине барлық адам баласының арман - тілегі. Бейбітшілік жасасын!

Фалеева Марина

11 сынып, Дарынды қыз балаларға арналған
облыстық қазақ-түрік лицей-интернаты
Павлодар қаласы
Жетекшісі: Жумабекова А.С.

Ұлы ерліккен тағзым

Олар өлді тек аспан сау болсын деп,
Олар өлді туған жер бар болсын деп,
Олар өлді ақ арман сөнбесін деп,
Олар өлді басқалар өлмесін деп.
Сырбай Мәуленов

Ерлік деген сөзді естігендер көп, бірақ шын мәндегі мағынасын терең түсінетіндер аз деп ойлаймын. Заман өзгерген сайын бұл сөздің мағынасы, сипаты өзгеріп жатқан сияқты. Бірақ адамзат тарихындағы нағыз ерлік ешқашан ұмытылмайды, себебі ол адамдардың қаны мен жасына суарылып жазылған. Осындай ерліктің бірі – Ұлы Отан соғысындағы жауынгерлердің ерлігі. Қазіргі күнде, бейбіт күнде, көк аспанның астында бақытты, қамсыз тірлігіміз үшін біз парыздармыз. Қанды қырғын, зұлмат жылдар, соғыс өртін біз көрген жоқпыз, олар көрді, бақытты балалық шақтың орнына тұрмыстың ауыр азабын көрді...

Электронды поштаға кіріп, хаттарды жанталаса ашып, оқи бастадым. Шіркін, заман кереметі – техника. Көзіңді ашып-жұмғанша жердің кез келген түпкірінен хабар әкеледі. Көз алдыма майданнан сарыла хабар күткен адамдар келді. Отан үшін жан қиған Әлия, Мәншүктер келді. Жалғыз алманы қойнына тығып, арасында құшырлана иіскеп, анасына хат жазған Әлия елестеді. Менің жасым 17-де. Әлия да жас еді. «Эй, ұрпақ, батырларыңды ұмытпа, тағзым ет!» –деп жар салғым келді.

Кейде туған қалам, Павлодар қаласының көшелерін аралап жүріп, көше бойы тізілген плакаттардағы Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің суреттерін көргенде, менің бойымды мақтаныш сезімі кернейді. Ата жаумен айқасқан павлодарлық батырларды мен мақтан тұтамын.

Уақыт өтер, ардагерлер қатары жыл сайын сиреп барады, бірақ ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды. Себебі Мағжан Жұмабаев айтқандай:

Ел үшін төккен ерлер қанын жұтқан
Ерлерді ұмытса да ел, жер ұмытпас.
Арқаның селі, желі, шөлі, белі
Ерлерді ұмытпаса да, ел де ұмытпас.

Хусайын Айдана

6 сынып, Кенжекөл жалпы орта білім беру мектебі

Павлодар қаласы

Жетекшісі: Рахметова Л.Б.

Ерлікке – тағзым!

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап, жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет – журнал материалдары немесе радио, телехабарлар, кинолар, аталар ерлігін мақтаныш тұта, бізге жеткізді. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділігін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Қариялар азайып бара жатқанын, әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ашшы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Бұл – ұлы мереке!

Биыл Жеңістің 71 жылдығы және Ұлы Отан Соғысының басталуының 75 жылдығына орай Кенжекөл жалпы орта білім беру мектебінде оқу жылының басында әр сыныпқа Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арнап альбом шығару сайысы жарияланған болатын. Сыныптар айларға бөлініп, ай сайын тәрбие бөліміне альбомдарын тапсыруда. Кенжекөл ауылының Ұлы Отан соғысы ардагеріне арнап 9 «Б» сынып оқушылары «Біздің ауылдың ардагері – Селищев Андрей Егорович» деп альбомдарын атап, атамyzдың соғыстағы ерліктері жайлы паш еткен. 7 «В» сынып оқушылары альбомдарын «Менің атам» деп атап, өз аталары Нуриманов Ақрам Абдулаұлының батыр екендігін дәлелдеген. Жеңістің Ұлы мерекесіне орай 8 «Б» сынып оқушысы Суярова Сайда «Ерлікке - тағзым» деп альбомын атай

отыра, атасы Бұхариден Серімовтың – Ұлы Отан соғысы ардагерінің өмір жолынан деректер жинап, атасы мен апасының Тәждік тойын, яғни қос қарияның шаңырақ көтергендеріне – 75 жыл толуына арналған салтанатты мәжілістен фото-суреттермен альбомын әшекейлеген, қос қарияның баларының ортасындағы суреттерін де альбомға өте сәтті орналастырған. 2 «В» сынып оқушылары әуе батыры – Луганский Сергей Данилович туралы, 3 «В» сынып Ұлы Отан соғысының батыры – Бабин Иван Васильевич жайлы, 5 «В» сынып Мәлік Ғабдуллинге арнап: «Ерлік жасау үшін туған» деген атпен альбом жасапты. 1 «А» сынып Кеңес одағының батыры Махмет Қайырбайұлы Қайырбаевқа арнап: «Жойылсын сол бір сөз, соғыс деген...» атты альбом, 1 «Ә» сынып Құдайберген Мағзұмұлы Сұрағанов туралы, 1 «Б» мен 1 «В» сыныптары «Ұлы жеңістің батыры» деген атпен альбомдарын Рақымжан Қошқарбаевқа арнаған. 3 «Б» сынып оқушылары «Батырлардың ерлігі өшпес» деген атпен өз альбомдарын Төлеген Тоқтаровқа арнаған. 4 «Б» сынып оқушылары Кеңес одағының батыры Әлия Молдағұловаға, 2 «А» сынып Ұлы Отан соғысының батыры Серікбай Мүткеновке, 6 «А» сынып Ұлы Отан соғысының батыры Тайшибаев Ғалымжанға, 4 «В» сынып Талғат Бегельдиновке, 6 «В» «Қолайсыз жағдайларға төзе білгендер» деген атпен альбом жасаған, тағы да Ұлы Отан соғысының батырлары Алимханов Сабихан, Иван Денисович Воружин туралы, Қанаш Камзин жайлы альбомдарын мереке қарсаңында әдемі безендіріп, батырлардың ерліктерін көрсете білген. Мектепте мерекеге орай әр сынып оқушылары ашық сынып сағаттарын өткізіп, бастауыш сыныптар әскери сап түзеп, әннен әскери шеруге дайындық үстінде. 10-сынып оқушылары қала бойынша өткізілетін парадқа дайындалуда. Осындай игі істермен мектеп оқушылары Ұлы жеңіс мерекесін қарсы алмақшы.

Мұқағали Мақатаевтың “Аманат” өлеңінде соғысқа аттанған әженің буыны бекіп, бұғанасы қатпаған ботасын нарға балап, мықты мият, құрыштай қуат тұтып, үйдің ендігі тірегі екенін ескертіп, еркек кіндік бас ие санайтындықтан, арман-аманатын табыстайды. Ол аманат - күйреген қарт әжені, қайғыдан бүк түскен шешені, шиеттей іні-қарындастарын асырау, қатардан қалдырмау, жадатып-жүдетпеу. Бұл бұрыннан бар ата дәстүр, қазақы салт-сана. Ертегілерде, батырлық жырларда ер-азамат жорыққа аттанғанда, іштегі туылмаған перзентіне, бесіктегі ұлына қол артып, медет қылатыны, жерінің тағдырын, елінің хандығын, мыңғырған байлығын, қаусаған әке-шеше, сүйген жар, дүние мүлік барлығын табыстайтыны бесенеден бар. Яғни берісі отбасылық, әрісі елдік, жерлік мәселелер жас жеткіншектің осылай өмір мұраты болып белгіленіп, өзектестірілетін. Сөйтіп ұлы міндеттер ұл мен қызды ұзақ жолға, үлкен сапарға алып шығатын. Осы тұжырымның, әкелік аманаттың, ұлттық элементтердің танымдық тапсырманың сілемі жатыр өлеңде.

Біз әдебиет пәнінен жыр алыбы – Жамбыл атаның да Алғадай атты ұлына шығарған өлеңін оқып, талдап, ақынның баласына деген махаббатының қандай екендігіне түсініп, таңдандық.

Ал менің өзегімді өртейтін мәселе: менің ұстазымның анасының арманы. Ол ардақты ана омырауына «Батыр ана» орденін таққан, он бала тәрбиелеп өсірген, кезінде еңбегі де бағаланып, «Еңбек ері» деген медаль иегері әкесін соғысқа шығарып салып, күні бүгінге дейін хабар күтуде өмір сүріп келеді. Алла жазса, сәуір айында сексеннің сеңгіріне шықпақ. Әкесін әскерге шығарып салғанда небәрі бес жаста ғана болған, бірақ көз алдына бүгінгі күні бәрін жақсы елестетеді. Ертіс өзенінің жағасында әкесін параходқа анасымен шығарып салған екен. Содан бүгінгі күнге дейін хабар күтуден жалыққан емес. Ал әкесі соғыстан оралмаған, хабар – ошарсыз кеткен.

Мен сияқты осы тақырыпқа көптеген оқушылар шығарма жазарын білемін. Дегенмен, менің осы шығармам қағыс қалмай (көп шығармалардың ішінде) Ардақты Ана биыл 9-мамыр мерекесіне әкесінің атынан сіздерден алғыс хат алса екен деймін. Ол ана – Адыкешова Ақбала, Павлодар облысы, Май ауданы, Ақжар ауылында тұрып жатыр. Сонда мен де өзімді бақытты сезінер едім. Сол ананың қызы – менің қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беріп, тіл мен әдебиеттің қыр-сырына үйретіп, тәрбиелеп келе жатқан ұстазым. Ол бізді анамызға деген махаббатқа шексіз кенелтіп, анасыз өмір сүру қиын екенін ұқтырды. Сондықтан мен ұстазыма өзімді қарыздармын деп санаймын. Менің осы шығармамдағы тілегім орындалса, мен қарызымның жартысынан құтылғандай сезініп, келесі шығарма сайыстарына ат салысып, міндетті түрде, қатысар едім. Алла тілегімді қабыл қылсын. Профессор Ахметова Ләйлә Сейсенбекқызының осы сайысты ұйымдастырғанына ризашылдығымды білдіремін.

Қырғын соғыс, қан жылатқан заман - ай ,
Халқым сиреп, талай қыршын қиылды - ай.
Жан түршігер ауыртпалық көрсек те,
Бар тілегім, ұрпағым болсын аман - ай.

Шнайдер Виктория

9 сынып, Қ. Оспанова атындағы
№3 жалпы білім беретін орта мектебі
Качир ауданы
Жетекшісі: Мухаметкалиева С.Қ.

«Бейбітшілік» деген - нұрлы сөз. Жанымызға жылылық сыйлап, көңілімізге бақыт ұялататын қастерлі ұғым. Бейбіт өмірге бұл дүниеде еш нәрсе тең келмейді. Бір кезде еліне шұрайлы қоныс, жерұйық іздеген Асанқайғы бабамыз да қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын бейбіт күнді аңсаған еді. Атамыздың бұл арманы орындалып, халқымыз бірлігі жарасқан, тату-тәтті мемлекетте, тәуелсіз Қазақстан Республикасында, бейбіт өмір кешіп жатыр. Қазақстандықтар бейбіт күннің қадірін жақсы түсінеді. Себебі өшпестей із қалдырған Ұлы Отан Соғысы әлі де еліміздің жүрегінде әрі есінде. Дүниені жаулап алмақ болған «фашизм» деген зұлымдыққа қарсы тұрған білгірлер мемлекет, сан миллиондаған адамдардың тілегі бір болатын. Ең ауыр да қиын төрт жыл бойы абыроймен ел қорғаған батырлар, тылда қызмет еткен аталар мен әжелер, аналар мен балалар әр минут, әр сағат сайын жеңісті аңсаған еді.

Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Жеңіске жету жолында миллиондаған азаматтар қаза болды. Жаумен шайқасып ерліктің ерен үлгілерін көрсетті. Ана баласын, жарын жоғалтып, бала әкесінен, анасынан айырылып, жетім атанды. Фашистердің тұтқынында қаншама ана мен бесіктен белі шықпаған балалар соғыстың қасіретін арқалады. Бірақ ешкімнің сағы сынбады. Бұл халық рухының, ел жігерінің мықтылығын білдіреді.

Биыл Ұлы Отан Соғысы басталуының 75 жылдығы болса, Ұлы Жеңістің 71 жылдығы. Жеңіс үшін барлық халықтар біріге, жұмыла отырып әрекет етті. Бұл соғысты қайсар жүректер, батыл білектер, шыдамды әрі төзімді мінездер жеңді. Бір мақсат, бір мүдде үшін күрескен азаматтар жеңді.

Отанын қорғау ең негізгі парызы деп білген, жанын аямаған қазақстандық қаһармандарымыздың ерлігі де барлық дүниеге аян. Рейхстагқа ең алғаш болып ту тіккен Рахымжан Қошқарбаев, «Шегінуге хақымыз жоқ, артымызда Мәскеу» деп ерлік көрсеткен Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлы, Шығыстың қос жұлдызы - Әлия мен Мәншүк апаларымыз, әуе кеңістігін жаудан қорғаған Кеңес Одағының екі мәрте батыры Талғат Бигелдинов, әйгілі партизан атанған Ұлы Отан Соғысының ержүрек батыры Қасым Қайсенов және тағы да басқа ерлерімізді мемлекетіміз мақтан тұтады. Адамның баласы бола білген бұл қаһармандардың ерліктері еш уақытта ұмытылмақ емес.

Оңайлықпен келмеген Ұлы Жеңісті, Отан үшін жанын пайда еткен батырларымыздың ерлігін құрметтеу әр жас ұрпақтың парызы деп білемін.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Ата - бабаларымыз аманат еткен Жеңісті сақтау, бейбітшілікті қастерлеу біздің қолымызда. Мен өзімнің бейбіт еліме ғасыр ақынымыз Мұқағали Мақатаев жырлап кеткендей тыныштықты ғана тілеймін.

Қайырлы түн!
Жер - Анам,
Көк аспанды жамыл да,
Таңға дейін дін аман,
Тәтті ұйқыда дамылда.

...Шамыңды өшір,
Түсіре ғой перденді,
Қайырлы түн алып Жер!
Дүбірлетіп сенің ұлы кеуденді,
Таптамасын танктер.

Қайырлы түн,
Ақ аспан,
Алып жерді төсен де,
Боз көрпенді айқара жап иыққа.
Сенің нұрың тыныштықпен жарасқан.